

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 811.581+811.512.122 (043)

Қолжазба құқығында

АНИПИНА АЛИЯ КАРКЕНОВНА

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері

6D021000 – Шетел филологиясы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер

Отандық кеңесші:
PhD, қауымдастырылған
профессор (доцент) Ф. Оразақынқызы

Шетелдік кеңесші:
PhD, профессор Г.Фидан
Түркия, Анкара қаласы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ КӨРІНІСІ	13
1.1 Мақал-мәтелдердің тілдік бірлік ретіндегі сипаттамасы: теориялық аспектілері	13
1.2 Шетел филологиясындағы мақал-мәтелдердің лингвопрагматикалық сипаты	26
1.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер – мәдениаралық коммуникация концептісі	43
Тарау бойынша түйін	55
2 МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	57
2.1 Әлемнің тілдік бейнесіндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері.....	57
2.2 Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің композициясы	67
2.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің көркемдік айқындаушы құралдары	76
Тарау бойынша түйін	81
3 ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАРЫН САЛҒАСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ	83
3.1 Қытай және қазақ тілдерінің мәдени коннотациясы аспектісіндегі мақал-мәтелдердің салғастырмалы талдауы.....	83
3.2 Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымдық-семантикалық талдауы	99
Тарау бойынша түйін	105
ҚОРЫТЫНДЫ	108
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	110
ҚОСЫМШАЛАР.....	120

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Актуализация – сөзде тілдік элементтердің потенциалды қасиеттерін пайдалану және сол тілдік жағдайдың тәртібіне оларды бейімдеу.

Аллитерация – дауыссыз дыбыстардың қайталанып келуі арқылы әдеби тілді көркемдеп, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл.

Анафора – сөйлеуде әр параллельді элементтің бастапқы сөзі қайталанатын сөйлеу пішіні.

Әлемнің аңғал бейнесі белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың материалдық және рухани тәжірибесін көрсетеді; ол ғылыми суреттен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, ол ешқандай жағдайда тілге тәуелді емес және әр түрлі халықтарға ортақ болуы мүмкін. Аңғал сурет белгілі бір тарихи дәуірде өзекті болып табылатын белгілі бір ұлттың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерінің әсерінен қалыптасады, тілде - оның сөздері мен формаларында көрінеді. Белгілі бір мағынаны білдіретін сөздерді сөйлеуде қолдану, белгілі бір тілде сөйлеуші, әлемнің белгілі бір көзқарасын түсінбестен қабылдайды және бөліседі.

Верификация – нақтылы өмірмен эмпирикалық салыстыру арқылы әлеуметтік нысанның шынайылығын тексеру. Верификация әлеуметтік болжамдарды ғылыми тұрғыдан негіздеу процесінде аса маңызды орын алады. Верификация нәтижесінде олар не дәлелденеді, не теріске шығарылады. Статистикалық және басқа да әдістермен бірге қолданылады.

Генеративті бағыт – формалды бағыттардың бір тармағы. Генеративтік лингвистика тілдегі белгілі бір типтің формалды үлгісін жасауға бағытталған. Генеративтік лингвистика үшін типтің формалды үлгісінің негізі трансформациялық туындаушы грамматика, яғни генеративті грамматика болып табылады.

Денотаттық мағына – сөздің ақиқат дүниемен, ондағы заттармен, құбылыстармен байланысып жататын мағына, яғни шынайы мағына.

Квинтэссенция – ең маңыздысы, ең татымдысы, бір нәрсенің негізі.

Мақал – әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, өлеңді өрнекпен немесе шешендік қара сөзбен айшықталған, қысқа да нұсқа айтылатын тұрақты тіркес.

Мәтел – ой пікірді бейнелеп, тұспалдап, ишаралап бейнелейтін тұрақты тіркес.

Морализаторлық – адамгершілікті қатаң уағыздау; адамгершілікке тән қасиет.

Номинативті сөйлем – сөйлемде бастауыш зат есім немесе етістік (есімше) болуына қарай бір-бірінен әрі грамматикалық сипаты жағынан, әрі функциясы жағынан ерекшеленеді.

Окказионал сөздер – автордың контексте қолданылатын сөзжасамдық үлгілерге сәйкес сөз тудыру арқылы жасалған жеке авторлық сөздері мен тіркестері.

Рифма – үйлесім, өлеңнің соңғы сөздеріндегі буын мен дыбыстардың ұйқасып келуі, үйлесімділігі.

Семантика – сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді.

Семантикалық вариация – көп мағыналылық дегенді білдіреді.

Силлабо-тоникалық өлең жүйесі – екпінсіз буын мен екпінді буындардың кезектесіп келуі.

Слабикалық әдіс – дауысты дыбыстардың дауыссыз дыбыстармен тіркесуі.

Сөз сыналау – сыналау, сыналап енгізу, сыналап кіргізу; сөз кірістіру, қыстыру.

Эвфония – аллитерация, ассонанс және тағы басқа дыбыстық қайталаулардың түрі, түрлі фонетикалық амалдардың тілдік формаларда жинақталып үндесуі.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. ХХІ ғасырда филология ғылымында тіл тек қатынас құралы ретінде емес, ұлттың мәдени коды, мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда адамның ойлауы мен халықтың рухани өмірімен байланысты тілдік құбылыстардың әлеуметтік рөлі маңызды. Әрбір халықтың тарихы, мәдениеті, әлеуметтік өмірі белгілі бір этностың әлемдік мәдени-тілдік бейнесін, ұлттық менталитетін анықтайды. Филология тілдік талдау арқылы әртүрлі халықтардың рухани мәдениетін және өзін-өзі тану құралы қызметін атқарады.

Бұл көзқарасты И.А.Бодуэн де Куртене, В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер секілді жалпы тіл білімінің көрнекті ғалымдары ХІХ ғасырдың аяғында ұстанып, бірқатар өзекті мәселелерді анықтады. Сонымен, И.А.Бодуэн де Куртене ұлттық тілдің призмасы арқылы халық дүниетанымының ерекшеліктері туралы былай деп жазды: «Тілде, яки адамның сөйлеуінде жеке тұлғалардың немесе адамдардың тұтас топтарының әртүрлі дүниетанымы мен көңіл-күйі бейнеленеді...» [1]. Вильгельм фон Гумольдт адам тіл арқылы халықтың мәдениетін түсіне алады деп есептеген: «Әртүрлі тілдер бір заттың әр түрлі белгіленуі емес, әртүрлі көзқарастарды білдіреді. Тілдердің алуан түрлілігі арқылы дүниетанымымызды кеңейте аламыз...Тіл әрқашанда тұтас бір халықтың бірегейлігін бейнелейді» [2]. Лео Вайсгербер әр тілдің өзіндік ерекшелігін сипаттай отырып былай деп жазды: «... тілдердің көптігі – адамның сөйлеу қабілетін жүзеге асыру жолдарының көптігі, ол адамзатқа әлемді көру түрлерін қамтамасыз етеді» [3].

Әртүрлі тілдердің филологиялық зерттеулері және олардың ұлттық болмыстың қалыптасуына әсері шетел филологиясымен қатар жүргізілуде. Мәдениетаралық қарым-қатынастың негізі ретінде шетел филологиясы мәдениетаралық өзара әрекеттестік пен түсіністікке ықпал ете отырып, тілдік және мәдени кедергілерді түсінуге және жеңуге көмектеседі. Шетел филологиясы зерттеудің әртүрлі бағыттары мен әдістерін қамтиды: мәдени, мәдени-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы.

Қоғамның ілгерілеуімен, экономиканың дамуымен және филологиядағы халықаралық мәдени алмасулардың жиілігімен бірге тіл мен мәдениеттің байланысын орнатуға бағытталған зерттеулер де артып келеді. Мәдениетаралық коммуникация процестерін зерттеуге және олардың теориялық түсінігіне қызығушылық ең алдымен әртүрлі халықтардың мәдениетаралық өзара әрекеттесуіне негіз беретін жаһандану әсерінен пайда болды.

Соңғы жылдары Қазақстан мен басқа елдер арасындағы қарым-қатынас мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Елдер арасындағы тығыз ынтымақтастық ғылыми-техникалық, инновациялық және іскерлік байланыстарды бірлесіп дамытуды көздейді. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытайдың әртүрлі салалардағы ынтымақтастығы белсенді дамуда, сондықтан тілде бекіген жалпы

және ұлттық лингвомәдени ерекшеліктерді зерттеу және түсіну мәдениетаралық өзара әрекеттестік актілерін неғұрлым тиімді құруға мүмкіндік береді, нәтижесінде халықаралық қатынас пен бизнесте жоғары деңгейдегі коммуникативтік табысқа жетуге негіз бар.

Қазіргі әлемде шекаралардың ашылуына және көптеген мемлекеттермен халықаралық қарым-қатынастарды жүзеге асыру мүмкіндігіне байланысты кез келген қоғам көптілді болуда және бірнеше тілді білу құпталуда, бұл көптеген ұлттармен сәтті байланысуға мүмкіндік береді. Бұл факт филология ғылымында да көрініс тапты. Қазір филологтар бір уақытта бірнеше тілді үйренуге көңіл бөлуде, тілдерді зерттеу процесінде салғастырмалы талдаудың рөлі артты. Өртүрлі тілдерді зерттеу барысында ғалымдар белгілі бір тілдік құралдарды қолданудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауды мақсат етеді.

Қытай және қазақ тілдерінің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде зерттеу барысында, олардың тілдік және мәдени ерекшеліктері айқындалады, салғастырылатын тілдердің көркемдігі көрінеді, қазақ және қытай халқының салт-дәстүрі, «ұлттық мінездің» ерекшеліктері мен қытай және қазақ лингвомәдениеті өкілдерінің мінез-құлық стереотиптері таныстырылады, жалпы мәдениетаралық қарым-қатынас пен ұлтаралық түсіністікті оңтайландыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта қытай тілі бірте-бірте халықаралық тіл мәртебесіне ие болып, жаһандану және мәдениетаралық қарым-қатынас тіліне айналып келе жатқанын ескеретін болсақ, мемлекетаралық қарым-қатынастардың нығаюы тұрғысынан қытай тілін – ресми көрші Қытай Халық Республикасының тілін ана тілімізбен салғастырмалы түрде зерттеу маңызды екені даусыз.

Екінші жағынан, Қазақстанның басқа елдермен әлеуметтік, экономикалық, әріптестік қарым-қатынастарының кеңеюі басқа елдер өкілдерінің қазақ мәдениеті мен халқына, қазақ тіліне, тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының күн санап артуына алып келеді. Еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаев «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттеріне берген алғашқы сұхбатында: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың бүкіл тарихы, бүкіл тағдыры – тілімізде» деген болатын [4]. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп, пысықталған, түрленген қазақ халқының мақал-мәтелдері халықтың ауызша сөз өнерінің мол мұрасы.

Кез келген елдің ұлттық мәдениеті мінез-құлық, тұрмыс-тіршілік, дүниетанымдық ерекшеліктер иеленген мақал-мәтелдерде көрініс табады. Мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың мәдениетінің бір бөлшегі бола отырып, тілді жетік білуге ғана емес, халықтың ой-өрісін, мінез-құлқын жақсырақ түсінуге ықпал етеді, халықтың өмір сүру ортасына үңілуге мүмкіндік береді, әлемге сол тілде сөйлеушілердің көзімен қарауға мүмкіндік береді. Басқа тілдің мақал-мәтелдерін оқып-үйрену арқылы өз ана тілін жақсы түсінуге, оқытылатын тілдің тілдік, сөйлеу, коммуникативті ғана емес, сонымен қатар мәдени кедергіні де еңсеруге, өз мәдениетіне және басқа мәдениетке құрметпен қарауға мүмкіндік береді. Лингвомәдени фактілерді білу негізінде төл

мәдениетімізді зерттеліп жатқан тіл мәдениетімен байланыстыруға мүмкіндік береді, қазіргі Қазақстанның саяси басымдықтарының бірі болып табылатын тілдер мен мәдениеттер диалогының тең құқылы қатысушысы болуға ықпал етеді.

Соңғы жылдары отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде мақал-мәтелдерге талдау жасау негізінен мақал-мәтелдердің бастапқы және қазіргі түрлерінің сәйкестігі, олардың басқа тілдерге аударылу тәсілдері секілді аспектілеріне қатысты. Біздің зерттеуімізде мақал-мәтелдер лингвомәдениеттану тұрғысынан мәдени-тілдік белгі ретінде, мәдени маңызы бар құбылыстарды бекіту нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Мақал-мәтелдер халықтың естелігін, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, көзқарасын, ақындығы мен даналығын, орынды сөз өнерін, әлемнің өнегелі-құндылық интерпретациясын көрсететін тілдің «мәдени» қабаты болып танылады. Мақал-мәтелдер ана тілінде сөйлеушілердің тілдік санасында үлкен рөл атқарады, өйткені олар ұлттың әлемдік тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне еруге мүмкіндігі бар. Кез келген ана тілінде сөйлеуші өзінің төл мәдениетінің тасымалдаушысы болып табылады, осыған орай тілдік белгілер мәдени белгілердің қызметін атқара отырып, сол арқылы сол тілде сөйлеушілердің мәдени және ұлттық менталитетін сипаттаушы қызметіне ие болады.

Мақал-мәтелдерден бөлек, ұлттық сананың өзіндік ерекшелігі басқа да паремиологиялық құрылымдарда көрініс табады. «Паремия» — мақал, мәтел, белгі, наным-сенім, жұмбақ, бал ашу, тілек, әзіл, тапқыр сөз секілді шағын фольклор түрлеріне арналған жалпылама ұғым. Дегенмен, көбінесе «паремия» «мақал-мәтел» тіркесінің синонимі ретінде қолданылады. Бұл бірліктер, бір жағынан, ана тілінде сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынас процесін қамтамасыз ететін, екінші жағынан, белгілі бір халықтың әлемінің тілдік бейнесін сипаттайтын семиотикалық қосалқы жүйені құрайды.

Тілдің паремиологиялық қоры әртүрлі халықтардың менталитеті мен мәдениетінің ерекшеліктерін нақты бағалау және түсіну үшін лингвомәдени құндылыққа ие. Паремиологиялық зерттеулер халықтың ұлттық бейнесін, соған сәйкес құндылықтар жүйесін, этикалық қағидалары мен психологиясын анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген халықтың мәдениеті мен тілінде әмбебап (жалпыадамзаттық) және ерекше ұлттық мағыналар болады. Мақал-мәтелдердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін салғастырмалы зерттеу салғастырылатын тілдер мен тілдік мәдениеттердегі жалпыадамзаттық және ұлттық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Отандық тіл білімінде жекелеген тілдердің мақал-мәтелдеріне арналған зерттеулер жеткілікті, бірақ әлі де болса қытай және қазақ тілдерінің мақал-мәтелдерін лингвомәдени контексте салғастыра зерттеу жұмыстарының жетіспеушілігін байқаймыз.

Диссертациялық зерттеу жұмысы қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени семантикасына арналған алғашқы арнайы

зерттеулердің бірі болып табылады. Зерттеу жұмысында қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін салғастыру арқылы лингвомәдени семантиканың толық және барабар берілу дәрежесі айқындалады. Қазақ және қытай мақал-мәтелдерін салғастыра зерттеу қазақ және қытай ұлттарының ұлттық сипатын, салғастырылатын екі тілдің лингвистикалық дәстүріндегі айырмашылықтарды көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі туыс емес екі тілдің қазақ және қытай тілдерінің мақал-мәтелдерін лингвомәдениетпен салыстыра зерттеумен байланысты, бұл екі халық әлемінің тілдік бейнесіндегі жалпыадамзаттық және ұлттық ерекшеліктерді зерттеуге мүмкіндік ашады.

Қазақ және қытай қоғамдары арасындағы мәдениетаралық байланыстың белсенді дамуы, олардың әртүрлі лингвомәдениет өкілдерінің ұлттық тұлғасын зерттеуге деген қызығушылығы қытай және қазақ мәдениет өкілдерінің мәдениетаралық қауымдастығы тұрғысынан қажеттіліктің артуымен түсіндіріледі. Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және әлеуметтік-мәдени диалогты дамыту жағдайында өзара түсінісу, төзімділік категориялары маңызды. Осы параметрлер негізінде тілде бекітілген бірліктерде (мақал-мәтелдерде) көрініс тапқан әр халықтың өзіндік ұлттық сипатын білу нәтижелі диалог құруға септігін тигізеді.

Зерттеу нысаны. Туыс емес тілдер тобына жататын қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени жүйесі.

Зерттеу пәні. Қытай және қазақ тілдері мақал-мәтелдеріндегі әлемнің тілдік бейнесіндегі жалпы және айрықша белгілер.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Зерттеу жұмысының **мақсаты** – қытай және қазақ тілдері мақал-мәтелдеріндегі ұлттық дүниетанымның бейнесін анықтау және осы арқылы қытай және қазақ халықтарының лингвомәдениеттеріндегі ұқсас және айрықша белгілерді көрсету.

Аталған мақсат осы жұмыста келесі **міндеттерді** қою және оларды шешу арқылы жүзеге асырылады:

- зерттеудің теориялық негізін сипаттау, бастапқы ұстанымды және жұмыс ұғымдарын анықтау (мақал, мәтел, әлемнің тілдік және паремиологиялық бейнесі, лингвомәдени әлеует, стереотиптік көріністер), қытай және қазақ мақал-мәтелдерін зерттеудің теориялық негіздерін зерделеу;

- лингвомәдени талдау үшін паремиологиялық сөздіктерден екі тілдің мақалдары мен мәтелдерін іріктеу және қытай және қазақ мақал-мәтелдерін вербалданған стереотиптік идеялар тұрғысынан жіктеу;

- мақал-мәтелдерді ұлттық болмыстың ерекшелігін көрсететін лингвомәдени бірлік ретінде зерттеу;

- қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лексикалық-семантикалық ерекшеліктерін анықтау және олардың белгілі бір тілдік мәдениетте сөйлеушілерге қаншалықты жеңіл түсінікті екендігін ескере отырып жіктеу; қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымдық-

грамматикалық және функционалдық-стильдік ерекшеліктерін айқындайтын тілдік және мәдени құбылыстарды талдау;

- лингвомәдени танымды сипаттайтын қытай мақал-мәтелдерінің лингвомәдени мүмкіндіктерін анықтау;

- қарастырылып отырған екі тіл әлемінің тілдік бейнесінің фрагментіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау;

- паремияның қос тілдік бейнесінің және лексико-грамматикалық көрінісінің ерекшеліктерін анықтау.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер.

Мақал-мәтел бірнеше ғылымдар тоғысында қарастырылатын әмбебап категория болғандықтан, көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің тарихи даму үдерісін анықтау үшін салғастырмалы-типологиялық әдіс; «мақал» және «мәтел» ұғымдарының философиялық мәні мен тілдегі логика-семантикалық құрылымын анықтау, ұлттық таным тұрғысынан зерделеу үшін компонентті талдау әдісі; мақал-мәтелдердің функционалды – семантикалық өрісін түзу үшін жүйелеу әдісі; мақал-мәтелге қатысты ассоциациялардың санын анықтау, шынайылығы мен сәйкестігін белгілеу үшін эксперимент әдісі қолданылды.

Тақырыптың зерттелуінің әдіснамалық негізі ретінде отандық зерттеушілердің тұжырымдары алынды: Ә. Қайдар, А.Б. Салқынбай, Р.А. Авакова, Ф.Н. Даулет, Г.Н. Смағұлова, Ф. Оразақынқызы, Ө. Тұрманжанов, Б. Қалиев, Ә. Хасенов, Ж. Асықова, Н. Уалиұлы, Д. Балабекұлы, А.В. Шормакова, Э.Н. Оразалиева, А. Алдашева, С.М. Керимова зерттеулері мен еңбектері басшылыққа алынды.

Шетелдік ғалымдардан Л.С. Васильев, Е.И. Зиновьева, Ю.Д. Апресян, М.Е. Кравцова, Н.А. Спешнев, И.Р. Кожевников, И.В. Вайцехович, И.Г. Баранов, А.С. Мартынов, Б.Л. Рифтин, В.Н. Телиян, С.В. Зинин, М.В. Крюков, В.А. Курдюмов, И.С. Лисевич, Ю.А. Антонова, В.И. Даль, Г.Л. Пермяков, В.П. Аникин, С.Ю. Сизов, Н.Т. Федоренко, Е.В. Иванова, У.Н. Решетнёва, Я.А. Журавлева, Лю Чаоцзе, Тан Аошуан, Чжао Чжицянь, Лу Шусян, Вэн ДуаньЧжэн, Цун Япин, Ли Ханвен, Цзин Вэй, Хоу Пу, Ма Лун еңбектері басшылыққа алынды.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы қазақ және қытай тілдерінің паремиологиялық қорындағы әмбебап және ұлттық ерекшеліктерді ашуда жатыр. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен пайымдаулар белгілі дәрежеде қытай және қазақ тілдерінің лингвомәдени бағытын зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздерін толықтыруға ықпал етеді. Диссертацияның нәтижелері кейінгі салғастырмалы және диахрондық зерттеулерге негіз бола алады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде (атап айтсақ, қытай аудиториясында), сондай-ақ қытай тілін

қазақ аудиториясында оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндігіне ие; лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, фразеология және паремиология бойынша лекциялық курстарды оқу кезінде; лингвомәдени және қос тілді сөздіктерді құрастыру тәжірибесінде; аударма тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет қазақ және қытай мақал-мәтелдері лингвомәдени әлеует тұрғысынан кешенді түрде салғастырыла зерттелді; әлемнің ұлттық-тілдік бейнесінің құрамдас бөліктері, тілдік және ұлттық-мәдени ерекшеліктер жүйелі және дәйекті түрде қарастырылды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының жаңалығын айқындайтын келесі ғылыми нәтижелерді ұсынады:

- қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер ұлттық менталитет дүниетаным, ұлттық бірегейлік, мәдениет тұрғысынан алғаш рет ғылыми бағытта талданды;

- қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің компоненттік құрылымы талданды;

- мақал-мәтелдердің қытай және қазақ тілдеріндегі сөздіктерде түзілуін анықтау, олардың түрлі сөздіктерде берілу жолдары көрсетіліп, статистикалық сараптама жасалды;

- салғастырылған тілдердегі мақал-мәтелдердің мағынасы мен ұлттық болмысты бейнелейтін ішкі мәні лингвомәдени және концептуалдық тұрғысынан қарастырылып, мәдениаралық коммуникациялық қызметінің ерекшеліктері кешенді түрде сараланды;

- мақал-мәтелдер мазмұнындағы қытай және қазақ халықтарының дүниетанымындағы көрінісі нақты дереккөздермен ғылыми тұрғыда алғаш кешенді зерделеніп, екі тілдегі тілдік деректер салғастырылды, бірінші рет ғылыми-теориялық тұжырымдар жасалды;

- қытай және қазақ халықтарының мақал-мәтелдеріндегі түрлену әдістеріне алғаш рет семантикалық және коннотациялық тұрғыдан ғылыми талдау жасалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. Қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің қызметін лингвомәдениеттану аспектісінде зерттеу әдістемесі үш кезенді қамтиды: мақал-мәтелдердің мәдени кеңістікке ену жолдарын зерттеу; қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің когнитивтік және метафоралық сипаттамаларын зерттеу; екі тілдегі мақал-мәтелдердің сөйлеудегі қызметін талдау.

2. Қытай және қазақ мақал-мәтелдерін мәтіндерге енгізгенде лексика-семантикалық түрлендірулер байқалады: лексикалық компоненттердің ауыстырылуы, толықтырылуы және түсіп қалуы, сондай-ақ мақал-мәтелдің құрамдас бөлігінің ауыстырылуына және толық ауыстырылуына әкелетін паремиологиялық ластанулар орын алады.

3. Дискурста қызмет ететін қытай және қазақ мақал-мәтелдері жоғары когнитивтік және метафоралық әлеуетімен ерекшеленеді, бұл бірліктердің әлеуметтік-мәдени ортаға тиімді бейімделуіне мүмкіндік береді.

4. Лингвомәдениеттануда қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің қызметінің ерекшелігі олардың қытай және қазақ тілдеріндегі мәтіндерде ғана емес, сонымен қатар кеңірек тақырыптағы материалдарда (экономика, саясат, қоғамдық өмір, мәдениетаралық өзара әрекеттестік, спорт, білім беру тақырыптары) екі елдің мәдениетін сипаттайтын мүмкіндіктер айқындалды.

5. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің құрамындағы тілдік-мәдени компоненттер сол тілдердегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени сипатын ашады.

Ғылыми жұмыс жоспарымен байланысы. Диссертация Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы) қойылған «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты бесінші міндетіне, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 Қаулысы) қойылған «Мемлекеттік тілді дамытуға жағдай жасау» атты екінші міндетіне сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Ғылыми жұмысты жазу барысында келесі дереккөздерден алынған сөздіктердің мақал-мәтелдері басшылыққа алынды: 温端政, 王樹山, 沈慧芸. 谚海. (Вэнь Дуаньчжэн. Ван Шушань. Шэнь Хуэйюнь. Мақалдар. (17023)) [5]; 温端政. 中国俗语大辞典. (Вэнь Дуаньчжэн. Қытай мәтелінің үлкен сөздігі.(15000)) [6]; 郑宏峰.姜瑞良.中华谚语. (Чжэнь Хунфэн, Цзян Жуйлян. Қытай тілінің мақал-мәтелдері) [7]; 呼志强. 中国人应该知道的民谚俗语. (Ху Чжицян. Қытайлықтар білу керек ұлттық мақал-мәтелдер. (800)) [8]; 李翰文. 俗语谚语词典. (Ли Ханьвэнь. Қытай мәтелдері жайлы үлкен сөздік) [9]; 美拉特汉.哈汉谚语词典. (Милатхан. Қазақ-қытай мақал-мәтел сөздігі (3200)) [10].

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер сөздіктерінен: «Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. 65 том» (6052) [11]; «Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. 69 том» (5367) ([12]; Ж. Асықова. Қазақ мақал-мәтелдері (1000) [13]; Ж. Кейкін. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі [14] қолданылды.

Зерттеу материалдары ретінде қытай тіліндегі мақал-мәтел сөздіктерінен 300 тілдік бірлік және қазақ тіліндегі мақал-мәтел сөздіктерінен 200 тілдік бірлік қарастырылды.

Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлдануы.

Зерттеу тақырыбы бойынша авторлар бірлестігі барлығы тоғыз ғылыми еңбек жариялады. Оның төртеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, бір мақала Scopus деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда, төрт мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланды. Сонымен қатар, екі

авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігі алынды.

1. A national cultural peculiarity of suffix word formation // XLinguae. 16. 236-245. 10.18355/XL.2023.16.01.18.

2. Proverbs in the representation of the linguistic picture of the world: theoretical analysis of the problem // International Journal of Psychosocial Rehabilitation, Vol.24, Issue 09, 2020.

3. Қазақ университеті баспасы. Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мәдени сипаты // «Орталық Азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, 19 қараша 2019 ж. Алматы. 76-79 бб.

4. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің грамматикалық құрылымы // ҚазҰУ хабаршысы, «шығыстану» сериясы, №95 том, №4 (2020) 55-61 бб.

5. Қытай тілі сабағындағы мақал-мәтелдің рөлі // Қазақ университеті баспасы. «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» атты 50-ші ғылыми-әдістемелік конференциясы, 2020 ж.

6. Тіл – мәдениет көрінісі // ҚазҰУ хабаршысы, «шығыстану» сериясы, том 90, №3 (2019) 163-168 бб.

7. Мақал-мәтелдерді классификациялау принциптері // ҚазҰУ хабаршысы, «шығыстану» сериясы, том 89, №2 (2019) 208-216 бб.

8. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы, «шығыстану» сериясы, том 88, №1 (2019) , 197-206 бб.

9. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымы // «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 6-8 сәуір, 2020 ж.

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігі:

1. Қытай мақалдары мен мәтелдерінің композициялық құрылысы. 10.05.2023ж. №35513.

2. Қытай мақалдары мен мәтелдерінің көркемдік айқындаушы құралдары. 03.05.2023 ж. №35383.

Диссертация жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

1 МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ КӨЗІ

1.1 Мақал-мәтелдердің тілдік бірлік ретіндегі сипаттамасы: теориялық аспектілері

Қытай тілінде 谚语 (мақал), 俗语 (мәтел) халықтың ауызекі сөйлеуінен шыққан нақыл сөздер, ұзақ тарихи кезеңді қамтиды. Б.з.д. 221 жылға дейін Шаншу (尚书) кітабында Чжоу Гун (周公) [5] алғаш рет мақал-мәтелдерге анықтама берген, ол «мақал - халықтық нақыл сөздер» деп атап көрсеткен. Чунцю кезеңінде (б.э.д. 771-475 жж.) және соғысушы патшалықтар кезеңінде (б.э.д. 453-221 жж.) шенеуніктер мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы император алдында өздерінің пікірін мәнерлі түрде жеткізген. Сол кезеңде Цзо Цюмин «左传» (Цзо пікірлері) [6] кітабында «мақал-мәтелдер - бұл халықтың әдет-ғұрпы туралы сөздер» деп атап кеткен (Цзо Цюмин б.з.д. 403-386 жж.), 121 жылы қытай зерттеушісі Сюй Шен өзінің «说文解字» [7] қытай иероглифтерінің алғашқы сөздігінде «Мақал – дақпырт; лақап сөз; қаңқу» деп атап өтеді. Сун (420-479 жж.), Юань (1280-1367жж.), Мин (1368-1644жж.), Цин (1644-1911 жж.) әулеттерінің патшалығы кезінде қытай тілінің мақал-мәтелдері жинақтары жарық көре бастады, бұдан басқа мақал-мәтелдер көбінесе «Қызыл сарай түсі» романы «红楼梦 Hónglóumèng», «Су бойында» романы «水浒传 Shuǐhǔ zhuàn», «Конфуцийшілердің бейресми тарихы» «儒林外史 Rú lín wàishǐ» және т.б. көркем мәтіндердің шырайын ашқан.

Қазіргі кезде мақал-мәтелдерді көптеген қытай лингвистері зерттеуде, мысалы, Ваң Шугуй (王书贵) [8], Ван Сии (王思义) [9], Вэнь Дуаньчжэң (温端政) [10], Дуан Пин (段平) [11], Ду Цзюньсяо (杜峻晓) [12] және т.б.

Ваң Шугуй ойынша «мақал-мәтелдер» –лаконикалық және мағынасы терең бірлік, олар халық даналығының ұйытқысы.

«Мақал-мәтелдер құрылымы бойынша әдетте күрделі сөйлемдер болып табылады»- деп атап өтеді Дуан Пин. Ол қытай мақал-мәтелдерін қытай халық әдебиетінің жанры, халық өмірімен тығыз байланысты деп есептейді. Ду Цзюньсяо мен Ван Сии мақал-мәтелдер тек ауызекі сөйлеуде қолданылады деп санайды. Люй Шусян (吕叔湘) мақал-мәтелдердің маңыздылығы – олардың бұқаралық сипатта болуы деп көрсетеді. Оның «Мақал-мәтелдердің ұлы сөздігі» [13] атты еңбегінде қытай тіліндегі мақал-мәтелдер өзара мағыналық және синтаксистік бірлік, олар көпмағыналы, астарлы мағына, екі мағына иеленеді делінген. «Мақал-мәтелдер көбінесе екі бөлікке бөлінеді, кейде олардың бөліктері қатар қолданылады. Оларға тән нәрсе – жеке есімдіктердің болмауы (жалпыланған сипат), лексикалық қайталанулардың болмауы. Қытай халқының мақал-мәтелдері әрқашан мәнерлі, олардың құрылымында аллегориялық бейнелеудің формаларын (салыстыру, метафора, дараландыру) әрқашан ажыратуға болады. Олар негізінен ауызекі сөйлесу кезінде, сондай-ақ кейіпкердің сөйлеу ерекшеліктерін жеткізе отырып, әдеби-көркемдік мәнерде қолданылады» [14].

Вэн Дуанчжэн мақал туралы былай сипаттаған: 1) мақал терең философиялық мәні бар, қытай ұлтының даналығының көрінісі; 2) кейбір мақалдар қытай ұлтының дәстүрлі идеяларын білдіреді; 3) мақал халықтың өмірлік тәжірибесі мен сол тәжірибенің нәтижесін білдіреді. Сонымен қатар, Вэн Дуанжэн қытай мақалының құрылымы бойынша екі түрін көрсетеді: параллельді және параллельді емес өрнектер. Параллель құрылымды мақал лексика-семантикалық, грамматикалық және сандық параллелизмге негізделген екі бірдей бөліктен тұрады. мысалы, «*是什么病, 这样的药物, 并接受*» (*Shì shénme bìng, zhèyàng de yàowù, bìng jiēshòu*) – қалай ауырсаң, солай емдел. Параллельді емес құрылым әртүрлі құрылымдық модельмен беріледі, мысалы: «*谁也无法入睡, 在床上曲线*» (*Shuí yě wúfǎ rùshuì, zài chuángshàng, qūxiàn*) – ұйықтай алмай жатқан адамның төсегі қисық. Вэн Дуанжэн мақалдың мазмұны бойынша келесі жіктеуді ұсынады:

Кесте –1 Қытай мақалының жүйесі

Қытай мақалы		
Философиялық	көпшілікке арналған мақал-мәтелдер (сатиралық және мақтаушы)	«идеологиялық оқыту» нақыл сөздері
агрономиялық	метеорологиялық	тұрмыстық
орман шаруашылығы	мал шаруашылығы	
Табиғат	су, жер, орман, тау, күн және т.б.	
Өндірістік	өндіріс саласына қатысты мақалдар	жергілікті мақалдар
адамзат	Іс әрекеті, ақыл, ой, мінез-құлық	тәрбиелік мән
Жануарлар	Барлық түрлері	

Кесте – 2 Параллельді құрылым бойынша қытай тіліндегі мақалдың қазақ тіліндегі түсіндірмесі.

№	Қытай тіліндегі мақал-мәтел	Қазақ тіліндегі аудармасы
1	人心但存善, 百福降家庭	Егер адам басқаларға мейірімді болса, бір күні бұл мейірім оның үйіне қайта оралады.
2	人不可貌相, 海水不可斗量	теңізді шөмішпен өлшей алмағандай, адамды сырт келбетіне қарап бағалауға болмайды (сыртқы

		<i>көріністер алдамшы; барлығын бір өлшеммен өлшей алмайсың).</i>
3	<i>人不可貌相，海水不可斗量。</i>	<i>Теңіз суын шелекпен өлшеуге болмайтыны сияқты, адамның сыртқы келбетіне қарап, адамның болашағына баға беруге болмайды.</i>
4	<i>人不亏地皮，地不亏肚皮。</i>	<i>Егін еккенде жерге жан тәнімен қарап, аянбай еңбек ету керек, сонда жер міндетті түрде жақсы өнім береді.</i>
5	<i>人不缺地的工，地不缺人的粮。</i>	<i>Адамдар егіс алқабында аянбай еңбек етсе, өнім табиғи түрде артады (қаниша еңбек етсең, сонша өнім аласың).</i>
6	<i>人不在大小，马不在高低。</i>	<i>Адамның шамасы мен жасы емес, қабілетінің бар-жоғын маңызды.</i>
7	<i>人到四十五，正是出山虎。</i>	<i>адам қырық беске келсе де, жас кезден де біліктілігі жоғары, төбелесуге дағдысы бар, табысқа жету оңайырақ («Жолбарыстай» айбынды).</i>
8	<i>人多出韩信，智多出孔明。</i>	<i>Бірлікті білдіру – «Бір Джугеляннан үш етікші артық» дегендей, адам көп болса, бәрі бірігіп талқылап, Хан Син, Жүге Лян сияқты теңдесі жоқ атақты генералдардан да асып түседі.</i>
9	<i>人多智谋广，柴多火焰高。</i>	<i>Көрнекті бірлік – күш. Жақсы кітап оқу – көптеген асыл адамдармен сөйлесу -- әр кітапта көптеген өмірлік философиялар бар және автордың даналығының кристаллизациясы болып табылады.</i>
10	<i>人合心，马合套。</i>	<i>Адамдар бір-бірімен тату-тәтті болса, ат пен тайдың бір-біріне жарасымды болғаны секілді, бір-біріне жарасымды болуы керек.</i>
11	<i>人哄地皮，地哄肚皮。</i>	<i>Егер диқандар егіншілікте жалқау болса, аштан өледі.</i>
12	<i>人急投亲，鸟急投林。</i>	<i>Адам дағдарысқа тап болған кезде жақындарынан көмек немесе қорғау сұрайды.</i>

Осы көзқарастарды қорытындылай келе, қытай тіліндегі мақалдың келесі сипаттамаларын ажыратуға болады:

- 1) мақал – формасы жағынан бұрмалауға түспейді;
- 2) мақал параллельді және параллель емес құрылым иеленеді;
- 3) мақал ерекше ырғақты, интонациялы және фонетикалық көркем;
- 4) мақал – жалпылама түсінікті, мәнерлі, аллегориялы, екі өлшемді бірлік;
- 5) мақалда халықтың ақыл-ойы, сезімі, өмірлік тәжірибесі бейнеленген;
- 6) мақал дидактикалық қызмет атқарады;
- 7) мақал көбінесе ауызекі сөйлеуде, әдеби-көркем стильде қолданылады;
- 8) мақал қоғамдық және табиғи болып екіге бөлінеді.

Түсінікті болу үшін қазақ және қытай мақалының ұқсас және айрықша ерекшеліктерін келесі кестеден көруге болады.

Кесте – 3 Қазақ және қытай мақалының ұқсас және айрықша белгілері

Мақал белгісі	қазақ мақалы	қытай мақалы
Арнайы ырғақты және интонациялы, көркем	+	+
Параллельді және параллельді емес фонетикалық құрылым	+	+
Номинативті	+	-
Тұрақты тіркес	+	+
Толық сөйлем	+	+
Лаконикалық және ықшамды	+	+
Параллельді және параллельді емес синтаксистік құрылым	+	+
Одағай сөздер жоқ	+	-
жәй сөйлеммен берілген	+	+
күрделі сөйлеммен берілген	+	+
ауызекі, әдеби-көркем стиль иеленеді	+	+
салыстыру, метафора, кейіптеу бар	+	+
әр дәуірдегі ескірген сөздер қолданылады	+	-
шіркеулік фольклорлық түр	-	+
қазіргі жаңа форма иеленеді	+	-
сын есімдер, зат есімдер, инфинитив қолданылады	+	+
ойы толық	+	+
Танымалдылығы жоғары	+	+
Сыйымдылығы жоғары	+	+
мәнерлі	+	+
Қайталанулар орын алады	+	+
Ақпараттылығы басым	+	+

қорытынды ой иеленеді	+	+
Дидактикалық қызмет атқарады	+	+
өнегелі	+	+
семантикалық тұтастық иеленеді	+	+
адами заңдылықтар иеленеді	+	+
халық тәжірибесі жинақталған	+	+
тарихи оқиғалар мен тұлғалар қамтылған	+	+
ежелгі шешімдер мен жазалар қамтылған	+	+
халықтық психология мен этникалық мәдениетті сипаттайды	+	+
тікелей және ауыспалы мағынада қолданылады	+	+
діни мәтіндер бар	+	+
тілдік белгілердің дүниежүзілік қорынан шыққан	+	+
отандық және кірме сөздер	+	+
отбасы және қоғам	+	+
философиялық	+	+
агрономиялық, орман шаруашылығы, мал шаруашылығы тақырыбы	+	+
балық шаруашылығы тақырыбы	+	+
Тұрмыстық тақырыпта қолданылады	+	+

Берілген кестеде қазақ және қытай тілдеріндегі мақалдың жалпылама белгілері бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Кестеден байқағанымыз, қазақ тіліндегі мақалдар шіркеулік мағына иеленбейді. Қытай тіліндегі мақалдар номинативті, одағай сөйлемдермен беріледі, мақалдың қазіргі қоғамға лайықты жаңа формаға өзгерген белгісін байқамадық. Екі елдің мақалының мазмұнынан үлкен айырмашылық көрінеді. Қытайда қоғам жайлы мақалдар жақсы дамыған:

人在世上炼，刀在石上磨 (rén zài shì shàng liàn, dāo zài shí shàng mó) Адам қоғамда, пышақ қайрақта жетіледі.

Мақал мен мәтелдің арасында айтарлықтай шекара болмағанымен өзіндік стильдік белгілері бар. Мақал ұзынды-қысқалы келіп, бірнеше тақырыпты қамтуы мүмкін. Мысалы: «Көп ойлаған табар, көп үрлеген жағар» деген мәтелдің құрылымы қысқа, нақты ойды меңзеп тұр. Мәтелдер мақалдарға қарағанда тұрақтанған форма иеленеді. Мысалы: «Әлін білмеген әлек», «Ойына қарай бойы» [15].

Қытайдың дәстүрінде тұрақты тіркестерді зерттеу кезінде мақал мен мәтелді көп жағдайда жеке қарамайды, оларды тұтас «谚语» деп қарастырады. Кейбір классикалық материалдарда бір термин – «俗谚» терминімен қолданып жатады. Мақал мен мәтел жайлы ғалымдардың ой-пікіріне анализ жасайық:

- Мақал мен мәтел синонимдік түсінік ретінде қолданылады – олардың айырмашылығына мән берілмейді. Әртүрлі атауы бір мағынадағы нақыл сөзді білдіреді – деп есептейді Цао Цунсунь (曹聰孙) [16].

- Қытай ғалымы Вэнь Дуаньжэн пайымдауынша, 俗语 категориясына үш халық нақыл сөзі 谚语, 惯用语, 歇后语 кіреді [17].

- Ма Гуофан 5 фразеологиялық бірліктерді бөліп көрсетеді: 成语, 谚语, 歇后语, 惯用语, 俗语 [18].

Қытай лингвисттері тұрақты тіркестерді типіне қарай ажырату мәселесіне әртүрлі көзқарас иеленеді, осыған орай қытай тілінің лексикографиясында 俗语 және 谚语 терминдерін жеке жеке бөліп қарастыратын ортақ пікір жоқтығын байқауға болады. Сондықтан зерттеу жұмысында қолданылған қытай тіліндегі мақал-мәтелдер әртүрлі құрылымына байланысты сұрыпталып алынды.

Фонетикалық, синтаксистік, стилистикалық жағынан, сондай-ақ семантика тұрғысынан қытай ұлтының мақал-мәтелдері көп жағынан қазақ мақал-мәтелдеріне ұқсас болып келеді, ал қытайдың табиғи мағынадағы мақал-мәтелдері қазақ халқының белгілеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады. Қазақ халқының ырымдары – сөйлем құрылымын иеленген нақыл сөздер. Қолда бар мәліметтер негізінде болашақта орын алатын оқиғалар мен құбылыстарға болжам жасайды. Бұл жұмыста қазақ және қытайдың әлемдік тілдік бейнесі көрініс тапқан жалпы тілдік бірліктерді құрайтын – қазақ мақал-мәтелдері мен қытай мақал-мәтелдерін қарастырамыз.

Мақал мен мәтел – өміршең поэтикалық жанр, халықтың рухани қазынасы, философиялық пайым түйіні. Ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жаттала тараған өнеге, үлгі, өсиет сөздердің киелі түзілімі [19]. Мақал-мәтелдердің бейнелі негізінен көрінетін әлем туралы түсінік әлемнің мәдени даму үдерісінде сол немесе басқа этникалық топтар қалыптастыратын ұжымдық идеяларды бейнелейді. «Бұл сипатталған лингвомәдени қоғамдардың мәдени және ұлттық тәжірибесін жинақтау үшін «ойық» қызметін атқаратын мақал-мәтелдерде жазылған бейнелер жүйесі». Мақал-мәтелдер қоршаған әлем шындығын және ұлттық, жалпыадамзаттық мәдениеттің негізгі түсініктерін бейнелейді. Қазіргі уақытта паремиологтар лингвомәдени бағыт аясында мақал-мәтелдерде ауызша айтылған ұғымдарды белсенді түрде зерттеп жатыр. Н.Ф. Алефиренко және О.Е. Семененко анықтамасы бойынша, паремиологиялық бейне – бұл әлемнің тілдік бейнесінің келбеті, ол негізгі мәдени құндылықтарға ие ұлттық тұжырымдамалық саланың бір бөлігімен байланысты [20].

Ұғымдардың коннотативті, ассоциативті, мәдени, мифологиялық мағынасы бар екенін, олар көбінесе сөйлеуде қолданылатын паремияларда ауызша айтылатындығын баса айтады.

Мақал-мәтелдерді сипаттаудың лингвомәдени аспектісі біртүрлі жоспарда және тіларалық салыстыру тұрғысынан жүзеге асырылады. Қазіргі кезде бізді ызықтыратын паремияларды салғастырмалы лингвомәдени зерттеу белсенді дамып келеді. Жалпыға ортақ айтылымдардың мәдени және тілдік сипаттамаларын салғастыру пәні әмбебап, этникалық, топтық және автордың айтылымына қатысты жеке құндылықтар ретінде ұсынылады. Мәдени тұжырымдама дегеніміз – мақал-мәтелдердің мазмұнына жазылған мәдени

және тілдік айырмашылықтарды салыстыру бірлігі. Мәдени тұжырымдамалар – бұл «бейнелі (рамалық), тұжырымдамалық-анықтамалық және құндылықтық өлшемдерге» ие көп өлшемді мағыналық түрлер. «Мақал-мәтелдердің мазмұнында берілген құндылық артықшылықтары әр ұлттың мәдениетіндегі әлемнің өзіндік бейнесін жасайды» [21]. Өртүрлі тілдердің паремияларын салғастыру кезінде «ұлттық ерекшеліктерге» деген шамадан тыс ынта-жігерден сақтану керек. Қазіргі уақытта қазақ тілінің паремияларын басқа тілдер аясында лингвомәдени зерттеулер жүргізілуде. Оның ішінде лингвомәдени бағыт аясында қытай тілі фонында қазақ паремияларын зерттеуге арналған жұмыстар бар.

Діни идеялар елді-елге кезе жүріп халықтардың рухани мәдениетіне, ең бастысы – тіліне айтарлықтай жаңалық әкелді. Діни шығармалардың бір тілден екінші тілге аударылуы, тәржімаланған тілдің негізгі сөздік қорын байытып, жаңа терминологиямен қамтамасыз етіп, фразеологиялық қорын да біршама толықтырды [22].

Қытай тарихы 5000 жылдан астам уақытты қамтиды. Чжоу дәуірінен бастап Қытайда Шан-Инь дәуіріндегі Шандидің орнына Аспанға табыну пайда болды. Аспан тек қасиетті теистік емес, моральдық-этикалық қызметтерді орындайтын Қытайдың басты құдайына айналды. Осы себепті келесі мақал-мәтелдер пайда болды:

天下无不散的筵席 (tiān xià wú bù sǎn de yán xí) – жақсы нәрсе бір күні аяқталады;

天有不测风云，人有旦夕祸福 (tiān yǒu bù cè fēngyún, rén yǒu dàn xī huò fú) – табиғатта күтпеген дауыл болады, ал өмірде күтпеген бақытсыздықтар мен сәттіліктер болады [10];

天不生无禄之人 (tiān bù shēng wú lù zhī rén) – сіз көп жұмыс істеуге дайын болсаңыз, сізде аман қалудың жолы бар.

Ежелгі дәуірден бастап Қытайда күнделікті күнкөріс үшін шаруалар қызметі маңызды орын алады. Сондықтан, қытай тілінде шаруа тақырыбына арналған мақал-мәтелдер жеткілікті:

农民观天气，商人观市场 (nóng mǐn guān tiān qì, shāng rén guān shì chǎng) - диқан ауа-райына қарайды, саудагер базарға қарайды;

不下功夫是得不一果实的 (bù xià gōng fū shì dé bù yī guǒ shí de) – Ерінбей еңбектенбесең ешнәрсеге қол жеткізе алмайсың;

不播种子不长苗 (bù bō zhǒng zi bù zhǎng miáo) – Тұқым себілмесе, көшеттер өспейді;

勤为无价之宝 (qín wèi wú jià zhī bǎo) – Еңбекқорлық – баға жетпес байлық;
当废墟上的国王，不如当果园的园丁 (dāng rú dāng guǒ yuán de yuán dīng) – Бақшада бағбан болғанша, қираған жерде патша болған жақсы;

自己不动，叫天何用 (zì jǐ bù dòng, jiào tiān hé yòng) – Қозғалмасаң, Құдайдан сұрау бекер;

脱离劳动等于犯罪 (tuō lí láo dòng děng yú fàn zuì) – Жұмыстан алыс болу қылмысқа тең [10].

Құдай мен рух, олардың кейіпкерлері, мысалы, үй немесе ошақ Құдайы (灶王), тозақ иесі (baogong), туылу (буддисттік әйел құнарлылығы құдайы), ұзақ өмір сүру Құдайы (寿星) және т.б. құдайлар жайлы мақал-мәтелдерде маңызды орын иеленеді [23]:

灶王老爷上天-没了住处 (zào wáng lǎo yé shàng tiān-méi le zhù chù) – Ошақ басының құдайы аспанға көтерілді - үйінен айырылу (сал. өз орнын таба алмай жүрген адам туралы);

阎王嫁女儿 - 鬼来抬 (yán wáng jià nǚ ér - guǐ lái tái) – Жер асты патшалығының құдайы қызын үйлендіреді – шайтан көтереді (шайтанның ісіне салу);

寿星老叫门 - 肉头到门 (shòu xīng lǎo jiào mén - ròu tóu dào mén) – Ақымақ бастан ақыл шықпайды, ақыл шықса да, мақұл шықпайды (ақымақтар туралы мағынасында) [10].

Зерттеу жұмысымызда Қытайдағы ең кең таралған дін – буддизм дініне қатысты мақал-мәтелдердің топтамасын қарастырдық. Буддизм діні – Орта Азия арқылы Қытайға енген, өзінің алғашқы үнді формасымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Төменде осы діни жүйенің қытай халқына әсер етуінің нәтижесі болып табылатын көптеген мақал-мәтелдер берілді:

求佛求一尊 (qiú fó qiú yī zūn) – Буддадан бір ұзунь сұрау. Көмек алу үшін басқаларға сирек жүгінетіндер туралы;

佛是金装, 人是衣装 (fó shì jīn zhuāng, rén shì yī zhuāng) – Будданы сәндендіретін – алтын, адамды сәндендіретін – киім (Адамның сыртқы келбеті туралы сөз ету мағынасында).

Қытай халқының дүниетанымына әсер еткен және Қытай менталитетінің негізгі тірегінің біріне айналған келесі дін – Даосизм. Даосизм термині ілім ретінде (Дао мектебі) және дінге табыну мақсатында пайда болған [24].

Даос философиясы адамның күнделікті цикл арқылы шындықты қабылдауына қарай жүзеге асады. Бұл күннің шексіз өлуі мен қайта тірілуі, мәңгілік өмір идеясын тудырды. Даосизм мистикаға толы. Қытайда сегіз өлмес – Таос әулиелері (八位仙人 Bā wèi xiānrén) бар, тау мен аралдарда сиқырлы күштер иеленген) [24].

遇仙不成道, 如到宝山空手回 (Yù xiān wèi chéng dào, rú dào bǎoshān kōngshǒu huí) – өлмейтін адамды кездестіріп жарықтанбасаңыз, сіз қазына тауына құр алақан барғаныңыз;

道高龙虎伏, 德重鬼神怕 (Dào gāo lóng hǔ fú, dé zhòng guǐ dé zhòng guǐ shén) – Жол биік болса айдаһар, жолбарыс қорқады, ізгілік жоғары болса, аруақтар мен құдайлар қорқады [10].

Қытайдың тағы негізгі діні – конфуцийшілдік дін. Конфуцийшілдік – қарым-қатынас, саясат, этикет және отбасылық өзара қатынастар жағынан үстемділік иеленеді. Ертеде бұл ілім этикалық, саяси негізде емес, әлеуметтік-психологиялық ілім ретінде таралды [25].

Конфуций ежелгі данышпандардың бірі болып саналады, оның көптеген шешімдері қытай ұлтының күнделікті өмірінде кеңінен қолданылатын қанатты сөздердің қатарына айналды:

德不孤，必有邻 (dé bù gū, bì yǒu lín) – адамгершілігі жоғары күйеу жалғыз емес, әрқашан серіктес табылады;

听其言而观其行 (tīng qí yán ér guān qí xíng) – сөзге соқыр сенбе, іс-әрекетке қарап баға бер; сену және тексеру (адамдардың сөзін тыңдау, олардың істеріне қарау);

言辞足以表达意思就了 (yán cí zú yǐ biǎo dá yì sī jiù le) – Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар;

有得必有失 (yǒu dé bì yǒu shī) – Ер басына күн туса, долданар да, тасынар, жауын жеңсе жарқырап, жауған күндей ашылар [10].

Әрі қарай, біз көптеген ғасырлар бойы жоғарыда аталған барлық құбылыстардың әсерінен қалыптасқан қытай халқының ерекше мінез-құлық сипаттамаларының белгілеріне тоқталып өтейік.

Қытай ұлтының екі негізгі міндеті – аспанға деген ризашылық және ата-бабаларына деген ризашылық таныту. Сондай-ақ, қытай ұлты әрқашан кәрілікті ерекше құрметтеген және қастерлеген [26]. Оған келесі мақал-мәтелдер дәлел бола алады:

树老根多，人老智多 (shù lǎo gēn duō, rén lǎo zhì duō) – адам қартайған сайын ақылды болады;

家有一老人，如有一宝 (jiā yǒu yī lǎo rén, rú yǒu yī bǎo) – қарты бар үйдің қазынасы бар, қызы бар үйдің базынасы бар [10].

Қытай халқын әлемнің басқа халықтарынан ерекшелеп көрсететін көптеген белгілері бар. Олардың бірі – «个性» (тұлға) немесе «面子» (бет, абырой) туралы түсінік. «面子» – бұл қытай халқы үшін қатаң ережелер жиынтығы іспетті моральдық өлшем. Бетіңізді жоғалту дегеніміз – сый мен құрметтен айырылу, өзіне деген сенімді біржола жоғалту.

Сондай-ақ, қытай халқында билікке деген үрей, қорқыныш бар. Ежелгі заманнан бері қарапайым адамдар билікке жақынырақ болған сайын, одан қорқады. Мұның бәрі аспанға табынумен және рухтарды құрметтеумен байланысты болды.

人怕春明，猪怕壮 (rén pà chūn míng, zhū pà zhuàng) – шошқаның семіздігі қауіпті, адамның даңқы қауіпті;

人要脸，树要皮 (rén yào liǎn, shù yào pí) – атақ даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер (адам үшін бедел аса маңызды);

Қытай ұлты өте еңбекқор халық екені белгілі. Еңбекке арналған мақал-мәтел тобын қарастырайық:

世上无难事，只怕有心人 (shì shàng wú nán shì, zhǐ pà yǒu xīn rén) – Еңбек емсең – еленерсің, еңбегіңе кенелерсің;

穷则变，变则通 (Qióng zé biàn, biàn zé tōng) – кедейлік кетсін десең, еңбек ем, молшылық жетсін десең, еңбек ем;

有志者，事繁成 (Yǒuzhì zhě, shì fán chéng) – жұмысы жемістінің - өмірі келісті [10];

Мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі – менталитет ерекшеліктермен, тарихи тәжірибемен, дін және дәстүрмен анықталады. Қытай тілінің фразеологиялық қоры шектен тыс мол және бұл зерттеу жұмысы барысында келтірілген мақал-мәтелдер мысалында айқын көрінеді. Қытай тілінің мақал-мәтелдері өзінің семантикасы жағынан да, құрылымы жағынан да, дерек көздері жағынан да алуантүрлі.

Қытай халқы адамның ішкі әлемі, бақыты мен даналығы туралы даналық ойларын мақал-мәтелдерде толығымен бейнелейді:

心里没病，不怕冷言侵 (Xīnxīn méi bìng, bùpà lěng yán dǎn) – ары таза өсек-аяңнан қорықпайды;

心急吃不了热豆腐 (Xīnji chí bùliǎo rè dòufu) – сабырсыздық істеген бәрінен құр қалады;

人生一世，草木一秋 (Rénshēng yīshì, cǎomù yī qiū) – адамның өмірі қысқа, сондықтан уақытты қадірле;

人生难得遇知音 (Rénshēng nándé yù zhīyīn) – адам өмірінде сырлас дос табу қиын;

人必自侮，而后人侮之 (Rén bì zì wǔ, ér hòu rén wǔ zhī) – адам өзіне деген сенімі болмаса, басқалар оны көзіне ілмейді;

饶人是福，欺人是祸 (Ráo rén shì fú, qī rén shì fú) – кеңшілік ету бақ сыйлайды, жәбірлеу пәле-қала әкеледі;

染缸里捞不出白不來 (Rǎngāng lǐ lāo bù chū bái bu lái) – нашар ортадан жақсы адам тәрбиеленбейді;

麻雀飞过也影子 (Máquè fēiguò yě yǐngzi) – аспанда ұшқан құстың да көлеңкесі жерге түседі [10].

Әр аймақтың табиғаты бір біріне ұқсамайды, оның тілдегі көрінісі де әртүрлі болады. Қытай халқының саны, тарихы, құнарлы жері, бай табиғи ресурстары, әр түрлі жерлерінің өзіндік көрнекіліктері мен әдет-ғұрыптары бар, сондықтан осыған орай көптеген нақыл сөздер пайда болды, ол жерде ұлттық шынайылық сипатталады. Мысалы: 桂林山水空中帝国第 (guì lín shān shuǐ kōng jìān dì guó dì) – Гуйлиндік пейзаждар – аспан империясындағы алғашқылар; 岳阳楼神知 (yuè yáng lóu shén zhī) – Юэян мұнарасы Тәңірге танымал және т.б. Қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде көпшілігі топониммен байланысты: мысалы, Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары; Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз,

ақылды бастың өзі болмасақ та – құшағымыз; Еділ басынан лайланады, сағасынан тұнады; Еділ – ел болып келгенге су, едірейіп келгенге у; Барар жерім Балқаш тау, ол да біздің көрген тау; Түркістанның түбін түйе шалады [19].

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер секілді, қытай мақал-мәтелдері танымал адамдарды табиғат құбылыстарымен және көрікті жерлермен салыстырады. Мысалы, 有眼不识泰山 (yǒu yǎn bù shí tài shān) – көздері бола тұра, Тайшан тауларын көрмеу (кімге назар аудару керектігін білмеу); 不见棺材不落泪, 不到黄河不死心 (bù jiàn guān cái bù luò lèi, bù dào huáng hé bù sǐ xīn) – Хуанхэ өзеніне жеткенше тоқтамау, табытты көрмейінше жасымау; 不到长城非好汉 (bù dào zhǎng chéng fēi hǎo hàn) – Ұлы қабырғаға жете алмағандарды нағыз ер адам деп санауға келмес және т.б. Қазақ тіліндегі мысалдарға тоқталсақ: Арыстандай жігітте Алатаудай ақыл бар; Әлім келсе, Арыс суын бойлар ем [19].

Қазақстанның территориясы кең және табиғи ресурсқа бай, сондықтан қазақ халқының өмірі орман және ағаштармен тығыз байланысты, бұл көптеген қазақ мақал-мәтелдерінде сипатталады, мысалы, Орман болса, отын болады; Ағашты кесу оңай, орманды өсіру қиын; Орманы отынға жарымас; Бөріден қорыққан орманға бармайды; Жалғыз ағаш орман болмас,

Жалғыз кірпіш қорған болмас; Отансыз ұл—ормансыз бұлбұл; Ел аралаған сыншы, орманды аралаған үйші болады; Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында; Ағайынға қарап мал өсер, ағашқа қарап тал өсер; Ағашты жердің ырысы мол, бауырмашылдың туысы мол. [19].

Қазақ мақал-мәтелдерімен салыстырғанда қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде орман тақырыбы аз: 莫为蝇头小利错失整片森林 (mò wèi yíng tóu xiǎo lì cuò shī zhěng piàn sēn lín) – ұсақ табыстар үшін бүкіл орманды жіберіп алмаңыз; 独木易被大风折, 森林不怕狂水旱 (dú mù yì bèi dà fēng zhé, sēn lín bù pà kuáng shuǐ zǎo) – бір ағашты қатты жел оңай сындырады, ал орманды қатты жел жоя алмайды және басқалары[27].

Мәдениеттің қалыптасуы – мәдени лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Мәдени қатынастарды зерттеу өте маңызды, өйткені мәдени көзқарастар - бұл «лайық/лайықсыз» ретінде сәйкес келетін «идеалдардың бір түрі» [28]. В.Н. Телиа мәдени көзқарастарға «екі немесе одан да көп адамның өзара әрекеттесуінің өнімі болып табылатын өмірлік тәжірибеге арналған рөлді атқаратын психикалық үлгілер» деп анықтама береді [29].

Мысалы, қабаттасқан мәдени қатынас: Шындықты жеңу мүмкін емес Шындықты дәлелдеу мүмкін емес (қазақ); 真理一句值千金 (Lǐ lǐ yī jǐ zhí qiānjīn – Бір ақиқат сөз мың алтынмен бағаланады) (қытай); қазақ тіліндегі мәдениеттің өлшемі: Ақиқат - даналықтың көрінісі (Шындық - парасаттың жарығы), қытай тілінде: 真象迟早会显露出来 (Zhēnxiàng lián zǎo huì yuè zhuǎn lái lái – Шындық бір күні ашылар); 真理比太阳更明亮 (Zhēnlǐ bǐ tàiyáng gèng míng liàng – Шындық күннен де жарық). Зерттеу нәтижесінде автор тарапынан келесідей

тұжырымдар жасалды: Қазақ және қытай лингвомәдениеттерінің негізгі мәдени қатынастары көбінесе сәйкес келеді. Қазақ лингвистикалық мәдениетінің көптеген белгілері қытай тілінде кездеседі, қытай тілінің паремияларындағы бірқатар белгілер қазақ тілінде қолданысқа ие емес.

Қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде жақсы мінез-құлық, жаман мінез туралы тақырыптар да кездеседі. Мысалы, сәйкестендіру параметрі: *Басқаларға құрметпен қарай отырып, тағзым ет* (тағзым етуден – сіз ешнәрседен айырылмайсыз), *Жақсы сөз жарым ырыс!* (қазақ). *Жол сұрай иілдесеңіз, жиырма шақырым артық жол жүресің* (қытай); қазақ тіліндегі әртүрлі белгілер: *Өзгелерді құрметтеу, қадір-қасиетіңізді есте сақтау* (*Адамды құрметте, бірақ қадіріңді жоғалтпа*) [19], қытай тілінде: *微笑要有礼貌* (*Wéixiào yào yǒu lǐmào*) – *Сыпайы болу үшін күлімсіре* (*күлімсіреген жүзің алыстан келген қонақтарды қызықтырады*). Зерттеу нәтижесінде қоғамдағы адамдардың мінез-құлық мәдениеті туралы жалпы көзқарастардың айтарлықтай ұқсастығын байқаймыз.

Чэн Шисун (成世勋) өзінің «*汉哈谚语对比研究*» (Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салғастыра зерттеу) [30] атты еңбегінде қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің грамматикалық құрылымын, ырғақтық, шешендік, лексикалық ерекшеліктерін, мәдени коннотацияларын, құндылық бағдарларын, дәстүрлі адамгершілік ұғымдарын салыстыра отырып, микро және макро деңгейдегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын терең талдаған. Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің қалыптасуы мен түсінігі бойынша теориялық пікірталас, ой толғаулар жүргізіледі. Бұл қытай және қазақ тілдерінің ішкі заңдылықтарын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар адамдардың ойлауын, тілін және мәдени ерекшеліктерін зерттеуге көмектеседі, сонымен қатар, қытай және қазақ тілдерін үйретуге, мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасқа, тіл зерттеуіне және екінші тілді оқытуды жетілдіру, қолдану және қарым-қатынас дағдыларына үлкен мән береді. Автор қазақ және қытай тіліндегі жануарлар атауы, жәндіктер тақырыбындағы мақал-мәтелдерді қарастырып өткен.

Жәндіктердің атаулары бұған дейін қазақ лингвистерінің зерттеу нысаны болды. Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева «*Ономастика: зерттеу мәселелері*» атты еңбегінде жалпы қазақ тіліндегі зоонимдерге талдау жасаған, жәндік атауларын зерттеу қиындықтарын ашып көрсетеді; оларды зерттеудің прагматикалық маңыздылығын айқындайды, мақал-мәтелдер негізінде қалыптасқан семантикалық туындыларды зерттейді, олардың компоненттері жәндіктердің белгілері болып табылады [31]. Алайда жәндіктердің атаулы компоненттері бар қазақ мақал-мәтелдері қытай тіліндегі лингвомәдени талдау нысаны болған емес. Егер жалпы зоонимдердің компонент-атауымен мақал-мәтелдерде көрініс тапқан мәдениетке деген көзқарастар жеткілікті мөлшерде зерттеуге арналса дұрыс болар еді (Се Цюцзюй 2007, Сюй Хаоин 2012, Плескачева 2014, Бичер Омер 2016), содан кейін жәндіктердің компонент –

атауы бар мақал-мәтелдерде көрініс тапқан мәдени қатынастар қазақ тілінде де, қытай лингвистикасында да, мәдени лингвистикасында да тиісті ауқымда нәтиже иеленбегені белгілі.

Сонымен, ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде келесідей тұжырымдар жасауға болады. Әлем бейнесінің мәселесі лингвистика шеңберінде белсенді түрде қарастырылады. Әлем бейнесі – бұл шындық туралы белгілі бір идеялар жүйесі, әлемнің тұжырымдамалық және лингвистикалық бейнелері болып ерекшеленеді. Бұл зерттеуде әлемнің тілдік бейнесінің зерттелу аясында Г.А. Брутян «біз белгілі бір ауызекі сөйлеу тілдерінің сөздері мен сөз тіркестерінде бекітілген білімді түсінеміз, әлемнің тілдік бейнесінде сөздер, флекциялық және туынды пішімдеулер мен синтаксистік құрылымдар бар» деген пікір білдіреді [32].

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны – туыс емес тілдер тобына жататын қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени жүйесі. Әлемнің тілдік бейнесі ерекше және қайталанбайды, ол адам әлемін бейнелейді, мақал-мәтелдерді пайымдауда көрсетілген этикалық және рационалистік бағалауларды қамтиды. «Паремия» термині «мақал» терминіне тән. Бұл зерттеуде біз қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдерді зерттеуге жүгінеміз. Қазақ тілінде мақал-мәтел – дидактикалық, формасы бойынша ерекше, тұрақты тіркес. Мақал ерекше ырғақты-интонациялық және фонетикалық жағынан ерекшеленеді, ол жағдай үлгісімен, ұқсастығы бойынша ойлау нәтижесімен анықталады. Мақал – лексика-семантикалық және құрылымдық заңдылықтары бар, оқшау, өз бетінше қолданылатын толық пайымдау және семиотикалық тұтастық [33].

Қытай мақал-мәтелдері әлеуметтік және табиғи болып бөлінеді, қытай ұлтының табиғи мақал-мәтелдері қазақ тілінің біршама белгілеріне ұқсас келеді, ал табиғи мақал-мәтелдер қазақ халқының мақал-мәтелдеріне сәйкес келеді. Біз қытай тіліндегі табиғи мақал-мәтелдерін қарастыруға ден қоямыз.

Қытай халқының мақал-мәтелі түсінікті, мәнерлі, аллегориялық, екі өлшемді, ерекше ритмикалық-интонациялық және фонетикалық көркемделуімен, параллельді және параллель емес құрылымдармен ерекшеленеді. Қытай тіліндегі көптеген мақал-мәтелдер дидактикалық қызмет атқарады, ол ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, әдеби-көркемдік стильде де қолданылады.

Мақал-мәтелдердің лексикалық, формалы-туынды, лексика-грамматикалық және құрылымдық нұсқалары бар. Паремиялогиялық зерттеулердің негізгі бағыттары паремиялогиялық қайта құрулар мен паремиялогиялық минимумды зерттеу, сонымен қатар паремияларды салғастырмалы зерттеудің дәстүрлі, әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивті, лингвомәдениеттілік түрлері болады [34].

Лексикографиялық сөздіктер тақырыптық мен фразеологиялық сөздіктерге бөлінеді. Зерттеу жұмысында қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-

мәтелдердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін зерттеу кезінде фразеологиялық сөздіктердің маңыздылығы көрінді.

1.2 Шетел филологиясындағы мақал-мәтелдердің лингвопрагматикалық сипаты.

Кез келген салғастырудың негізгі элементі – салғастырылатын құбылыстардың бірдей (интегралды) және айрықша (дифференциалды) белгілерін анықтау.

Бұл ереже тілге де қатысты. Ф.де Соссюр тұжырымдаған тілдегі сәйкестік пен айырмашылықтардың постулаты лингвистикалық талдаудың бірқатар маңызды әдістерінің негізінде жатыр, яғни олар қарама-қарсы, өрістік, трансформациялық, компоненттік және т.б. деп атаған [35].

«Ресми және мағыналы салыстыру мен қарама-қайшылық нәтижесінде кез-келген ауқымдағы лингвистикалық жүйенің мүшелері ажыратылады - грамматикалық парадигмалар, антонимдік жұптар мен т.б. және керісінше, кез-келген жеке лингвистикалық құбылыстың толық сипаттамасы ондағы әртүрлі аспектілердің, формалардың, мағыналардың және басқа да айырмашылықтардың жиынтығын бөледі, ал екінші жағынан, бұл құбылыс кейбір қауымдастықтарда қандай да бір өзіндік ерекшеліктермен негізделеді - формалды, мағыналық, функционалдық және т.б.» [36].

Соңғы төрт онжылдықта көптеген монографиялық зерттеулер жарық көрді, олардың мазмұнында белгілі бір жұптарға немесе тілдер топтарына салғастырмалы талдау жасалды. Олар мақал-мәтелдердің грамматикалық жеке мәселелеріне арналды. Қытай және қазақ мақал-мәтелдерін салғастыруға арналған бірнеше еңбектер де бар. Салғастырмалы зерттеуге құрылымы мен қызметі бірдей мақал-мәтелдер (вербалды, сын есім, салғастырмалы), фразеологиялық бірліктер, сөйлем құрылымымен, әр түрлі құрылымдық модельдерден тұратын мақал-мәтелдер, бір типті компонентті фразеологиялық бірліктер: соматизм, компонент-зооним, түрлі-түсті компоненттердің белгілері жатады және т.с., семантикасы бірдей өрістер мен топтар және сайып келгенде, тілдердің тұтас фразеологиялық қорлары жатады.

Алайда, әр түрлі тілдердің фразеологиялық құрамын салғастырмалы түрде зерттеуге арналған жұмыстардың алуан түрлілігіне қарамастан, бұл зерттеу бағыты әлі де толық дамыған жоқ. Осы тақырып бойынша алғашқы жалпы теориялық жұмыс 60-жылдардың ортасында пайда болды. Ол жұмыстарда мақал-мәтелдерді синхронды салғастырмалы немесе конфронтациялық зерттеудің кейбір маңызды аспектілері көрсетілді:

1) салғастырмалы, туыс емес тілдермен жұмыс жасау және бір тілден екінші тілге аудару үшін фразеологиялық эквиваленттер орнату, сонымен қатар семантикалық топтар бойынша мақал-мәтелдерді салғастырмалы түрде зерттеуді ұсыну;

2) туыстас тілдердегі ұқсас фразеологиялық деректерді салыстыра талдау;

3) туыстас және туыс емес тілдерде фразеологиялық бейнелерді құру ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған құрылымдық-типологиялық талдау;

4) географиялық, тілдік және мәдени қоғамдастықты құрайтын бірқатар тілдердің мақал-мәтелдерінің өзара әрекеттесуі мен жақындасуын қарастыратын аудан аспектісі.


Л.И. Ройзензон мен Ю.Ю. Авалиани ұсынған талдау бағыттары бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады, бұл бірқатар зерттеулермен расталады.

Мақал-мәтелдердің салғастырмалы сипаттамасы бойынша:

- 1) құрылымы мен қызметі бірдей мақал-мәтелдерді топтастыру;
- 2) мағыналық жағынан ұқсас компонентті қамтитын мақал-мәтелдер тобы;
- 3) бірдей типті белгісі бар мағынаны білдіретін мақал-мәтелдер;
- 4) біркелкі жасалған лексикалық-грамматикалық және әртүрлі тілдегі жиынтық семантикасы бар мақал-мәтелдер тобы [37].

Салғастырылмалы құбылыстардың сипаты бойынша:

- 1) мақал-мәтелдердің грамматикалық құрамы;
- 2) мақал-мәтелдердің лексикалық (компонентті) құрамы;
- 3) фразеологиялық семантика және фразеологиялық жүйедегі мағыналық қатынастар;
- 4) мақал-мәтелдердің стилистикалық сипаттамалары;
- 5) мақал-мәтелдердің сандық сипаттамалары қарастырылады.



Сурет 3 – Мақал-мәтелдің салғастырмалы сипаттамасы.

А.Д. Райхштейн «тұтастай алғанда, салғастырмалы мақал-мәтелдерді пысықтау арқылы мақал-мәтелдің нақты деңгейінен талдаудың анағұрлым абстрактілі деңгейіне қарай төмендейді» деп атап көрсетеді [38].

Екі тілдің мақал-мәтелдерінің лингвопрагматикалық тұрғыдан ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу мақал-мәтелдердің ең танымал және дамыған салғастырмалы талдау түрі болып табылады. Біз мұнда екі аспектіні ұстанамыз: ұлттық-мәдени ерекшелігі және құрылымдық-семантикалық салғастыру.

«Коннотация» термині ХІХ ғасырдың ортасынан бастап лингвистиканың терминологиялық аппаратына енгенімен, лингвистикалық зерттеулерде әлі күнге дейін бір мағыналы интерпретацияға ие болған жоқ. Біз лексеманың коннотациясы «белгілі бір тілдік қауымдастықта қабылданған сәйкес нысанды немесе шындық дерегін бағалауды қамтитын ұғымның маңызды емес, бірақ тұрақты белгілері» деген көзқарасты ұстанатын боламыз.

Мақал-мәтелдердегі өте маңызды компонент – бұл мәдени коннотация. Мақал-мәтелдердің мәдени коннотациясы белгілі бір мәдениеттің құндылықтарымен анықталады. Бұл белгілі бір ұлтқа, мәдениетке тән нәрсе. Мәдени коннотация мақал-мәтелдердің ассоциативті-бейнелілік негізін оның мәдени және ұлттық стереотиптермен анықтамасы арқылы түсіндіру нәтижесінде туындайды, нәтижесінде мәдени құндылықтарға байланысты олардың мәдени және ұлттық мәні мен фразеологиялық бірліктердің оң және теріс сипатын ашамыз.

Мақал-мәтелдер сөйлеу барысында әдетте белгілі бір мағынада қолданылады.

Мысалы, фразеологиялық бірлік *生活一天大约克日 (Shēnghuó yītiān dà yuēkè rì)* – бір күнді бір жылдай өмір сүру, мұндағы «天» және «日» салыстыратын болсақ, «天» жағымсыз коннотацияға ие, ол ұзақ, баяу өтіп жатқан уақытты білдіреді. Сонымен, бұл мақалға, тіпті бүкіл мәтінге мәдени коннотация мәдени тұрғыдан маңызды белгі береді. Бұл жағдайда мәдени коннотация ең алдымен ішкі формамен анықталады. Осы мәдени коннотацияны жеткізу құралын фразеологиялық бірлікке кіретін негізгі сөздер құрайды. Мәдениеттің белгілі бір саласына ортақ тұжырымдарды қалыптастыру және мақал-мәтелдерде осы сипатта қызмет ету, түйінді сөздер «бізді мәдени құндылықтар мен көзқарастардың тұтас кешенінің өзегіне апаруы мүмкін» [38].

Мақал-мәтелдер – мәдени және ұлттық ақпараттың тасымалдаушысы. Мақал-мәтелдер адамдардың менталитетін, мәдениетін сақтайды. Мәдени коннотацияны мақал-мәтелдерде ашудың негізгі тәсілі – бұл қазақ және қытай лингвистикалық қоғамының мәдени және ұлттық кеңістігіндегі фразеологиялық бірліктердің (ішкі форма) бейнелік негіздеріне түсініктеме болып табылады. Мәдени түсіндірме – мақал-мәтелдер бейнесін мифтермен (мифологемалармен), рәміздермен, архетиптермен, стандарттармен, ырым-тыйымдармен, т.б. ұлттық мәдениеттің белгілерін сәйкестендіретін негізгі

мақсатқа ие болып табылады. Бұл корреляция бейнеге шағылысу негізінде ғана мүмкін болады, яғни оны ұлттың дүниетанымы тұрғысынан түсіндіру арқылы ғана мүмкін. Мәдени лингвистикадағы мақал-мәтелдерді салғастырмалы түрде зерттеу – тілде, атап айтқанда, фразеологияда бағдарламаланған «әлемнің фразеологиялық бейнесін» семантикалық-диахрондық салғастыру.

Осындай салғастырмалы зерттеудің көмегімен мәдени баламалардың едәуір санын табуға болады, бұл қазақтар мен қытайлардың мәдени-лингвистикалық қоғамындағы лингвистикалық және экстралингвистикалық даму факторларына байланысты. Мәдени коннотация – фразеологиялық бірліктердің «ішкі формасымен» тығыз байланысты, ал ішкі форма – бұл халықтың рухынан немесе ұлттық рухани күштен туындайтын көп қырлы құбылыс. «Сөздің ішкі формасы, сөздің мағынасы мен қолданылуына негізделген бейне тек сол материалдық немесе рухани мәдениеттің аясында, белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің пайда болған немесе өзгерген тілдік жүйенің аясында азауы мүмкін» деген пікір бар [39]. Қазақ фразеологиясының тұрақты тіркес және семантикасы мағыналарының ішкі формасы туралы арнайы профессор Р. Авакова ғылыми монографиялық еңбегінде қарастырған [40].

А. Мелерович пікірінше, «Ішкі форма дегеніміз – жаңа мағына жасауға негізі болатын ең жақын семантикалық-этимологиялық мағына» [41].

Мәдени ақпаратты ішкі форманың фразеологиялық бірлігінен алуға болады, өйткені онда мәдениеттің «іздері» - мифтер, архетиптер, әдет-ғұрыптар, тарихи оқиғалар мен материалдық мәдениет элементтері бейнеленген.

Сонымен, ішкі форма екінші номинация немесе байланыстар жүйесін (интегралды жағдай) сипаттау мақсатында қандай да бір маңызды байланысты қайта құруға бағытталған, ол сонымен бірге санада ассоциативті байланыстардың пайда болуына ықпал етеді. Ішкі формамен өрнектелген типтелген жағдай «өзіне берілген қоғамның тарихи дамуы үдерісінде қоғамдық тәжірибе әзірлеген, алдыңғы ұрпақтардың жеке санасы бойынша оған берілген белгілі бір бағдар бағытын» жүзеге асырады. Ішкі форма мәдени ақпаратпен тығыз байланысты. Бұл әлемнің бейнелі көрінісі, фразеологиялық бірлікке мәдени және ұлттық реңк береді. Фразеологизм – адамзат өркениетінің дамуындағы тіл мен мәдениетте ең құнды дүние болып табылады. Басқа тілдік бірліктермен салыстырғанда ол халық тарихымен, халық мәдениетімен тығыз байланысты және ерекше ұлттық сипатқа ие. «Қазақ фразеологиясының ғылыми пән ретінде қалыптасуы мен дамуы алдымен ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілі аса көркем поэтикалық бейнелілігі және синонимдердің молдығымен назар аудартады. Қазақ халқының дәстүрлі шешендік сөз өнерінің алтын тұғыры болған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, бейнелі тұрақты метафоралар қай кезде болмасын басқа жұртты таң қалдырған.» [42].

Ұлттық-мәдени ерекшеліктер тақырыбы фразеология саласындағы зерттеулер үшін дәстүрлі болып табылады. Көптеген жылдар бойы мақал-мәтелдерге арналған еңбектерде (әсіресе олар дәстүрлі лингвистиканың шеңберінде жүзеге асырылса) мақал-мәтелдер белгілі бір тілдің мәдени әлеуетін жинақтайтын тілдің ұлттық ерекшелігі болып табылады. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктерін талдау басқалармен тек салыстыра, салғастыра талдау арқылы білуге болады. Әр этностың өз ұлттық бейнесі болады, әр этномәдени ортақтық тілдік ортаның ерекшелігін көрсетеді. Тілдік орта (тілдің өмір сүру ортасы) терминіне Э.Сепир географиялық және әлеуметтік факторларды (дін, мораль, қоғамның саяси ұйымдасу формалары, өнер) жатқызады [43].

Тілдің фразеологиялық құрамы лингвомәдени бірлестіктің өзінің ұлттық ерекшелігін анықтайтын «айна» іспеттес, мақал-мәтелдер сөйлеушілерге әлемнің ерекше бейнесі туралы көзқарасты білдіреді. Әр түрлі лингвистикалық қауымдастықтар тұжырымдаманы қалыптастырудың әртүрлі құралдарын қолдана отырып, әлемге әртүрлі көзқарастарды қалыптастырады, олар шын мәнінде ұлттық мәдениеттің негізі болып табылады. Мәтінде мәдениет шынайы сақталады. Адамның рухани әлемін бейнелейтін – тіл болғандықтан, мәдениетке тікелей қатысы бар, өйткені ол көптеген мәдени кодтарға енген, бұл тарих, этнография, ұлттық психология, ұлттық мінез-құлық туралы, яғни мәдениеттің мазмұнын құрайтын барлық нәрсе туралы ақпаратты сақтайтын мәтін. Мәтін - белгілі мәдениеттің дәстүрлерінде тәрбиеленетін оқырманнан автоматты түрде пайда болатын, тікелей ассоциацияларды ғана емес, сонымен қатар жанама байланыстардың көптігін тудыратын нақты белгілер жиынтығы.

Өз кезегінде мәтінді құру ережелері оның пайда болатын мәдени мәнмәтініне байланысты. Мәтін төменгі деңгейдегі лингвистикалық бірліктерден жасалады, олар дұрыс таңдалған жағдайда мәдени белгіні күшейте алады. Бұл бірінші кезекте - мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер (ММ) семантикада белгілі бір халық мәдениетінің ұзақ даму үдерісін көрсете отырып, мәдени көзқарастар мен стереотиптерді, стандарттар мен архетиптерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Мақал-мәтелдерді қарастырғанда келесі гипотезаларды ұсынамыз:

1. мақал-мәтелдердің көпшілігінде анықталуы керек ұлттық мәдениеттің «іздері» бар;
2. мәдени ақпарат мақал-мәтелдің ішкі түрінде сақталады, олар әлемнің бейнелі көрінісі бола отырып, мақал-мәтелге мәдени және ұлттық реңк береді;
3. мәдени және ұлттық ерекшеліктерді анықтаудағы басты нәрсе – мәдени және ұлттық коннотацияны ашу.

Қазақ ауыз әдебиеті үшін мақал-мәтелдер халықтың мәдени мұрасының қайнар көзі. Мақал-мәтелдер лингвистикалық тұрғыдан гөрі фольклорлық әдебиетте көбірек пайдаланылады. Алайда халықтың танымдық-әлеуметтік деңгейінен хабардар ететін мақал-мәтелдер сөйлеу кезінде фразеологизмдер секілді даяр қалпында қолданылады.

Мақал-мәтел стереотиппен байланысты болады, осы стереотипті білдіретін құрал мақал-мәтелде көрсетілген белгілі бір көрініспен немесе кескінмен байланысты. Когнитивтік лингвистика мен этнолингвистикада «стереотип» термині тіл мен мәдениеттің мазмұндық жағын білдіреді, яғни әлемнің тілдік бейнесі анықтамалық психикалық стереотип ретінде түсініледі. Сонымен, Э. Бартминский әлемнің тілдік бейнесі мен лингвистикалық стереотип бөлшек және тұтастық ретінде қарастырылады, ал лингвистикалық стереотип «сипаттама және бағалау сипаттамалары қатар өмір сүретін және нысанның субъективті түрде анықталған көрінісі, тілден тыс әлемнің белгілі бір нысанына қатысты үкім немесе бірнеше үкімдер ретінде түсініледі, әлеуметтік тұрғыдан дамыған когнитивті үлгілер шеңберіндегі шындықты түсіндірудің нәтижесі болып табылады» [44].

Тілдік стереотиптерді қолдану арқылы коммуникаторлардың күші үнемделеді және байланысы жеңілдейді. Сонымен қатар, олар өздерінің семантикасында халықтың мәдениетінің ұзақ уақыттық даму үдерісін бейнелейді, ұлттық сипатын, тарихи-мәдени реңкін жеткізеді. Тілдік бірліктің ішкі формасына сүйене отырып, біз халықтың өмірі, менталитеті туралы көп нәрсе біле аламыз. Яғни, ММ стереотип арқылы қалыптасады. Бірақ мақал-мәтелдер арқылы стереотип қалыптасқан кезде оған қарама-қарсы үдеріс те орын алуы мүмкін. Мысалы, «*Қисықты қабір түзетеді*» деген тіркесті алайық. Бұл құрылымды қабылдаған кезде біздің санамызда жаман адамның өзгеруі мүмкін емес, ол ешқашан түзетілмейді деген стереотип қалыптасады. Мақал-мәтелдерді олардың қиял тұрғысынан қабылдауының ұлттық менталитетті бейнелейтін стереотиптермен қатынасы негізінде түсіндіре отырып, біз сол арқылы олардың ұлттық-мәдени коннотациясының мазмұны болып табылатын мәдени-ұлттық мәні мен сипатын ашамыз.

Сонымен, мақал-мәтелдерде стереотиптердің көрінісі өте айқын көрінеді, өйткені бейнелерді тұжырымдармен, мағыналармен сәйкестендіре отырып қана біз мәнерлеудің мәдени және ұлттық маңыздылығын анықтай аламыз.

Мәдени коннотация аспектісі негізінде фразеологиялық бірліктерді салғастыру кезінде қызықты әрі маңызды құбылысты байқауға болады – бұл мақал-мәтелдерде компоненттің арнайы оқылуы.

Тілдік таңбаның ерекшелігі әлем бейнесімен, фондық білімімен байланысты лингвистикалық белгінің уәждемесінен тұрады. Символдық оқылымы бар компоненттер фразеологиялық бірліктердің бейнелі мазмұнына тағы да «*көбінесе абстрактілі мағына*» қосады. Яғни, олардың белгіленуі (әдетте белгілі бір нысан белгіленеді) абстрактілі бейнелеуді немесе дерексіз идеяны білдіреді. Өртүрлі онтологиялық мәртебеге ие мұндай компоненттер белгінің қатынасына түседі. Сонымен, егер мақал-мәтелдерді қазақ және қытай тілдерінде әртүрлі үйлесімде ерекше символикалық оқылымға ие болатын компонент үймен салыстырсақ: 1) ғимарат, бөлме: *үй жіңішке болғанымен, төбесі берік* (қазақ); *高屋建瓴* (*gaowūjiánlíng* – *биік ғимараттың төбесінен бөтелкемен су құйыңыз*) (қытай) (тоқтатылмайтын үстемдік, тиімді жағдай); 2)

пәтер, тұрғын үй: *менің үйім — менің қамалым* (қазақ); *四海为家* (*sìhǎiwéijiā* – *төрт теңізде, яғни барлық жерде, кез-келген жерде өзіне үй табу*) (қыт.); 3) отбасы: *қонақ болу жақсы, бірақ өз үйіңде болған тіпті жақсы* (қазақ); *家和万事兴* (*jiā hé wànshì xīng* – *отбасында татулық болса, бәрі жақсы болады*) (қыт.). Символдық оқылымы бар компоненттер мағынаны білдіреді, олар «семантикадағы, тілдік код ішіндегі символдық код» деп аталады [45].

Екі тілдің ұлттық ерекшеліктерін зерттегенде екі тәсіл қолданылады. Бірінші тәсіл - салғастырмалы, онда бір тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігі басқа тілге қатысты анықталады. Екінші тәсіл – интроспективті, онда тілдің ұлттық ерекшеліктері оның сөйлеушілерінің көзімен, яғни ішкі көзқарас, өзін-өзі бақылау арқылы қаралады.

Салғастырмалы тәсілмен, тілдің екеуіне қатысты барлық ерекше деректер танылады, бұл дәстүрлі фольклорлық мәдениет тұрғысынан екінші тіл (және сәйкесінше мәдениет) тұрғысынан маңызды емес болып көрінеді. Сонымен бірге нақты дерек ретінде анықталған көптеген жағдайлардың басқа тілдерде (мәдениеттерде) орын алуы маңызды емес.

Интроспективті көзқарас басқа тіл мен мәдениеттің ерекшелігіне қарамастан «имманентті» ұлттық-мәдени сипаттамалардың болуы туралы идеяға негізделген [46]. Бұл зерттеудің міндеті – бір тілдің ұлттық ерекшелігі сол тілде сөйлеушілердің көзқарасымен жауап іздеу ретінде қарастырылған. Бұл жағдайда анағұрлым ұқсас зерттеу әдістері – ақпарат берушілермен сұхбаттасу және сол тілге қатысты лингвистикалық деректерге қатынасын анықтауға бағытталған әр түрлі тесттер жатады. Салғастырмалы талдауда ең маңызды өлшемнің бірі – қалыптасқан тіларалық айырмашылықтардың сәйкес мәдениеттің ерекшелігіне қозғағыштығы, ал интроспективті тәсіл кейбір құбылыстарды өзіндік және тек өзінікі ретінде сипаттайтын ана тілін меңгерген шешендердің түйсігіне жүгінуді білдіреді, яғни таза ұлттық сипатты білдіреді. Салғастырмалы тәсіл негізінде, нақты таңдалған құбылыстар интроспективті көзқарас негізінде анықталған құбылыстардың ауқымымен сәйкес келуі мүмкін емес, тіпті онымен байланыс нүктелері болмауы да мүмкін.

Біздің зерттеуімізде біз бірінші тәсілге сүйенетін боламыз. Қазақ және қытай секілді туыс емес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде талдау айтарлықтай қызығушылық тудырады, өйткені мақал-мәтелдерде сол немесе басқа тілді жеткізуші мәдениеттің деректері мен құбылыстары жинақталып көрініс береді, тілдік қауымдастықтардың дүниетанымы, халық мәдениеті мен менталитетінің ерекшеліктері сақталады. Мақал-мәтелде халықтың күнделікті өмірінің, тұрмысының, тарихы мен мәдениетінің өзіндік ерекшелігі айқын көрінеді. Коннотациялар әдетте, сөздердің (белгілердің) бейнелі мағыналарында, метафоралар мен салыстыруларда, фразеологиялық бірліктерде, синтаксистік конструкциялардың жекелеген түрлерінде және т.б. көрініс табады. Белгілі бір тілдік қауымдастықта мақал-мәтелдердің мәдени коннотациясының қалыптасуына келесі деректер үлкен әсер етеді: мақал-

мәтелдердің өмір сүруінің мәдени, діни, тарихи, саяси, психологиялық түпнұсқалары, оның ұлттық әдебиетте қолданылуы, сонымен қатар лингвистикалық жаһанданудың белсенді үдерістері, бұқаралық ақпарат құралдары мен бұқаралық мәдениет тарапынан байқалады. Әлемдік жаһандану үдерістері тілдердің дамуына үлкен әсер етеді: жаңа халықаралық коннотациялар пайда болады, үнемі жаңа тіларалық метафоралардың, салғастырулардың, фразеологиялық бірліктердің және т.б. қалыптасу үдерісі жүреді.

Мысалы, «*Айдаһар*» мен «*панда*» сөздері Қытайдың көптеген қытайлық субъектілер арасында ғана емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен әдебиеттің арқасында мәдениетте жақсы қолданысқа ие, мысалы, «*龍*» (*Lóng – айдаһар*) қытай ұлтының символы, «*қытай халқы - айдаһардың ұрпақтары*» деп айтылады, «*熊貓*» (*Xióngmāo – панда*) тек Қытайда өмір сүретін сирек кездесетін жануар.

Мақал-мәтелдердің мәдени мәні оның құрылымындағы символдық компоненттің болуында. Н.Д. Арутюнова [47] бейнемен салыстырғанда символдың неғұрлым жоғары семиотикалық мәртебесін көрсетеді. Бұл ішінара символды көбінесе мәдениет тұрғысынан түсіндіруге байланысты, бұл «іс жүзінде символизммен ауыр жүктелген». «*Символизм*», «*символика*» (*symbolism*) терминдері мінез-құлықтың әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын тәсілдерін қамтиды. Символдың тұрақты сипаттамаларының бірі – ол әрқашан мінез-құлықтың неғұрлым жақын делдалдық түрін алмастырушы рөлін атқарады, сондықтан кез-келген «*символизм*» жағдайға байланысты түпнұсқадан тікелей шығаруға болмайтын мағыналардың болуын болжайды. Біз мақал-мәтелдер шындықтың кез-келген құбылысын білдірмейтінін, керісінше, оны бейне түрінде ұсына отырып сипаттайды деп айтқан болатынбыз.

Мақал-мәтелдің бейнелі мазмұны метафоралық мағына ретінде қабылданады, ол сонымен қатар қазіргі мәдени дүниетанымды бейнелейді. Сонымен бірге, мәдени белгіге жататын «дайын» белгілер де мақал-мәтелдердің бейнелік негізіне қатысады.

Бір жағынан тіл мәдениетінің көрінісі болса, екінші жағынан ол белгілі бір тілдік қоғамның мәдениетін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі. Қытай мен қазақ мәдениеттері бір-біріне ұқсамайды. Ұқсастық жағынан алып қарайтын болсақ, қытай және қазақ тілдеріне белгілі таңбаларды беретін семантикалық өрістердің немесе мәдени кодтардың жақындығы. Қазақ тілінде де, қытай мәдениетінде де аңдар, құстар, өсімдіктер, сандар мысалымен берілген көптеген ертегілер мен аңыздар бар. Бейнелердің әрқайсысы символдық мәнге ие. Мақал-мәтелдерде әртүрлі құбылыстардың белгісі бейнеленіп беріледі. Алайда, әртүрлі мәдени фондардың болуына байланысты, қазақ пен қытай санасындағы бір бейне бірдей немесе әр түрлі ассоциация тудыруы мүмкін, ал әртүрлі бейнелер кейде ұқсас белгіні тудыруы мүмкін,

сайып келгенде, кейбір құбылыстардың белгісі тек қазақ тіліне немесе тек қытай тіліне тән. Өртүрлі елдердің адамдары белгілерге әр түрлі көзқараспен қарайтыны анық. Егер біз бұның маңыздылығына назар аудармасақ, кейіңгі қарым-қатынаста түсінбеушілік, кедергілер болуы әбден мүмкін. Қазақ және қытай тілдеріндегі белгілерді оқып үйрену және оларды салғастыру екі елдің мәдениеттері, әдет-ғұрыптары, тілдік әдеттері туралы көбірек білуге көмектеседі және екі халықтың мәдени өзара әрекеттестігін зерттеуге көмектеседі.

Қазақ және қытай мәдениетінде ұқсас және айрықша белгілері бар бейнелер кездеседі. Бұл құбылыстардың бір-бірінен ерекшелігімен, сыртқы келбеті мен сипатының ерекшеленуімен байланысты. Олар қазақ пен қытай ұлты арасында қабылдау немесе қабылдамауды тудырады. Бұл бөлімде біз кейбір бейнелерге салғастыра зерттеу жүргіземіз.

1) Түлкі бейнесі. Қазақ тілінде де, қытай тілінде де түлкі мифологияда «зиянды, қу жануар». Түлкі дәстүрлі түрде қалыптасқан қулық пен алдаудың белгісі деп саналады. Түлкінің бұл символикасы қазақтың «Түлкі мен бөдененің жолдас болуы», «Түлкі, аю және қойшы», «Түлкі мен құмыра», «Түлкі мен тырна», «Түлкі мен қырғауыл», «Ешкі мен түлкі», «Түлкінің айласы» [48] және т.б. ертегілерінде толық сипатталған. Сонымен қатар, түлкі табиғаттан тыс сақтықпен, әрдайым мүмкін болатын қауіпті қамтамасыз етеді деп саналады. Қазақ тіліндегі идиомалар мен паремияларды қарастырайық, олар дәл осы жануар туралы түсінік береді: «Түлкінің жанынан өту»; «Түлкі бәрін құйрығымен жауып тастайды»; «Түлкі жеті қасқырды жетектейді»; «Түлкі құйрығына дақ түсірмейді»; «Түлкі тауықтарды түсінде санайды»; «Түлкідей қу»; «Түлкі - ескі жалапшы»; «Жақсы түлкінің үш тұмсығы бар»; «Түлкі болып кім дәрежеге кірсе, сол дәрежеде қасқыр болады»; «Түлкінің құйрығы ұзын, бірақ ол өздігінен отырмайды»; «Түлкі әрқашан қасқырды тамақтандырады (тіршілік етеді)»; «Түлкі апанына жақын жерде аңға шықпайды»; «Түлкіні батпырауықтан, сұңқардан қорғау үшін құс ауласына жалдады»; «Егер түлкі келмеген болса, қой қасқырды жеп қояр еді», «Айлалы түлкі алдырмас», «Арыстан болсаң жау үшін, Түлкідей болсын әдісің» [19].

Қытайдың ұлттық мәдениетінде де түлкі – айлакерліктің, екіжүзділіктің белгісін бейнелейді. Түлкі жануарымен берілген мақал-мәтелдерде жағымсыз бағалау сипаты бар. Мысалы:

狡猾的狐狸在山根过冬 (Jiǎohuá de húlǐ zài shāngēn guòdōng) – түлкінің қуы бөктерді қыстайды (түлкінің қулығында шек жоқ);

狐狸在洞底, 烟在洞口 (hú lí zài dòng dǐ, yān zài dòng kǒu – түлкісі түбінде, түтіні аузында (адамның қулығын бірдей тану мүмкін емес));

狐狸觅的是肉, 兔子寻的是草 (Húli mì de shì ròu, tùzǐ xún dì shì cǎo – түлкі етке келер, қоян шепке келер (дайын тамаққа келу));

野兽狡猾的是狐狸，牲畜狡猾的是山羊 (Yěshòu jiǎohuá de shì húli, shēngchù jiǎohuá de shì shānyáng – түлкі аңның қуы, ешкі малдың қуы (түлкінің қулығы еш аңға тең келмейді)) [49].

Түлкі алдау мен екіжүздіктің көрінісі бола отырып, әрқашан қытай фольклорында ерекше орын алады. Түлкі – қасқыр, түлкі – жын «түлкі эпосының» тұрақты кейіпкерлері – қытайдың қиял-ғажайып әлемінде алатын орны ерекше, оның ең көрнекті өкілі қытай жазушысы Пу Сунлин [50].

Түлкі – зұлым рухтардың өкілі болып саналады, ерекше сиқырға ие, ол кез-келген кейіпке ену арқылы адамға реинкарнация жасау өнерін меңгертті. Түлкі – сақ, айлакер. Оның басты міндеті – адамдардың өміріне араласу, оларды өзінің арбауына бағындыру, оларды өзінің қулық-сұмдығымен және озбырлығымен баурау. Сұлу қыздардың кейіпін алған түлкілердің арбауына түскен ер адамдар өлім жазасына кесіліп жатады. Қабір жанындағы шұңқырларда өмір сүрген түлкілер өлген жанның бейнесі болып саналады.

Адамдар түлкінің сиқырынан қорғану үшін барлық амалдарды қарастырды және бұл үшін түлкіні тыныштандыру керек деген шешімге келді. Түлкі салттық ғибадаттың нысанына айналды.

Түлкі туралы қалыптасқан бейнені келесі мақал-мәтелдерден көруге болады:

黄鼠狼进屋后变成了狐狸 (huáng shǔ láng jìn wū hòu biàn chéng le hú lí – қасқыр түлкіге айналған - алдамшы ниеттер өте көп (айлакердің мың құбылысы бар; кім айлакер болса, ол бір өзінше адам);

豺狼当道，安问狐狸 (chái láng dāng dào, ān wèn hú lí - қасқыр түлкіден жол сұрайды (жақсы ешнәрсе күтпе; ойында жамандық) [51].

Қытай мақал-мәтелдеріндегі түлкі лексемасының коннотациясы қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бейнелеу формасына ұқсас екенін айқындадық.

2) Ит бейнесі. Қазақ және қытай тілдерінде ит белгісі қос сипатқа ие. Бір жағынан, бұл бейне жағымды коннотацияға ие. Келесі мысалдарды қарастырайық: *Ит жақсысы бозы болар. Ит жақсысы тазы болар; Жақсы ит малдан артық; Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді; Ит иесі үшін, Құс тамағы үшін; Ит те иесін сыйлайды; Ит тойған жеріне, Ер туған жеріне.* Алайда, екінші жағынан, иттің бейнесі бағыну, күшке бағыну; ар-намысты ұмыту, жауға қызмет ету мағынасын иеленеді. Бұл иттің иесінің соңынан жиі жүгіріп, құйрығын бұлғауымен, бейтаныс адамдарды көргенде ойсыз үргенімен байланысты. Сондықтан адамдарда итке деген теріс көзқарас қалыптасқан. Осыған байланысты мақал-мәтелдер қазақ тілінде өте көп кездеседі, мысалы: *Ит жаманы тұз қорыр, Жігіт жаманы қыз қорыр; Пейілі жаманды ит қабады, Ниеті жаманды Құдай табады; Құрдас не демейді, ит не жемейді; Дау құтырса, биін табар, Ит құтырса, иесін қабар; Екі даугер ауыл болмас, Ит күшіктен сауын болмас;* [52].

Қытай тілінде итті адалдығы мен шынайылығы үшін мадақтайтын мақал-мәтелдер бар. Мысалы,

狗鼻子总会闻着地 (gǒu bí zi zǒng huì wén zhe de – *ит тұмсығы жерге жатпас*).

狗不嫌家穷，人不嫌地薄 (gǒu bù xián jiā qióng, rén bù xián de báo – *ит иесін кедейсінбейді, адам жұртын қораишсынбайды*) [49];

Алайда, екінші жағынан, иттің бейнесі басқа символдық мәнге ие: бағыну, күшке бағыну; ар-намысты ұмыту, жауға қызмет ету. Мұндай сөз тіркестері қазақ тілінде өте көп, мысалы: *Иттің баласы; Арттан ерген ит сияқты; Иттің өлімі; Иесінің артынан жүгірген ит сияқты*. Қытай тілінде ит сөзімен тіркестерді қарастыратын болсақ, олар қара сөздер ретінде қолданылады. Мысалы, 狗头军师 (gǒu tóu jūn shī – *иттің басы бар стратег (кеңесші болады)*); 狐朋狗友 (hú péng gǒu yǒu – *жаман серіктестер, шірік достар*); 落水狗 (luò shuǐ gǒu – *суға құлаған ит (қиындыққа тап болған бейшара)*); 蝇营狗苟 (Yíng yíng gǒu gǒu – *шыбын сияқты сырғанау, иттей жорғалау; жалтару, ойнау; айлакер*); 狗仗人势 (gǒu zhàng rén shì – *иесінің артында отырып, басқаларға қысым көрсету; иесінің артында отырып, басқаларды ренжіту; артында қожасы бола тұра, басқаларға қысым жасау*) [48].

Қазақ және қытай мәдениетінде «есек» бейнесі «қыңыр, ақымақ» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, қазақ тілінде «*ақымақты сөйлеуінен біл, есегін құлағынан біл*» деген сөз бар. Онда есекті ақымақпен салыстырады, яғни есектің ақымақтығы айқын көрінеді. Келесі мысалдарды қарастырайық: *Бір қыздың кесірі қырық есекке жүк; Есек болса, ерттеуші табылар; Есекті ысқылағанша, иығын шұқыла; Есеп білмеген есек және т.б.* Қытай халқы үнемі қыңырлық танытқан адамды есек деп атайды. Есек жайлы мақал-мәтелдер: 有毛驴，虽然比没有强，可要是牲畜，还算不上 (Yǒu máolǘ, suīrán bǐ méiyǒu qiáng, kě yào shuō shì shìxù, hái suàn bù shàng – *Есек барға саналса да малға саналмайды*); 驴子配不上鞍 (Lǘzi pèi bù shàng ān – *есекке күміс ер жараспас*); 骑毛驴等于骑自己的劳力 (Qí máolǘ děngyú qí zìjǐ de láolì – *есек мінген еңбегін мінер*); 驴肥了，踢主人 (Lǘ fēile, tī zhǔrén – *Есек семірсе иесін тебер*); 驴子肉不洁净，力气却没什么不洁净 (Lǘzi ròu bù jiéjìng, lìqì què méishénme bù jiéjìng – *Есектің еті арам күші адал*); 不管怎么打，毛驴成不了马 (Bùguǎn zěnmē dǎ, máolǘ chéng bùliǎo mǎ – *Есекті қанша ұрсаң да ат болмас*) [48].

Өсіресе Қытайдың солтүстігінде «*倔驴*» (Jué lǘ – *қыңыр есек*) сөздері жиі айтылады. Сонымен қатар, қытай тілінде есек «*қабілетсіз жануар*» деп саналады. Төменде бірнеше мысалды қарастырайық: 驴肝肺 (Lǘgānfèi – *қасқырдың жүрегі мен есектің өкпесі (қатыгез, жауыз, адамгершілікке жатпайтын, ұятсыз; зұлым)*); 非驴非马 (Fēi lǘ fēi mǎ – *есек те емес, ат та емес (мынау да, анау да емес, балық та, ет те емес, ештеңеге ұқсамайды)*); 卸磨杀驴 (Xiè mò shā lǘ – *тегістен болғаннан соң есекті өлтіру (енді қажет емес адамдардан құтылу;; ризашылық танытпау)*); 黔驴技穷 (Qiánlǘjìqióng – *Гуйчжоудан шыққан есектің өнері құрғап қалды (өзінің әлсіздігін, өлімтік*

екенін таныту); 驴唇不对马嘴 (lǚchún bùduì mǎzuǐ – есектің басы жылқының аузына сыймайды (сәйкестік жоқ, бір ұшы мен бір ұшы жанаспайды) [51].

Жылан бейнесі. Жылан сөзі қазақ халқында теріс мағынада қолданылады. Қазақ халқы үшін жылан – зұлымдықтың, алдаудың белгісін иеленсе де жыланды киелі деп санаған, Ғафу Қайырбековтың «Арасанның иесі – Сарбас жылан» атты жыр шумақтарында көрініс тапқан.

«Арасанның иесі – Сарбас жылан», –

Естігенде осыны қалмас шыдам,

Қан салқындап, жүрегін баяу соғып,

Деп тұрғандай миың да:

«ал, қаш, бұдан!».

Шипалы су шыққалы осы маңнан,

Сарбас жылан сол жерге көшіп алған.

«Садақаны көп берсе сауықтырып,

Сараңдардан қақсатып өшін алған» [53].

Қазақ халқының жылан тақырыбындағы мақал-мәтелдері: *Иштен шыққан шұбар жылан; Жазды күні жыланнан қорыққан, Қысты күні ала жіптен аттамас; Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, Жаман-жаман сөйлесең, пышақ қынынан шығады; Адам бір сөйлескенде жылан, Екінші сөйлескенде құлан, Үшінші сөйлескенде адам; Жеріне қарай жыланы, Тауына қарай қыраны* [54].

Қытай халқы жыланмен «алдау, уыттылық және арбау» деген мағынаны байланыстырады. Бала кезден бастап ата-аналар балаларына: «Шөбі қалың жерге бармаңдар, әйтпесе жылан шағып алады!»- деп жатады. Бұл адамдардың жыланды жақтырмайтынын көрсетеді. Қытай мақал-мәтелдері: 杀条蛇, 算是个功德 (Shā tiáo shé, suànshì gè gōngdé – Жыланды өлтіргеннің сауабы бар); 蛇委迤而行, 拖着身子进洞 (Shé wēi yí ér xíng, tuōzhe shēnzi jìn dòng – жылан ирелеңдеп жүреді, сүйрелеңдеп кіреді); 蛇的毒在头上, 大意着之敌在身旁 (Shé de dú zài tóu shàng, dà yì zhe zhī dī zài shēn biān – жыланның уы басында, байқамағанның жауы қасында; сөз тіркестері): 牛鬼蛇神 (Niúguǐ shéshén – өгіз жын және жылан рух жиіркенішті, құбыжық; б) төмен адам, қоқыс); 虎头蛇尾 (Hǔtóushéwěi – жолбарыстың басы, жыланның құйрығы (құлдырауға бару; толық емес; ештеңемен бітпей); 画蛇添足 (Huàshétiānzú – жыланның суретін салып, оның аяқтарын сызу (тым көп істеу, артық істеу, арбадағы бесінші доңғалақ иттің бесінші аяғы сияқты, ертегілер ойлап табу); 引蛇出洞 (yǐn shé chū dòng – жыланды өз тесігінен шығарып алу (сатқынға арналған жем)) [49].

Сан бейнесі.

Қытай тіліндегі сандардың ұлттық-мәдени аспектісін қазақ тілімен салғастыра талдайтын болсақ, екі халықтың мәдениетіндегі ұқсастықпен бірге материалдық мәдениетіне сай өзгеше ұлттық дүниетанымын да байқауға

болады. Мысалы, «一» (yī) «бір» ең кіші натурал сан болуымен қатар, барлық натурал сандардың «бірге» қосылу жиынтығының соңғы нәтижесі ретінде жалпы түсінікке ие. Сол себепті математик ғалымдар «бірді» барлық санның анасы деп атайды [55]. Қытай халқы «бір» санын аса қадір тұтады. 一旦蛇咬, 三年怕井绳 (Yīdàn shé yǎo, sān niǎn pà jǐng shéng – жылан бір шаққан адам үш жыл қауғаның жібінен қорқып жүреді), бұл тұрақты тіркес қазақ тіліндегі «аузы күйген үріп ішеді» немесе «қорыққанға қос көрінеді» деген тұрақты тіркесімен көрсетуге болады.

«Екі» санымен берілетін өрнектер бірдей жиілікке ие және қазақ және қытай тілдеріндегі семантикасы ұқсас. Ол нақты сандық мәнді, сонымен қатар «аздық, сапасыздық» мағынасын да береді.

«Екі» санына байланысты қытай тілінің тұрақты тіркестері: 二者不可得兼 (Èr zhě bùkě dé jiān – сіз екеуінің біреуіне ғана ие бола аласыз, екеуі де емес); 二百五 (èr bǎi wǔ – ақымақ, тентек); 一穷二白 (Yīqióng'èrbái – кедей және мәдени жағынан артта қалған (ел туралы), кедейлік пен сауатсыздық; экономикалық кедейлік пен мәдени артта қалу. Екінші жағынан, «2» саны қиялдағы сан негізінде қолданылады. Мысалы, 二话没说 (Èrhuà méi shuō – өте қарапайым әрекет ету); 二话 (èr huà – ақымақтық, бос сөз) [56].

Түс бейнесі.

«Қара түс» қытай тілінде оң және теріс семантикалық мағына иеленеді. Мысалы: 白沙在涅, 与之俱黑 (báishā zài niè, yǔ zhī jù hēi – нирвана қара топырағы. Қара топырақта майда ақ құм араласса, онымен бірге қарайып кетеді. Бұл лас ортадағы жақсы адамға немесе затқа арналған метафора және ол лас ортамен бірге бұзылады деген мағынада беріліп тұр); 近朱者赤, 近墨者黑 (jìnzhū zhě chì, jìnmòzhě hēi – Жақсы адамға жақын болу адамды жақсартады, ал жаман адамға жақын болу адамды жаман етеді); сөз тіркестер: 月黑风高 (yuè hēi fēng gāo – қатты дауылды түн (қиын жағдай) [56]. Қазақ тілінде «қара» түс жағымсыз түс ретінде қолданылады. Мысалы: Ақ ақталар, қара байланар; Қайғың қара қазан болсын; Қара бет жазылмайды, жара бет жазылады [19].

«Ақ» түс қытай халқының дәстүрінде шындықтың, тазалықтың белгісі, сонымен қатар ақ түс – аза тұту түсі болып саналады. Ақ түс «жоқ» деген мағынада да қолданылады: ерте заманда білім алмаған, мәдениеттен жұрдай болған адамдарды – «白丁» деп атаған. Қазір «白饭», «白开水» деген сөздерді кездестіреміз, бұл сөздердегі «白» – «жоқ» деген мағына береді, «白饭», «白开水» – тамақ жоқ, су жоқ деп аударылады. Ақ түске қатысты: –真相大白 (zhēnxiāngdà bái – бүкіл шындық ашылады, шынайы жағдай толық ашылады); 白手起家 (báishǒuqǐ jiā – жалаң қолмен кәсіп бастау; нөлден бастау (өз жағдайын өзі жасау) Ақ түс қазақ халқында ең алдымен адалдықтың белгісі, тазалық, пәктік символы. Мысалы, Су бергенге сүйіңді бергін, ақ ниетіңді

білсін; Ісің ақ болса, құдайың жақ болады; Аталы сөзге арсыз жауап қайырар, ақ пен қараны шындық айырар [19].

«Қызыл түс» қытай халқы үшін өте маңызды орын иеленеді, өмірдің, бақыттың символы, жақсылық белгісі саналады. Мереке кезінде қытай халқы қызық түсті киім киеді, үйді қызыл түспен безендіреді, сыйлыққа қызыл түсті конвертке ақша салып береді. Қытай тілінде қызыл түске қатысты мақал-мәтелдер жоқтың қасы, тұрақты тіркестер чэнюйлер кездеседі: 大红大紫 (*dàhóngdà zǐ* – түрлі-түсті, ашық-шашық 2) табысқа жету, атақты болу, бас айналдыратын табысқа жету); 赤舌烧城 (*chìshéshāochéng* - қызыл тіл бекініс қабырғаларын өртеп жібереді (өсек-аяң)); 唇红齿白 (*chúnhóng chǐbái* – ақ тісті қызыл ерінді (әдеме сыртқы келбет)) [56]. Қазақ халқы үшін «қызыл түс» күн, отпен байланысты. Қызыл түс қуаныш, сұлулық символы. Қазақ халқында «қызыл» сөзімен берілген мақал-мәтелдерді қарастырайық: Қызғанғаның қызыл итке жем болады (қызғаныш); Бұрынғының қыздары қырмызы қызыл жібектей, ендігінің қыздары түбі түскен шелектей; Қыздың көзі қызылда, әйелдің көзі әдеміде; Өнер алды қызыл тіл, орнын тауып сөйлей біл [19].

Жасыл түс қазақ халқында үмітті білдіреді, тыныштық, бейбітшілік, сәттілік, жаңару, денсаулық, сергектік түсі, жастықтың символы. Мақал-мәтелдер қарастырайық: Жау іздегенге жасыл түссін; Жасыл желек жердің көркі; Жасыл киген жас-жаран – елдің сәні, қызғалдақ гүл құлпырған – жердің сәні. Қытай тілінде «жасыл» түс символикасы - денсаулық, гүлдену және үйлесімділіктің түсі. Мысалы, 绿色环保大家创, 生态发展奔小康 (*Lǜsè huánbǎo dàjiā chuàng, shēngtài fāzhǎn bèn xiǎokāng*) – Әр адам жасыл қоршаған ортаны қорғайды, экологиялық даму қоғамның әл-ауқатын жақсартады; 学校是我家, 绿化靠大家 (*Xuéxiào shì wǒjiā, lǜhuà kào dàjiā*) – мектеп – менің үйім, көгалдандыру барлығының борышы; 人人参与环保, 共建绿色地球 (*Rén rén shēn yǔ huánbǎo, gòng jiàn lǜsè dìqiú*) – кез келген адам қоршаған ортаны қорғау керек [19]. Көк түс қазақ халқының дүниетанымында көкке табынудың, аспанның символы. Алайда, көк түсімен берілген мағынасы мақал-мәтелдерде ауыспалы мағынада қолданылып келеді, мысалы: Көк инемен көктеу білмейді; Көк итті көп ит жеңеді (долылық). Көк және көгілдір түстер қытайлықтар гаммасында болмаған, сондықтан бұл түстер жасыл түспен қолданылады.

Сары түс – қытайлықтар үшін жел элементімен байланысты, яғни тұқым беру, тамақтану және ауысу, себебі жерге себілген тұқым өсу процесі кезінде өзгерістерге ұшырайды. Бұл құбылыстар түстер гаммасына да таралған. Сары түс тұрақтылықты, өнім беруді, арқа сүйеуді, заң, табыс және мәңгілікті білдіреді. Сонымен қатар, сары түс император жанұясымен байланысты. Цин династиясында сары түсті киімді тек император ғана киетін болған, император сөзі қытай тілінде «黄帝» (*huángdì* – император) сөзімен беріледі. Мысалы,

Қазақ тілі үшін сары түс – ақыл-ойдың түсі, жастықтың түсі. Сары түсінің ауыспалы мағынасы да бар: сарғайып қалған, олғын тартқан деген мағынада да қолданылады. Мысалы, *Қара кісіден қан шыққанша, сары кісінің жаны шығады; Өсектен сау сонау қыз, шайқалмаған сары уыз; Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа* [19].

Қарастырған мысалдардан қазақ және қытай тілдеріндегі бірдей мағыналы сөздердің ауыспалы мағына иеленетін жағдайларын байқадық.

Қазақ және қытай тілдерінде зоонимдермен қолданылатын мақал-мәтелдер айтарлықтай ерекше орын алады. Жануарлар адамның әртүрлі қасиеттерін бейнелейді, мысалы, адамның мінезін, темпераментін, сыртқы келбетін, алайда қоршаған табиғи орта, мәдени және тарихи айырмашылықтарға, ұлттық менталитке байланысты, қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдер символикасы жалпы және ерекше белгілерді анықтайды [57].

Айдаһар бейнесінің символикасы. Қытай мәдениетінің ұлттық рәміздерінде ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуында, мәдени дәстүрлер сабақтастығында жануарлар маңызды орында. Негізгі төрт «қасиетті жануар» - «龙» (айдаһар), «凤凰» (самұрық), «麒麟» (цилин) (мүйіз тұмсық) және «龟» (тасбақа). Осы төрттікте бірінші орын айдаһарға тиесілі. Ежелден қытайлықтар қастерлейтін айдаһар әлі күнге дейін Қытайдың негізгі ұлттық символы болып келе жатыр. Қытай ұлты өздерін «айдаһардың ұрпақтары» деп атайды.

Жылқының басымен, жыланның денесімен балық қабыршақтары жабылған, бүркіт пен бұғы мүйізінің тырнақтары бар бұл мифтік жануар бастапқыда су мен ауа элементтерінің билеушісі болып саналды, содан кейін айдаһар империялық билікте императордың құрметіне ие болды. Айдаһардың сырт келбеті қорқынышты болса да, жақсылықтың, бейбітшілік пен өркендеудің, жеңіл күштің бейнесін сомдайды, ал даосизмде - шығармашылық күштің символы болып саналады. Батыс мәдениетінде айдаһар - қорқынышты құбыжық, зұлымдықтың символы. Мақал-мәтелдерде айдаһар - билеуші бейнесінің, күш, қажымас қайрат символы [58]. Мысалы, *一笔画不成龙, 一锹挖不出井* (*yī bǐ huà bù chénglóng, yī qiāo wā bù chūjǐng* – Бір сермен айдаһар жасай алмайсың, бір күрекпен құдық қазбайсың) ; *龙无云不行, 鱼无水不生* (*lóngwúyún bùxíng, yú wú shuǐ bù shēng* – Айдаһар бұлтсыз, балық сусыз өмір сүре алмайды); *父望子成龙, 子望父升天* (*fù wàngzichénglóng, zǐ wàng fùshēng tiān* – Әкесі ұлы айдаһар болады деп үміттенеді, ал ұлы әкесі көкке көтеріледі деп үміттенеді); *吃饭像条龙, 做活像条虫* (*chīfàn xiàng tiáo lóng, zuò huóxiàng tiáo chóng* – Айдаһар секілді тамақтан, құрт сияқты әрекет ет); *上山谈虎, 下海说龙* (*shàngshān tán hǔ, xiàhǎi shuō lóng* – Жолбарыспен сөйлесу үшін тауға көтеріліңіз, айдаһармен сөйлесу үшін теңізге түсіңіз); *是马也有三分龙骨* (*shì mǎ yě yǒu sān fēn lónggǔ* – тіпті жылқының да үш тұғыры бар (әдеттен тыс нәрсені жасай алатын адамдарда әрқашан белгілі бір қабілет

бар деген мағынаны білдіреді); 一龙九种, 种种各下相同 (yī lóng jiǔ zhǒng, zhǒngzhǒng gè xià xiāngtóng – Айдаһардың тоғыз түрі бар, олардың әрқайсысы бірдей (әркімнің әр түрлі қасиеті, хоббиі, әдеті бар); 龙能治水, 人能治火 (lóng néng zhìshuǐ, rén néng zhì huǒ – айдаһар суды басқарады, адам отты басқарады) [59].

Айдаһар ең жоғарғы рухани күшті, шексіздікті, өзгеріс рухын, өзгеру күшін, даналық, күш-қуатты бейнелейді. Қытай ұлты айдаһармен өте жағымды эмоцияларды байланыстырады. Қытайда ата-аналар балаларына (көбінесе ер балаларға) күшті, қабілетті және талантты болып, болашақта жетістікке жетуге көмектесу үшін «龍» сөзімен жиі есім қояды. Қазақ тілінде «айдаһар» 'ашуланшақтық' пен 'қатыгездік' ұғымымен байланысты, ол қытай тіліндегі символдық мағынасынан мүлдем өзгеше. Бұл сөздік анықтамасында көрсетілген: *Бұл дүние уақытша әуре, далбаса, бір тоймайды айдаһардай жалмаса; Айдаһар айға шапшиды* [60];

Самұрық бейнесінің символикасы. Самұрық - бейбітшілік пен тыныштық, адамгершілік пен мейірімділік, ізгілік, некедегі адалдық пен сүйіспеншілік символы. Ол - этеш тұмсықты, қарлығаш егінді, жылан мойынды, денесінде айдаһар тәрізді өрнектері бар, балық құйрықты және тасбақа қабықты құс. Айдаһардың «ежелгі ұрпақтары» бұл ғажайып құстың әлемде пайда болуы аспан әлеміне үлкен гүлдену әкеледі деп сенген [61].

凤凰无宝处不落 (fènghuáng wú bǎochù bù luò – Өзіне пайдасыз істерді істемей); 凤凰不入乌鸦巢 (fènghuáng bù rù wū yā cháo – жақсы адам жаман адамдармен барыс-келіс жасамайды); 凤凰靠羽毛, 姑娘靠衣裳 (fènghuáng kào yǔ máo, gū niáng kào yī shang – самұрық қанатымен көрікті, қыз киімімен көрікті) [62].

Уақыт өте келе самұрық пен айдаһардың философиялық арақатынасы «凤阳龙阴» (fènghuáng lóng yīn) жарық пен қараңғы принциптер ретінде еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынасқа ауысып, айдаһар мен самұрық орындары ауысты: айдаһар ерлер принципін «阳», самұрық – әйел принципін білдіреді «阴» (қытайдың екі буынды 凤凰 «самұрық» сөзінің сөзбе-сөз «凤 еркек самұрық, 凰 әйел самұрық», бұл махаббат пен сүйіспеншілікті, неке адалдығын бейнелейді) [63].

Ертеде император мен оның әйелдері мен күндерін «аспан айдаһары» және «жердегі самұрық» деп аталған. Айдаһар мен самұрықтың бейнелерін басқа ұғымдармен байланыстыруға болады: 龙飞凤舞 (lóng fēi fèng wǔ – айдаһардың ұшуы, феникстің биі (ауқымы ауқымды; айбынды күш; сыпыру, каллиграфиядағы қолжазба).

Қазақ тілінде «самұрық» лексемасы бірнеше мағынаға ие:

- кейбір ежелгі халықтардың мифологиясында: қартайған шағында өзін-өзі өртеп, жас күлден қайта шыққан ертегі құсы (мәңгілік жаңарудың, қайта

туылудың белгісі ретінде қолданылады). - Сіз, шынымен де, үй жануарынан көтерілген ертегідегі феникс құсына ұқсайсыз.

- қасиетті саналады. «Шығыс халықтарының ертедегі аңыз ертегілерінде Феникс құсы от тәрізді қызыл ала – сары ала түстес келіп, нұрдан жаралғаны туралы наным бар. Ол өлгенде жаны аспанға ұшып кетеді екен. Құдай бар болса, Сары ала қаз тұқымы үзілмейді, өртенсе, күлінен қайта тіріліп кететін әулие іспеттес. Өйткені «сары ала қаз аспаннан отқа оранып, көл үстіне шырылдап түседі» дейді. Ол адам аяғы баса бермейтін биік тауларда тіршілік етіп, шың басындағы қазан шұңқырлардың мөлдір, тұнық суларында балапанын өргізеді екен [64].

Жоғарыда берілген бірінші мағынада орта ғасырларда пайда болған «күлден шыққан самұрық секілді көтерілу» («күлден көтерілу») қазақ тілінің фразеологиялық бірлігінде қолданылады. Самұрық - ежелгі мысырлықтардың аңызға айналған қасиетті құсы. Кейінірек бұл миф Ежелгі Грецияда пайда болды, онда ол екі нұсқада айтылды: Самұрық - Мысырға бес жүз жыл сайын, Ра күн құдайының ғибадатханасына ұшып келетін ашық қызыл, отты түктермен жабылған құс. Онда бұл құс салтанатты түрде өртенеді, бірақ ол күлден қайта туады және қырық күннен соң Үндістанға ұшады. Басқа аңыздарға сәйкес, бұл қасиетті құс ұясында өзін-өзі өртейді, содан кейін тіріліп, ұядан ұшып шығады. Біртіндеп «самұрық» лексемасы да, «күлден көтерілген» фразеологиялық бірлік те уақытша өмір сүруі тоқтап, о дүниеге аттанып, кейін қайта тірілген адамға қатысты қолданылады. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде «самұрық» компонентінің мағыналары денотативті және коннотативті түрде қиылыспайтынын көреміз.

Концептуалды сандармен ұсынылған сандар коды, Тан Аошуан атап өткендей [65], метафора түрін тудыратын уақыт пен кеңістікті сандық анықтаудың белгілі тәсілдерімен көрсетілген тілдің поэтикалық қызметін көрсетеді. Сандардың мағынасы әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде көрініс табады. Дәстүр бойынша, қазақ халқы жұп сандар зұлым рухты бейнелейді, тақ сандар (он үштен басқа) бақытты бейнелейді деп санайды.

Мақал-мәтелдердің едәуір санында «бір» компоненті бар. Мысалы, бір өлшеммен өлшеу - адамдарды, құбылыстарды, жағдайды бағалауда жеке ерекшеліктерін ескермей, дәл солай қарастыру. Адамдар туралы; 1. бір тиын сияқты, жалпы (тұтас); 2. дәл; нақты; артық та емес, кем де емес. Азық-түлік, тағам туралы - бірдей (өлшемі, сапасы және т.б. бойынша).

Тақ сандардың артықшылығы - адамдардың санасында мистикалық бейне қалыптастырады, олар жұп сандарға қарағанда едәуір маңызды орын алады. Бұл сандар көбінесе ертегілерде, аңыздарда, наным-сенімдерде кездеседі. Осыған байланысты мақал-мәтелдер бар. Қытай халқының наным-сенімінде жұп сандар бақыт пен қуаныштың белгісі, үйлену тойында айқын көрінеді. Мысалы, 囍 бақытты оқиғалар - ерлі-зайыптылар болып табылады; 双喜 есік алдына қос бақыт келді [66].

Қытай тіліндегі «бір» саны барлық нәрсенің бастауы және қайнар көзі болып саналды. Бұл сан парадоксалды түрде аздық идеясын да, кешенділік идеясын да біріктіреді. Мысалы, 一饱为足, 十饱伤人 *Yī bǎo wèi zú, shí bǎo shāng rén* бір тойып тамақ ішу жеткілікті, он тамақтану зиян; 一笔画不成龙, 一锹挖不出井 *Yī bǐhuà bù chénglóng, yī qiāo wā bù chūjǐng* қолды бір сермен айдаһар жасай алмайсың, бір күрекпен құдық қазбайсың (бір түнде бір нәрсені істеу мүмкін емес, бірнеше проценттен өту керек); 一寸光阴一寸金, 寸金难买寸光阴 *Yīcùn guāngyīn yīcùn jīn, cùn jīn nán mǎi cùn guāngyīn* бір дюйм уақыт бір дюйм алтынга тең, ал бір дюйм алтынга бір дюйм уақытты сатып ала алмайды (уақыт өте қымбат); 一人传虚, 百人传实 *Yīrén chuán xū, bǎirén chuán shí* бір адам негізсіз бірдеңені таратып, көп адамдар соған ілессе, ол шынайы болып саналады; 一天省一把, 十年买匹马 *Yītiān shěng yī bǎ, shí nián mǎi pǐ mǎ* аз жинасаң көп аласың, үнемшіл болсаң бай боласың [67].

Қорыта айтсақ, мәдени коннотация мақал-мәтелдердің ішкі формасымен тығыз байланысты, ішкі форма халықтың рухынан немесе ұлттық рухани күштен туындайтын көп қырлы құбылыс. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде қолданылатын символдар, жануарлар мағынасы ұқсас болғанымен, екі елдің мәдениетіне байланысты айрықша мағына иеленеді.

1.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер – мәдениаралық коммуникация концептісі.

Қазақ халық әдебиеті туындысына жататын ел мұрасының шағын тобы мақал мен мәтел ұлтымыздың рухани өмірінен ерекше орын алады. Халық философиясының қайнар көзі ретінде мақалдар, айрықша өрнекпен берілген тұрақты тіркестер, мәтелдер – ұлттың ойлау көрсеткіші.

Мақал-мәтелдер ұлттың рухани байлығы, сан ғасырлық мәдениеттің көркем көрінісі болып қоймайды, белгілі бір халықтың ой-санасы, зердесі мен даналық деңгейінің жарқын шежіресі.

Қытай және қазақ ұлтында мақал-мәтелдерге деген қызығушылықтары ешқашан маңызын жоғалқан емес. Бұл, ең алдымен, қысқа, нақты, бейнелі түрде тілдің таңғажайып мүмкіндіктеріне әр түрлі оқиғаларды, адамдардың бір-біріне және күнделікті өмірде оларды қоршаған ортаға деген көзқарастарын, адамның мінездері мен эмоцияларын, артықшылықтары мен кемшіліктерін және т.б. бейнелейтін тілдік бірліктер болып табылады.

Мақал-мәтелдер – ұлттық мәдениеттің, оның өзіндік ерекшелігінің, бояуының жарқын көрінісі. Мақал-мәтелдер – тарихи кезеңдерде империялық әулеттердің, ұлы шайқас кезіндегі жеңіс пен жеңіліс құпияларын сақтаушы болып табылады. Мақал-мәтелдер – халық даналығы, халық тапқырлығы. Фразеологиялық бірліктерді сөйлеу барысында дұрыс қолдана білу Қытайда әрқашан жоғары бағаланған және білім мен көрегендіктің көрсеткіші болып саналады [68].

Әлемнің тілдік бейнесі – лингвомәдениеттанудың негізгі ұғымдарының бірі. Қазіргі таңда лингвомәдениеттану жеке ғылым ретінде қалыптасқан, ол туралы зерттеу нәтижелері қазақстандық ғалымдар А.Б. Салқынбай, Р.А. Авакова, Н.У. Уәлиев, А.Д. Сейсенова, Г.Н. Смағұлова, А.И. Ислам, А.М. Алдашева; орыс ғалымдарынан В.Н. Телия, В.В. Воробьев, В.А. Маслова, В.В. Красных, Е.И. Зиновьева, Е.Е. Юрков, Н.Ф. Алефиренко, Ю.С. Степанов және басқа да тіл білімі саласындағы ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Осы ғылыми бағыт аясында көптеген монографиялар, кандидаттық және докторлық диссертациялар, мақалалар жазылды, сөздіктер жарық көрді.

Е.И. Зиновьева: «лингвомәдениеттану – белгілі деңгейдегі лингвистикалық бірліктерді, сөйлеу әрекетін және оның белгілі бір деңгейлерін, сөйлеу тәртібін, дискурсты зерттеу арқылы белгілі бір тілде сөйлеушілер әлемі туралы білімді ұсынудың әртүрлі тәсілдерін зерттейтін лингвистикалық филология ғылымы болып табылады. Бұл талданған бірліктердің мағынасын, оның реңктерін, коннотациясы мен ана тілділердің санасын бейнелейтін ассоциацияларды толық ашатын сипаттама беруге мүмкіндік туғызуы керек» [69].

Мақал-мәтелдер бізден алыстағы хронологиялық кезеңдерде пайда болған және көбінесе лингвомәдениеттану саласында бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан әлем туралы ақпарат беретін білім мен психикалық қатынастарды білдіреді, сол арқылы бізді қызықтыратын әлемнің ұлттық бейнесін көре аламыз [70].

Қытайда «语言文化学» (Yǔyán wénhuà xué - Лингвомәдениеттану) негізін қалаған қытай лингвистері Ю Жуцзе (游汝杰) және Чжоу Чжэньхе (周振鹤) болып саналады. Қытайдағы лингвомәдениеттану шеңберінде Шен Сяолун (申小龙) (1990), Ши Юйвэй (Shi Yuwei) (1991), Дуан Мули (Duan Muli) (1993), Чэнь Цзяньминь (陈建民) және Тан Цзимин (Tan Jimin) (1993), Чжу Ваньцзин (Zhu Wanjing) (1985), т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Қытай лингвистері лингвомәдениеттануды әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырады, яғни: тіл мен мәдениеттің байланысын зерттейтін ғылым ретінде [71]; мәдени көрініспен байланысты тілдік құбылыстарды түсіндіретін ғылым негізіндегі мәдени психология [72].

Қытай лингвистерінің еңбектерінде тіл мен мәдениеттің изоморфизмі – екі бағытты өзара байланысты мәдени лингвистика» мектебінде - тіл мен мәдениеттің өзара байланысына негізделген; «қоғамдық-әлеуметтік лингвомәдениеттану» мектебі - қытай тілі жүйесінің қызметі мәдениетпен жан-жақты негізделу арқылы көрініс тапқан.

Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы пәніне қатысты Ш.Уалиханов, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уалиев, Г. Смағұлова және т.б. мәдениетті тілден бөліп қарамай, тіл – мәдениеттің бір көрінісі, олардың арақатынасы ерекше деп атап көрсетеді.

Г. Смағұлова ұлттық тіл мен ұлт мәдениетінің тоғысуындағы өзара байланысты анықтап, мәдениет ұғымын мағыналас фразеологизмдердің бойынан тіл аспектісінде қарастырған. Ол өз еңбегінде лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін былайша көрсетеді: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерделеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз, заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте тіл – ұлт мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» [73]. «Әлем бейнесі» термині алғашында физика шеңберінде пайда болды. Бұл терминді Г. Герц [74] оны алғашқылардың бірі болып ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында ұсынған еді. ХХ ғасырдың 60 жылдарынан бастап әлем бейнесінің мәселелері семиотика шеңберінде қарастырыла бастады, одан кейін – лингвистика шеңберінде қарастырылды.

Е.М. Абақан өзінің «Тілдің мәдени философиясы» атты еңбегінде: «Тіл білімінде «әлемнің бейнесі» және «әлемнің ұлттық бейнесі» термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде әлем бейнесінің жасалуы жеке тұлғаға, не болмаса, барша адамға тиесілі құбылыс негізінде зерттеледі. Адамның ойында оның когнитивтік, танымдық (гносеологиялық) сипаты пайда болады. Алайда, «әлемнің тілдік бейнесі» тікелей қоршаған ортаның бейнесі бола алмайды, себебі, тіл пен болмыс арасында адамның санасы тұрады» деген пікір айтады [75].

Ж.И. Исаеваның «Дүниенің паремиологиялық бейнесі лингвомәдениет танымдық аспект» атты диссертациясында 21 ғасырдағы антропоцентристік парадигманың нәтижесінде тіл мен халық, тіл мен мәдениет, тіл мен таным арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық проблемасын жан-жақты зерттеуді мақсат ететін интеграциялық жаңа үрдістегі лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнопсихоллингвистика секілді ғылыми бағыттар қалыптасып, өте тез дами бастағаны жөнінде айтады [76].

Белгілі паремиолог Ә. Қайдар пайымдауынша, «қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білу үшін дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық тұрғысынан маңызы зор. Себебі, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың барлығына дерлік мақал-мәтелдің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан қалыптасқан табиғи бірізділік бар. Ол бірізділік барша заттар мен құбылыстарды үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай жинақтап қарағанда ғана көрінеді» [77].

В.П. Руднев өзінің «ХХ ғасыр мәдениетінің сөздігі. Негізгі ұғымдар мен мәтіндер» атты еңбегінде «әлем бейнесі – бұл шындық туралы интуитивті идеялар жүйесі» деп жазады. Автор ұлттың, әлеуметтік және кәсіби топтың және жеке тұлға әлемінің бейнесін бөліп алуға, сипаттауға немесе қайта құруға болатындығын атап өтті [78]. Бұл зерттеуде бізді әлемдегі қытай бейнесіне ұқсас фрагмент аясында мақал-мәтелдерде ауызша жазылған қазақтың ұлттық әлем туралы бейнесі қызықтырды. Автор өз еңбегінде Әлемнің

тұжырымдамалық және тілдік бейнесін (ӘТБ) сипаттап көрсеткен. Әлемнің концептуалдық бейнесі (ӘКБ) «шындықты ойша бейнелеудің нәтижесі болып табылатын білімді ғана емес, сонымен қатар сезім танымының нәтижесін де» қамтыған. Ал, әлемнің тілдік бейнесі (ӘТБ) – бұл «тірі, сөйлеу тілдері арқылы бекітілген сыртқы және ішкі әлем туралы барлық ақпарат» деп көрсеткен. Зерттеуші ӘКБ-ің ортақ тұсы - тұжырымдамада берілген ақпаратты бейнелейтін қасиеті, ал ӘТБ-де ең бастысы белгілі бір сөйлеу тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінде бекітілген білім екенін атап өтеді. ӘТБ қарағанда ӘКБ ұғымы кең, себебі ол ойлаудың әр түрлі типтерін, сондай-ақ вербальды емес түрлерін де қамтиды. ӘТБ құрамында «сөздер, сөз түрлендіретін және сөз жасайтын пішімдер мен синтаксистік құрылымдар» бар [79].

Әлемнің ғылыми және аңғал бейнесін бөліп қарастыруға болады. Әлемнің аңғал бейнесінің ғылыми бейнеден айырмашылығы, ол адамның күнделікті санасын бейнелеп көрсетеді. Бізді мақал-мәтелдерде бейнеленген әлемнің аңғал бейнесі қызықтырады.

«Әлемнің тілдік бейнесі» терминін анықтауға көптеген тіл мамандары атсалысты.

Ю.Д. Апресян кез-келген табиғи тілде әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі бейнеленеді дегенге орынды сенеді. Ондағы мағыналар «белгілі бір тұтас көзқарастар жүйесін, барлық ана тілділерге міндетті деп жүктелген ұжымдық философияның өзіндік түрін қосады. Тілге тән әлемге деген көзқарасты бейнелеу тәсілі ішінара әмбебап, ішінара ұлттық сипатқа ие, сондықтан әртүрлі тілдерде сөйлеушілер әлемді өз тілдерінің призмасынан сәл өзгеше көре алады» [80]. Ю.Д. Апресян термин арқылы нақты лингвистикалық қоғамдастық үшін тілде бекітілген және нақтылықты қабылдау сызбасымен түсіндіреді. ӘТБ – «тіл призмасы арқылы дүниетанымның бір түрі» деп айтады.

А.Д. Шмелев әлемге деген ұлттық көзқарасына тән әр түрлі мағыналық анықтамаларды көрсетеді [81]. Сол анықтамалар арасынан қарастыратынымыз, қазақ және қытай халықтарының мақал-мәтелдерінде ұлттық нақтылық идеялар үйлесімділігі, жалпы, осы әртүрлі мағыналар үйлесімділігі.

Қытайдың дәстүрлі әлемінің бейнесі «көбінесе болмыстың тұтастығын көрсетуге бағытталған» деп айтылады. Онда Платоннан бастап еуропалық мәдениетте қабылданған идеалдық пен материалдық бөліну болған емес, тек ян-инь – белсенді-пассивті, айқын-жасырын, толық-бос және т.б. принципі бойынша көп бағытты өрістер ажыратылды. Мұндай координаттарда ғаламның маңызды қасиеттерінің анықтамалары құрылды, оны қытайлықтар тірі ағза деп есептеді, олардың барлық мүшелері бір-бірімен байланысты, тұтас иерархияда белгілі бір позицияны иеленеді» деген тұжырым жасалды. «Хуайнань-цзы» кітабында (б.з.д. II ғ.) «аспан мен жер, кеңістік пен уақыт (яғни ғарыш) – бір адамның денесі секілді тұтас басқарылады деп айтылған [82].

Тан Аошуан әлемнің қытайлық моделін кеңістіктің, уақыттың, өлшем семантикасының, әлемді қытайлықтар тұжырымдаудағы маңызды жиынтық

деп атап өтті. Ол Конфуций ұстанушыларының этикалық идеясын қамтиды, әлемнің қытайлық аңғал бейнесіндегі интеллектуалды және эмоционалды сезімдердің оқшаулануын анықтауға көмектеседі [65].

«语言世界图景» (Yǔyán shìjiè tújǐng - әлемнің тілдік бейнесі) (ӘТБ) терминін ұсынған көптеген қытай тіл білімі мамандарының анықтамасын анықтауға бұрынғы совет одағының А.А. Уфимцева, Б.А. Серебренников, В.В. Воробьев, В.И. Постовалова, В.И. Телия, В.И. Моисеев, Е.С. Кубрякова, Е.С. Яковлева, Ю.Н. Караулов және басқа да тіл білімі мамандарының қосқан үлестері зор. Көптеген қытай лингвистері Ян Шичжан (杨仕章), Ху Гохуа (Hu Guohua), Ян Сичан (Yan Xiqian), Пэн Вэньчжао (Peng Wengzhao), Тань Линь (Tan Lin), Шэнь Сяолун (Sheng Xiaolun), Ян Хайюнь (Yan Haiyuan) және т.б. бұл терминнің анықтамасын ұсынған. Қытай ғалымдарының пікірінше, ӘТБ – бұл нақты дүниетанымның когнитивті үлгісі және әлем бейнесінің алуан түрлілігінің тілдік көрінісі. Осылайша, қазақ және қытай лингвистикасында «әлемнің тілдік бейнесі» тұжырымдамасына деген көзқарастар негізінен ұқсас деген қорытынды жасауға болады, бұл әлемнің қазақ тілдік бейнесі аясында қытай ұлтының келбетін қарастыруға мүмкіндік береді.

Әлемнің паремиологиялық бейнесі (ӘПБ) – бұл әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлігі. В.И. Постовалова бойынша - ӘПБ – адамның санасына әлемнің қасиеттері жалпы қабылданған стереотиптермен қалыптасқан деп санайды [83]. Л.М. Васильев әр ұлттың өзінің ӘПБ болатынын, оның жалғыз және қайталанбас екенін атап өтті. ӘПБ – мағыналық бөлінген нысандарда лингвистикалық емес шынайылықпен ұсынылатын категорияларға негізделген, яғни: «тілдік үлгі үшін – тілдің семантикалық үлгілері, ал когнитивтік үлгі үшін бұл когнитивті (тұжырымдамалық) категориялар» жатады. Л.М. Васильевтің пікірінше, семантикалық категориялар белгілі бір тілдік құралдарда көрініс табады, қосымша семантикалық мазмұнға ие. Ғалым тілдің когнитивтік категорияларына да назар аударады, ол ӘПБ-нің когнитивтік категориялары қоршаған әлемнің заңдылықтарына бағытталған адамның білімі қамтылатындығын атап өтеді. ӘПБ-нің іске асуы мәдени және лингвистикалық факторларға байланысты [84].

ӘПБ – адамның әлемін бейнелейді, паремиологиялық пайымдауларда көрсетілген бағалауды қамтиды. Сонымен қатар ӘПБ -де этикалық және рационалистік бағалаулар бар, олар әр этностың лингвомәдениетіндегі құндылықтар ауқымымен және тәжірибелік мақсатына байланысты артықшылықтарға негізделген.

Сондай-ақ автор ӘПБ-де бағалау маңызды орын алатындығын, оның антропологиялық категорияның рөлін атқаратындығын, бұл адамдардың материалдық және рухани мәдениеттердегі аксиологиялық қатынастарын білдірудің негізгі құралы екендігін баса айтады.

«Әлемнің және тілдің паремиологиялық қорының бейнесін құру» атты мақаласында Р.Р. Замалетдинов ӘПБ – лингвомәдени тұрақтылықтар мен

адамның ойлау ерекшеліктерін бейнелейтінін, паремиологиялық бірліктердің көпшілігі адамгершілікті білдіреді, әр түрлі ұғымдардың мазмұнын этникалық дүниетаным тұрғысынан анықтайды деп жазады. Паремиологиялық бірліктер қорында адамдардың санасындағы негізгі стереотиптер, мінез-құлық пен идеялардың стандарттары мен нормалары бар. Паремиологиялық қор – ұлттық менталитет пен мәдени ерекшеліктер туралы ақпарат көзі [85].

Р.Р. Замалетдинов лингвомәдениеттану бойынша талдауға негізделген әдістемелік нұсқаулықтарға баса назар аударады, яғни ол: «ұлттық тілдің паремиологиялық қорын халықтың мәдени тәжірибесін жинақтау мен аударудың маңызды құралы ретінде тану; тілдің паремиологиялық кеңістігінің әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің маңызды бөлімдерін вербализациялау аймағы ретінде тұжырымдамалық бірлігімен келісу; паремиялардың әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің құндылықты бояу ерекшеліктерін анықтаудағы маңыздылығын ескеру» деген тұжырымға тоқталады [85].

ӘПБ – әлем туралы жалпыланған, мәдени ақпараттар мен стереотипті идеяларды қамтитын әлемнің тілдік бейнесінің өзгермейтін бөлігі. ӘПБ – халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің жиынтығы болып табылады.

Паремия оқиғаны дұрыс бағалауға бағытталған, әртүрлі ымыраға келу жағдайларын бағалау мен жалпылама қорытындылармен көлемді және полифониялық түрде ұсынылған жағдайларды білдіреді. Ол белгілі бір жағдайды ұлттық менталитетке сәйкес стереотипті көзқараспен сипаттайды. ӘПБ – әлемді тікелей қабылдау, оны түсіну және нақты тану нәтижесінде пайда болады. Ол халықтың санасында туындайды және тұжырымдамалық салаға сүйене отырып, тарихи тұрғыдан шартталады. Сондықтан, ӘПБ шындық және психикалық стереотиптер туралы тұжырымдамалық білімдерден тұрады [86].

Когнитивтік көзқарас шеңберінде ӘПБ: 1) шындық элементтерін жіктеуге; 2) шындыққа талдау жасау: құбылыстар мен оқиғалардың себебін түсіндіру, құбылыстар мен оқиғалардың дамуы мен салдарын болжау; 3) халықтың сенсорлық және рационалды тәжірибесінің жиынтығы ретінде әрекет етеді [87]. Бұл зерттеу жұмысының нысаны – мақал-мәтелдер, әлемнің паремиологиялық бейнесіне енетін бірліктер болғандықтан, «мақал» және «мәтел» терминдерінің мазмұнына және онымен байланысты терминдердің айырмашылығына тоқталайық.

Шетел азаматтарына арналған қытай тілінің оқулықтарында мақал-мәтелдер міндетті түрде енгізіліп, кейбір басылымдарда арнайы қосымшалар жасалады, мысалы, *Supplementary Readings for Elementary Chinese Readers. Annotated Chinese Proverbs*, кітаптар екі-үш тілде шығарылады, онда қытай мақал-мәтелдеріне шетел тілдерінен сәйкестіктер беріліп, олардың мәні мен қолданылуы түсіндіріледі [88].

Ежелгі Қытайда (1949 жылға дейін) мақал-мәтелдер туралы іс жүзінде арнайы зерттеулер жүргізілмеді, бірақ мақал-мәтелдердің әртүрлі мәселелеріне байланысты ғылыми журналдарда мақалалар шығып тұрды, фразеологиялық сөздіктер мен халық фольклорлық сөздерінің жинақтары жарық көрді.

1950 жылдары қытай тіл білімінің, соның ішінде мақал-мәтелдерінің дамуында айтарлықтай өрлеу болды. 1970 жылдардың аяғында, әсіресе 1980 жылдары лексикология, стилистика және фразеология мәселелері бойынша көптеген монографиялар мен мақалалар пайда болды. Бұл жұмыстар көбінесе сипаттама жасау түрінде болды және олар қажетті аналитикалық зерттеулерсіз көбіне көлемді иллюстрациялық материалға айналды.

Бүгінгі таңда мақал-мәтелдердің қытай лингвистикалық ғылымындағы орны өте қарапайым. Мақал-мәтелдер лингвистиканың дербес бөлімі ретінде ерекшеленбейді, мақал-мәтелдердің ішінде лексикология мен стилистика бөлімдеріндегі белгілі бір зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты қарастырылады.

Соған қарамастан, 1980-90 жылдары, сондай-ақ жаңа ғасырдың басында қытай мақал-мәтелдердің жалпы мәселелерін, мақал-мәтелдердің жекелеген түрлерін, мақал-мәтелдердің сипаттамалық ерекшеліктерін лингвистикалық ғылым шеңберінде ғана емес, сонымен қатар бірнеше ғылымдардың түйіскен тұсында қытай және басқа тілдердегі (әсіресе қазақ тілінде) мақал-мәтелдерге салғастырмалы талдау жасалған маңызды ғылыми еңбектер жарық көрді.

ҚХР-да әр түрлі фразеологиялық сөздіктердің, соның ішінде екі тілді мақал-мәтел сөздіктердің саны көп екенін байқауға болады. Бұл құбылыс қытай тілі лексикографиясының жетістіктері мен қоғамның мақал-мәтелге деген қызығушылығын көрсетеді, осындай тілдік бірліктерді зерттеу және олардың сөйлеуде дұрыс қолданылуын ажырату қажеттілігі көрінеді.

Қытай тілінің мақал-мәтелдеріне байланысты тіл білімі саласындағы ғалымдардың еңбектері осы ғылымның дамуына үлкен үлес қосып келеді, әсіресе Ма Гуофан (马国凡), Ни Баюар (悦宝儿), Яо Пыңцы (姚鹏慈), Вэн Дуанчжың (温端政), Бай Юнь (白云) ерекше атап өткен жөн.

Совет одағының қытай тіл біліміндегі фразеология туралы алғашқы ғылыми еңбектерінің арасында А.П. Рогачевтың «Тұрақты тіркестерде көрінетін қытай тілінің идиомалары (成语): Сунь Ятсен мен Мао Цзэдун материалдары негізінде» диссертациясын атап өтуге болады [89].

Кейінірек басқа да ғылыми зерттеулер пайда болды, мысалы: З.И. Баранова «Чэңюй қытай тілінің фразеологиялық бірліктерінің категориясы ретінде» (1969ж.) [90], М.Г. Прядохин «Қытай ескертпелері-аллегориялары» (1977ж.) [91], И.В. Войцехович «Қазіргі қытай тілінің фразеологиялық бірліктерінің негізгі категорияларының стилистикалық ерекшеліктері» (1986ж.) [92]. Қытай тіл білімі бойынша фразеология мәселесін В.И. Горелов, Н.Н. Коротков, А.М. Котов, А.А. Торопов, А.А. Хаматова және басқалары зерттеген. Бұл еңбектерден ғалымдардың фразеологиялық бірлік ретінде – чэнюйді зерттегені белгілі, мақал-мәтел саласы бойынша зерттелмегені анықталды.

Мақал-мәтелдерге арналған еңбектердің ішінен О.А. Корниловтың «Қытай фразеологиясының інжу-маржаны» [93], С.Ю. Сизовтың «Қытайлықтардың көп кездесетін идиомалық тіркестерінің, мақал-мәтелдерінің сөздігі» [94],

И.Р. Кожевниковтың «Қазіргі қытай тілінің әдеттегі сөз тіркестерінің сөздігі» [95] атты ғылыми еңбектерін атап өту керек.

Осылайша, мақал-мәтелдер екі тілде зерттелуінің ұзақ тарихы бар. Ол әр түрлі бағытта дамыды, мақал-мәтелдер туралы ғылымның ҚР-да да, ҚХР-да да алға жылжуына ықпал етті.


Қытай тілінің мақал-мәтелдер қоры айтарлықтай ауқымды. Олар құрылымдық-семантикалық және функционалды-стилистикалық белгілері бар мақал-мәтелдердің әр түрлі кластарымен ұсынылған.

Қытай мақал-мәтелдерінде ұзақ уақыттан бері қалыптасқан дәстүр басымдық танытады, мақал-мәтел қытай тілінде фразеологиялық бірлік тобына жатқызылады. Қытайдың көптеген лингвистері мен шетел синологтарының еңбектерінде «成语» термині мағынасының көптігін байқауға болады. Бұл термин мақал-мәтелдер категориясы ретінде тек «成语» ғана емес, сонымен қатар тұрақты тіркес түрлерін, мақал-мәтелдер, афоризмдер, тіпті ішкі формасын жоғалтқан және олардың этимологиясы жағынан ерекше екі буынды сөздерді де қамтиды (мысалы, 矛盾 «қарама-қайшылық», 衡量 «әр сөзді өлшейді»).

Қытай лингвистері мақал-мәтелдердің зерттеу нысандарын анықтау, фразеологиялық бірліктерді жіктеу және фразеологиялық терминологияны ретке келтіру қажеттілігі мен маңыздылығын бұрыннан атап келеді [96].

1950 жылдардың аяғында ғалымдар қытай тілінің мақал-мәтелдерін ажырата бастады, 成语-ді мақал-мәтелден ажырата бастады.

«Мақал-мәтелдерді кеңінен түсіну» негізін ұстанушылар мектебі: мақал-мәтелдерді зерттейтін қазақ ғалымдары, кейбір қытай зерттеушілері ойынша қазақ және қытай тіліндегі мақал-мәтелдер тұрақты тіркес деп саналады. Фразеологизмнің пәні – мақал-мәтелдер, яғни тілдегі мағынасы жағынан тұтас және құрамы мен құрылымы бойынша тұрақты дайын тіркестер. Қытай тілінің фразеологиясына кең мағынада 成语 (идиомалар-56%), 谚语俗语 (мақал мен мәтел 45%), 歇后语 (сөз тіркестері-67%), 惯用语 (қанатты сөздер мен өрнектер 70%), сөйлеу белгілері, сөйлемшелер және т.б.кіреді [97].



Сурет 1 – Қытай тілінің фразеологиялық құрамы.

Бұл мектепте «мақал-мәтелдердің типтік ерекшелігі – тұрақтылық, ал қытай тілінің фразеологиясында оған тек төрт иероглифтен тұратын 成语 (идиомалар) ғана емес, сонымен қатар 谚语 (мақал), 俗语 (мәтел), 歇后语 (астарлы сөз) кіреді деп санайды және иероглиф саны 3-тен 16-ға дейін құралуы мүмкін.

Мысалы:

成语 (идиома, фразеологизм)

全力以赴 (Quánlì yǐ fù - бар күшімен қызмет ету);

俗语 (мәтел)

八竿子打不着 (Bā gānzi dǎ bùzháo - алыста, еш байланыс жоқ, еш қатынас жоқ (алты таяқпен де ала алмау));

播出萝卜带出泥 (Bō chū luóbo dài chū ní – шалғамды тартып, балшықты шығару);

不管三七二十一 (Bùguǎn sānqī'èrshíyī) ешнәрсеге мән бермеу, бас қатырып, көп ойланбау – үшке жетіні көбейтсе жиырма бір болатынына бас қатырмау);

қанатты сөздер мен өрнектер:

«谋生» (Móushēng – өз еңбегімен нан табу);

«Фразеологияны тар мағынада түсіну» қолдаушылары: 向光忠 Сян Гуанчжун және 刘洁修 Лю Цзесю [98].

Олар мақал-мәтелдерді тұрақты тіркестер деген қағиданы ұстанады, мақал-мәтелдер сөздердің қайта ойластырылған мағыналары негізінде қалыптасады деп санайды. Олардың пікірінше, тек 成语 – идиома, яғни ол фразеологиялық бірлік болып табылады.

Лю Цзесюдің айтуы бойынша, мақал-мәтелдің негізгі ерекшелігі – ыңғайлылығы пен тұрақтылығында. Мақал – яню (谚语); сехоуюй (歇后语), гуаньюньюй (惯用语) мақал-мәтелдер санатына жатпайды, дегенмен олардың кейбіреулері фразеологиялық бірлік формасына ие болғанымен, олардың тарихи шығу тегі жоқ.

Сян Гуанчжун «мақал-мәтелдер – бұл ұзақ уақыт қолдану барысында қалыптасқан қысқа, тұрақты өрнек. Мақал-мәтелдер тарих үдерісінде қалыптасады, олар сөз тіркесінің санатына жатады» деп айтады [99].

Ол әр мақал-мәтелдің тарихи бастауы бар деп санайды, сондықтан, барлық мақал-мәтелдердің қайнар көзі қытай классикалық әдебиеті: классикалық канондар, философиялық трактаттар, тарихи шежірелер болып табылады деп есептейді.

Мақал-мәтелден чэнюйдің айырмашылығы, чэнюй – сөзбе-сөз мағынасы «дайын өрнек» – қытай фразеологиясындағы құбылыс, ол құрылымдық-семантикалық сипаттамаларына, фонетикалық құрылым принциптеріне, қытай тілінің даму тарихына байланысты бірқатар типологиялық ерекшеліктер мен белгілерге ие. 成语 – ежелгі қытай тілінің нормалары бойынша жасалынған,

мағыналық жағынан монолитті, жалпыланған бейнелі мағынасы бар, экспрессивтік сипатқа ие, функционалды түрде сөйлем мүшесі болған тұрақты фразеологиялық тіркес (әдетте төрт сөзден тұрады) [100].

Бұл анықтама 成语-дың негізгі ерекшеліктерін оның формасы, мәні мен қызметі тұрғысынан толық көрсетеді.

Ф.Н. Даулеттің «Языкова картина мира во фразеологии китайского и казахского языков» атты еңбегінде қытай тілінде үшкомпонетті тек гуаньюньюй (惯用语), төрткомпонетті чэньюй (成语), қалғандары мақал-мәтел (谚语), қанатты сөздер (格言), астарлы сөздер (歇后语), идиома (熟语) болып бөлінетінін көрсеткен [101].

«Мақал-мәтелдерді аралық түсінудің» өкілі – Ма Гуофан (Mǎguófān). Ол «кең мағынадағы» және «тар мағынадағы» бағытта мақал-мәтелдердің сипаттамаларын анықтауға кедергі келтіретін көптеген кемшіліктер бар екенін баса айтты [18].

Ма Гуофанның бұрынғы еңбектерінде 谚语 термині мақал-мәтелдерді, ал 格言 «халық афоризмі» термині мақал-мәтелдердің үлкен тобын, соның ішінде мақал-мәтелдер, астыртын пікірлер, аллегориялар мен гуаньюньюларды және т.б. белгілеу үшін қолданылғанын атап өткен, олар әдеби емес, қытай тілінен шыққан фразеологиялық бірліктер.

Студенттер мен мақал-мәтелдерді білуге тестілеуден өтуге ниет білдірушілерге оқу-әдістемелік құрал ретінде ұсынылған фразеология бойынша соңғы еңбектерде Ма Гуофанның топтамасы негізге алынады, ал «谚语» термині мақал-мәтелдер ретінде түсіндіріледі. Сонымен, қазақ тілінде де, қытай тілінде де мақал-мәтелдердің тақырыбы мен құрамы туралы біртұтас тұжырым жоқ. Қазақ және қытай ғалымдарының фразеологиялық ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесіне қарамастан, ондағы шешілмеген жалпы теориялық сұрақтары әлі де жетерлік, бұл өз кезегінде оның жеке аспектілерінің дамуына кедергі келтіреді.


Алайда мақал-мәтелдердің көлемі туралы мәселені мәңгілік мәселеге айналдыруға болмайды.

Барлық «өтпелі» жағдайларды қоса алғанда, әр санаттағы мақал-мәтелдердің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін зерттеу қажет, сонда тілдің фразеологиялық қоры толығымен зерттеледі.

Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдерді зерттеудің ұзақ тарихы бар. Ол әр түрлі бағытта өтті, бұл Қазақстанда да, Қытайда да мақал-мәтелдер туралы ғылымның белсенді дамуына ықпал еткенін айта кеткен жөн. Қазақ және қытай ғалымдарының фразеологиялық ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесіне қарамастан, ондағы шешілмеген жалпы теориялық мәселелер әлі де кездеседі. Мақал-мәтелдердің тақырыбы мен құрамы туралы бірыңғай тұжырым әлі жоқ.

Арнайы әдебиеттерді талдау арқылы қытай және қазақ тілдерінің фразеологиялық бірліктерін үш бағытқа бөлуге болады: «кең мағынадағы» мақал-мәтелдер, «тар мағынадағы» мақал-мәтелдер және «аралық» бағыт. Ма Гуофан мақал-мәтелдердің негізгі бес категориясын ажыратады:

1. 成语 (Chéngyǔ) – идиома;
2. 谚语 (Yànyǔ) – мақал;
3. 寓言 (yùyán) – астыртын-аллегория;
4. 短语组合 (Duǎn yǔ zǔhé) – фразеологиялық тіркесім;
5. 俗语 (Súyǔ) – мақал.



Сурет 2 – Қытай тіліндегі мақал-мәтел категориясы

Мақал-мәтелдердің дербес ғылым ретінде негізін қалаушылардың бірі – совет одағының академигі В.В. Виноградов. Ол мақал-мәтелдердің жіктелімін жасады, фразеологиялық бірліктерді ерекше семантикалық сипаттамалары бар лексикалық кешендер деп түсіндірді.

В.В. Виноградов мақал-мәтелдерге арналған еңбектерінде мақал-мәтелдер туралы ілімді тұжырымдап, оларды семантикалық топтарға бөліп көрсеткен [102].

50-ші жылдардың аяғынан бастап қазіргі уақытқа дейін фразеология мәселелері қазақ ғалымдарының әр түрлі аспектілердегі қызығушылықтарын туғызды. Мысалы, Б. Ақмұқанованың [103] құрастырған мақал-мәтелдеріндегі идеялық мазмұны маңызды орын алды. Ө. Тұрманжанов (1957 жылы), С. Нұрұшов (1959 жылы) [104], М. Әлімбаев (1967 жылы) [105], Б. Адамбаев [106]

құрастырған және басқа да зерттеулер жарыққа шықты. Солай бола тұрса да, қазақ халқының мәдениетіне қосқан зор үлесі, тарихи орны бар ауыз әдебиетінің нақыл сөз, мақал, мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлең, сияқты күрделі жанрлары ғылыми тұрғыдан толық зерттеліп болмағаны мәлім [106]. Фразеологиялық бірліктерді тілдің құрылымдық бірліктері ретінде сипаттау (Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, М. Мұқанов, С. Сәтенова, А. Нұрмаханов, Дина Б., А.И.Смирницкий, О.С.Ахманова, мақал-мәтелдерді жүйелі идеяларға сүйене отырып зерттеу әдістерінің дамуы – тіл деректерін деңгейлік талдау (М. Әуезов, С.Мұқанов, Б. Адамбаев, Ғ. Мүсірепов, Н. Төрқұлов, Т.Кәкішев, С. Нұрұшов, З. Қабдолов, М. Базарбаев, Л. Архангельский, Н.Н. Амосова, В.П. Жуков, А.Б. Кунин, М.Т. Тагиев), фразеологиялық құрамды жүйелік ұйымдастыру (Ө. Тұрманжанов) және оның дамуы (С. Нұрұшов, Ф.Н. Попов, А.И. Федоров), мақал-мәтелдердің номинативті аспектісіндегі семантикасы (В.Н. Телия), оның динамикасындағы мақал-мәтелдер (С.Г. Гаврин, Ю.А. Гвоздарев), сөз компоненттерінің тіркесу белгілері (М.М. Копыленко, З.Д. Попова), фразеологиялық құрамды салыстырмалы типологиялық зерттеу (Ю.Ю. Авальани, Л.И. Розейзон), сонымен қатар сөздіктердегі фразеологиялық бірліктерге сипаттама жасау (Б. Адамбаев, А.М. Бабкин, А.И. Молотков).

Соңғы уақытта бүкіл фразеологиялық қордың ғана емес, сонымен қатар мақал-мәтелдердің жеке семантикалық топтарының ерекшеліктерін зерттейтін және сипаттайтын көптеген зерттеу жұмыстары пайда болды.

Жалпы қазақ тіл білімі, оның ішінде мақал-мәтелдер соңғы онжылдықтарда құрылымдық және сипаттама лингвистикасынан сөйлеу әрекеттері теориясы мен прагмалингвистикаға, одан әрі когнитивтік лингвистикаға қарай дамыды.

Лингвистикалық зерттеулердің әдіснамасында да өзгерістер болды: лингвистика структурализм мен сипаттамалы таксономиялық үлгілерінен зерттеудің коммуникативтік және функционалдық негіздеріне тұрақты түрде көшті.

21 ғасырдың басында фразеологиялық зерттеулер семантикалық - когнитивтік лингвистика негізінде жүргізу жүзеге асырылуда . (Г. Омарбекова [107], Э.Н. Оразалиева [108], Қ.К. Кенжеқанова [109] және т.б.) Біздің зерттеуімізде мақал-мәтелдердің семантикасын функционалды-параметрлік сипаттау негізгі бағыт ретінде алынған.

Біз біріншіден мақал-мәтелдердің функционалды-параметрлік сипаттамасының өзі тиімді деп санаймыз, ал екіншіден, салыстырмалы талдау кезінде тілдер аралық (біздің жағдайда қазақ-қытай) фразеологиялық эквиваленттер жүйесін құруға мүмкіндік береді, бұл салыстырмалы фразеология үшін баға жетпес маңызды [110].

Қытай тілі ғылымындағы тіл мен мәдениеттің ара қатынасын зерттеген еңбектер бастауын жиырмасыншы ғасырдың бас кезінен алады. 1938 жылы қазіргі Юннан университетінің профессоры Луо Чанпей «Тіл мен мәдениет»

пәні бойынша дәріс оқи бастады. Қытайдағы лингвомәдениеттану пәнінің іргетасы тап осы кезде қаланды десек артық айтқандық емес [111].

Қытайда фразеологияның даму тарихында қытай тілінің фразеологиясын белсенді зерттеу тек 50-ші жылдары басталды. 1980-90 жылдары және жаңа ғасырдың басында қытай фразеологиясының жалпы мәселелерін, мақал-мәтелдердің жекелеген түрлерін зерттеуді, мақал-мәтелдердің тек лингвистикалық ғылым шеңберінде ғана емес, сонымен қатар бірнеше ғылымдардың түйіскен тұстарындағы сипаттамаларын қарастырған байыпты ғылыми еңбектер, сонымен қатар қытай тілі мен басқа шет тілдерінің мақал-мәтелдеріне салғастырмалы талдау жұмыстары жүргізілді (әсіресе ағылшын тілімен) [112].

Бүгінгі таңда мақал-мәтелдің қытай лингвистикалық ғылымындағы орны өте қарапайым. Фразеология лингвистиканың дербес бөлімі ретінде ерекшеленбейді, мақал-мәтелдер лексикология мен стилистика бөлімдеріндегі белгілі бір зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты қарастырылады. Қазақ синологиясында мақал-мәтелдер әрдайым көптеген ғалымдардың ғылыми зерттеу нысаны болып келе жатыр. Осы саладағы ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатқан отандық ғалымдардан Ф. Оразақынқызының «Ханзу-Қазақ тілдеріндегі фразеологиялық тіркестерді салыстыра зерттеу» (2015ж.) [113]; «Қытай және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерді лингвомәдени талдау» (2023 ж) [114]; Ф.Н. Даулеттің «Сопоставительный анализ культурных кодов во фразеологизмах китайского и казахского языков» (2017 ж.) [60]; «Национально-культурные особенности устойчивых словосочетаний китайского и казахского языков» (2018 ж.) [61]; Ф.Н. Даулеттің «Лингвомәдениеттану; қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. Монография. (2000 ж.)» [62] атты еңбектерін атап кеткен жөн. Фразеология мәселелерін қытай лингвистикасы бойынша зерттеген орыс ғалымдары В.И. Горелов, Ю.Л. Крол, А.М. Котов, А.А. Торопов, А.А. Хаматова және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ және қытай ғалымдарының мақал-мәтелдерді дамытуға қосқан елеулі үлесіне қарамастан, ондағы әлі де шешілмеген көптеген мәселелер бар екенін, оның жеке аспектілерін дамытуға негіз болатындығын атап өтеміз.

Тарау бойынша түйін

Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдерді зерттеудің ұзақ тарихы бар. Ол әр түрлі бағытта өтті, бұл Қазақстанда да, Қытайда да мақал-мәтелдер туралы ғылымның белсенді дамуына ықпал етті. Қазақ және қытай ғалымдарының фразеологиялық ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесіне қарамастан, ондағы шешілмеген жалпы теориялық мәселелер әлі де кездеседі. Мақал-мәтелдердің тақырыбы мен құрамы туралы бірыңғай тұжырым әлі жоқ екенін анықтадық.

Бұл зерттеуде мақал-мәтел – ауыз әдебиетінен таралған орнықты, қысқа да шымыр сөз деп қарастырылады. Мақал-мәтел мазмұны толық, түзу, нақты, сонымен қатар тура және астарлы мағына иеленеді. Мақал-мәтел жайлы

отандық әне қытай зерттеушілерінің пікіріне жан-жақты талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде, қазақ тілінде мақал және мәтел сөздерінің екі бөлек қолданылып, екі түрлі мағына иеленетіні анықталды. Ал, қытай тілінде мақал да, мәтел де 谚语 тобына жататындығын қарастырды.

Мақал-мәтел салт-дәстүр мен халық тәжірибесінің сыншысы, жинақтаушысы. Оның мазмұнында белгілі бір халықтың өмір құбылыстары, салт-дәстүрі, мінез-құлқы бейнеленген.

Мақал-мәтелдерді жіктеу мәселесі де күрделі мәселелердің бірі болып қала бермек. Ең көп таралған жіктеу түрлері: алфавиттік, тақырыптық, генетикалық және негізгі сөздер бойынша жіктеу.

Қытай тілінде мақал-мәтелге келесі тілдік бірліктер жатады: 谚语 (мақал), 俗语 (мәтел), 歇后语 (түсіндірме-аллегория) және 成语 (идиомалар, жиынтық өрнектер).

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде түс символикасы негізінде екі тілдегі түс мағыналарындағы айырмашылықтар анықталды. Атап айтатын болсақ, қызыл түс қытай дүниетанымында қуаныштық, шаттықтың түсі болып есептеледі. Сондай ақ, сары түс те қытайлықтар үшін император түсі болып маңызды түстердің бірі болып есептеледі. Қазақ дүниетанымында қызыл түс қуаныш, шаттық мағынасымен қатар, ашушаңдық белгісін де иеленеді. Сары түс ақыл-ой, ақыл тоқтатқан егде шақты меңзейді. Ақ түске келер болсақ, қазақ халқы үшін ақ түс адалдық, пәктік мағынасын иеленсе, осы мағынадан басқа қытай халқында ақ түс жоқтық мағынасында, өмірдің соңы деген мағыналарда пайдаланылады. Қытай халқы жалпы, көк түстің орнына жасыл түсін қолданады. Қазақ халқында көк түс аспан түсі, бейбітшілік түсі болып есептеледі.

Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдер арқылы екі елдің мәдени ерекшеліктері, мақал-мәтел қолданысының ерекшеліктері қарастырылды.


2 МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕМЕСІ

2.1 Әлемнің тілдік бейнесіндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері.

Қазақ дүниетанымының паремиологиялық бейнесін арнайы зерттеген Ж. Исаева пікірінше, онда дүние бейнесінің екі бірдей кесіндісі қиысады. Біріншісі – тіл иесінің өзін қоршаған табиғи ортаға бейімделуі және оны игеру барысында жинақтаған өмірлік тәжірибесі. Екіншісі - ауыспалы мағынамен сипатталатын адамның жеке басына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа берілген бағаға, жасалған пайымға байланысты [76].

Ұлттық менталитетті зерттеу бір тілде жүзеге асырылады және салғастырмалы талдау аясында әртүрлі тілдерде жүргізіледі. Ұлттық менталитет пен рухани тәжірибенің мақал-мәтелдердегі көрінісін зерттеу көбінесе ұғымдарды зерттеумен байланысты. Қазақстан зерттеушілері ұлттық таңбалы сөздер мен фразеологияны, олардың тарихи-мәдени және мағыналық-функционалдық жақтарын мысалға ала отырып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, сонлай ақ басқа тілдерге аудару мен мәдениаралық тілдесудегі кемшіліктерді жою тәсілдерін үлкен қызығушылықпен зерттейді.

Қытай менталитеті үшін «достық» (友谊) ұғымы өте құнды болып табылады, ол көптеген қытай мақал-мәтелдерінде көрініс табады:

有福同享, 有难同当 (Yǒufú tóng xiǎng, yǒu nán tóng dāng – қуанышқа да, қиыншылыққа да бірге болу); 多个朋友多条路 (Duō gè péngyǒu duō tiáo lù – достар неғұрлым көп болса, соғұрлым көп жолдар (достар көп болған сайын өмір қызық)); 患难见真情 (Huànnàn jiàn zhēnqíng – дос қиыншылықта танылады) [98].

Мақал-мәтелдегі менталитет көрінісін зерттеуде салғастырмалы форманы пайдаланған дұрыс. Салғастырмалы зерттеудің мақсаты әртүрлі мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды анықтау. Мақал-мәтелді салғастырмалы түрде зерттеумен айналысатын көптеген ғалымдар бар, қытай ғалымдары: Ван Сихуэй, Юй Цзяо, Ян Хуйин, Ма Синь. Менталитетті мақал-мәтелдер призмасы арқылы зерттегенде мақал-мәтелдердегі ұғымдар мен мәдени компоненттер ешқашан бір-бірінен оқшауланбайды, олар көбінесе дүниенің мақал-мәтелдік бейнесін бірге құрайды. Халықтың менталитетін қамтитын кез келген негізгі концепцияда бір мезгілде бірнеше қосалқы құрамдас бөліктер ажыратылады. Мысалы, Юань Лиин өз еңбегінде тәрбие концепциясының мәдени детерминацияланған қосалқы құрамдас бөліктерінің келесі түрлерін анықтайды: «сыпайылық», «сыйластық», «төзімділік» (礼貌、尊重、宽容). Демек, халықтың ақыл-ойы да, дүниетанымы да мақал-мәтелдерде өрнектеледі. Мәдени және ұлттық менталитеттің ерекшеліктері мақал-мәтелдерде әртүрлі

тәсілдермен бейнеленеді, оны зерттеу сыртқы факторлармен: елдің тарихымен, мәдениетімен, өмір салтымен, дүниетанымымен тығыз байланысты, сондықтан когнитивтік және лингвомәдени тәсілдер көбінесе бір жүйеде біріктіріледі [141].

2.3 Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің көркемдік айқындаушы құралдары.

Қазіргі қытайдың коммуникативтік кеңістігінде танымал қытай мақал-мәтелдерінің, нақыл сөздерінің және басқа да жиынтық өрнектердің көптеген түрлендіру процесінен өтетіндігі белгілі. Түрленген қытай мақал-мәтелдері қазіргі БАҚ кеңістігінде белсенді қолданылады. Түрлендіру - бұл көптеген себептерге байланысты туындауы мүмкін, мысалы нормадан ауытқу: лингвистикалық, оның ішінде дискурсивті және прагматикалық, сонымен қатар бірқатар экстралингвистикалық факторлар (когнитивтік, мәдени, психологиялық). Сонымен, лингвистикалық жүйедегі ерекшеліктер, мақал-мәтелдің қолданылу түпнұсқасының немесе жағдаятының әсері, мақал-мәтелдің қытай тіліндегі түпнұсқасының болмауы, қытай немесе басқа тілден енген ұқсас мақал-мәтелдердің әсері, әсерді күшейту үшін экспрессивті-стильдік импровизация, адресат бойынша және басқа факторлар түрлендіруге әкеледі. Қытай мақал-мәтелдерінің көптеген түрлендірулері олардың қайталама өзгергіштігін тудырады, т.б. Қытай мақал-мәтелдері өздерінің төл мәдениетінде алатын бастапқы өзгеруінен айырмашылығы, басқа мәдениеттегі өзгерістің болуы. Қытай мақал-мәтелдерінің құрылымдық түрленулері жиі кездеседі. Қытай және қазақ тілдері әртүрлі жүйедегі тілдер болғандықтан, қазақ тілінде қытай мақал-мәтелдерінің грамматикалық түрлену болуы сөзсіз. Қытай мақал-мәтелдерінің мағыналы түрленулері, мысалы, түпнұсқаның, танымдық және мәдени факторлардың әсерінен, мақал-мәтелді қолданудың жалпы жағдайына байланысты туындайды. Қытай мақал-мәтелдерінің мағыналы түрленуінің үш түрін бөліп көрсетуге болады: бейнелік компоненттің түрленуі, концептуалды компоненттің түрленуі, құндылық компонентінің түрленуі [142]. Зерттеу жұмысымызда біз паремиологиялық ластану нәтижесінде лексико-семантикалық деңгейдің әртүрлі түрленуі мен құрылымдық-семантикалық түрленуі нәтижесінде пайда болған қытайтілді ортадағы қытай мақал-мәтелдерінің кең өзгергіштігіне назар аудардық. Біз қарастырған мысалдарда қытай мақал-мәтелдерінің лексика-семантикалық деңгейде түрлену жағдайлары айтарлықтай бөлігін құрайды, соның арқасында қытай мақал-мәтелдерінің концептуалды, аксиологиялық және бейнелік компоненттері түрленеді. Мұндай өзгерістер келесі түрлендірулердің нәтижесінде пайда болады:

1. бір немесе бірнеше лексикалық компоненттерді ауыстыру,
2. бір немесе бірнеше лексикалық құрамның түсіп қалуы,
3. бір немесе бірнеше лексикалық компоненттерді қосу.

Сонымен қатар, зерттелген мақал-мәтел материалында қытай мақал-мәтелдерінің паремиологиялық ластану жағдайлары анықталды, бұл құрылымдық-семантикалық түрлендірулердің келесі түрлерінің бар екендігін көрсетеді:

1. мақал-мәтелдің құрамдас бөлігін ауыстыру,
2. мақалды толық ауыстыру.

Түрленудің тағы бір түрін бөлек атап өту керек, онда бірнеше түрлер біріктірілген: мақал-мәтелді түрлендірудің аралас түрі.

Әрине, лингвомәдениеттану кеңістігінде қытай мақал-мәтелдерін зерттеу үшін, ең алдымен, олардың бастапқы формаларын білу және олардың семантикасын түсіну қажет, тек осы жағдайда ғана әртүрлі түпнұсқадағы түрлендірілген формаларға қол жеткізуге болады.

Мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарға байланысты түрлендірудің қатаң жіктеуін жасау өте қиын екенін атап өткен болатынбыз: бір мақал мен мәтел медиа дискурста әртүрлі тәсілдермен берілуі мүмкін. Баспасөзде түрленген қытай мақал-мәтелдерін қолдану адамдардың әдеттегі өмірлік стереотиптерін қайта қарауға деген ұмтылысымен байланысты. Түрлену тек журналистердің шығармашылығы ғана емес, бұл адамдарға сөйлеуді әртараптандыруға немесе оның мәнерлілігін арттыруға мүмкіндік беретін сөйлеу ойынының тәсілі. Әр түрді толығырақ қарастырайық. 1. Мақалдың жеке лексикалық компоненттерін ауыстыру түрлендірудің ең жиі кездесетін түрі - кейбір лексикалық компоненттерді ауыстыру. Зерттелетін материалда лексемалардың кеңістіктік, уақыттық, сандық, түсі бойынша және басқа анықтауыштардың рөлін атқаратын алмастырулары байқалады. Қытайдың мақал-мәтелін қарастыратын болсақ: *希望一年的满足增长的大米, 你想要十年来的满足感-种植园, 你想一百年的满意度增长的人* (Егер сіздің жоспарыңыз бір жылға арналған болса, күріш егіңіз. Егер сіздің жоспарыңыз онжылдық болса, ағаш отырғызыңыз. Егер сіздің жоспарыңыз өмірлік болса, балаларыңызды оқытыңыз) . Бұл қытай мақалы (Гуанци Цюаньсю) [143] кітабынан алынған үзінді. Ол талантты адамдарды тәрбиелеудің қаншалықты қиын екенін көрсетеді, ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін түсіндіреді. Басқа мәдени кеңістікке ену барысында құрамдас бөліктер түрленеді: қытай мақалындағы «барлық өмір» деген бастапқы компонент «жүз жылға» ауыстырылады, кезең нақтыланады. Қытай мәдениетінде жүз жыл деген сөз бұрыннан тұрақты және өте ұзақ кезеңді білдіреді, мысалы, «Мен сені жүз жыл бойы көрмедім». Сонымен қатар, талдау БАҚ дискурсындағы бұл трансформация түпнұсқаның қысқартылған түрі болып табылатын қазіргі заманғы қытай мақалы *十年树木, 百年树人* (Ағаштар ондаған жылдар бойы өседі, адамдар ғасырлар бойы дамиды) әсерінен орын алатынын көрсетеді. Қазіргі уақытта, заманауи ғылымның өсуіне байланысты Интернет ақпаратты беру мен қабылдаудың ең маңызды арнасына айналды. Онлайн баспасөз де маңыздылардың бірі. Кәсіби БАҚ қызметкерлері сұранысқа ие болғысы келсе,

бүгінде интернеттің ерекшеліктерін ескере отырып, басқаша жұмыс істеуі керек. Электронды бұқаралық ақпарат құралдары мен электронды газеттер қоғамның дамуында орасан зор рөл атқарғанын мойындау керек: олар өзекті ақпаратқа тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етеді, адамдарға әсер етеді, белгілі бір атмосфера жасайды, сонымен қатар халықтың, елдің идеологиясына әсер етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіні әлемнің ұлттық бейнесін бейнелеуде және қалыптастыруда маңызды рөл атқарады БАҚ әлем мен адам арасындағы байланыстырушы мәдени көпір қызметін атқарады. Осыған орай, БАҚ дискурсы қатысымның әлеуметтік маңызды саласына сәйкес келгендіктен, әлеуметтік өмірдегі алатын орны маңызды, осыған орай дискурстың аса маңызды түрлерінің біріне жатады. БАҚ дискурсының шегі ақпарат тарату желісі болып қана қоймай, сонымен қатар түрлі ақпараттық ағындар мен дискурстардың алуан түрлері қатар игеріліп, өзгеріп тұратын орта – интернет байланысы арқылы барынша кеңейтіліп жатыр [144].

Тіл аралық деңгейде тіл процестерінің динамикасындағы БАҚ рөлін зерттеу тіл әрекетінің медиа-шартты механизмдері талдана бастады. Ең алдымен, лексикалық бірліктердің қабылдану тәсілдері, қабылданулардың функционалдық-стильдік стратификациясы, коммуникативті және хабар тарату стильдерінің өзара ықпалы назарда болды. Заманауи электронды газеттердің рөлі сыртқы әлемнен ақпаратты беру арналарын кеңейту болып табылады. Қарым-қатынас жеңілдеп, БАҚ халықаралық диалогтың кең алаңы және мәдениеттер алмасудың бірегей тәсілі болып табылады.

Алғаш рет лингвокогнитивтік және лингвопрагматикалық тәсілдер аясында газет мақалалары негізінде қытай мақал-мәтелдерін қытай дискурсында қолдану мәселесі қарастырылды. Қытай мақал-мәтелдерінің қызметін зерттеу қытай мақал-мәтелдерінің қытай коммуникативті және мәдени кеңістігіндегі маңыздылығы мен қайталанбас табиғатын көрсетеді, олар Қытайдың көпмәдениетті кеңістігіндегі мәдениетаралық, тіларалық және когнитивтік өзара әрекеттестіктің объективті дәлелі ретінде қызмет етеді. Біз БАҚ дискурсына жүгінеміз, өйткені ол шетелдік және мәдени мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жаппай таратудың тұрақты көзі болып табылады.

Біздің зерттеуімізде БАҚ дискурс мәтіндері материал көзі болды. Эмпирикалық материалды талдау қытай мақал-мәтелдері дискурстың бұл түрінде кең таралған тілдік құрал екенін көрсетті. Бұған 2000 жылдың қаңтарынан 2019 жылдың ақпанына дейінгі аралықтағы электронды БАҚ-тағы мақалалар таңдауы (барлығы 777 мақала) дәлел. Осы кезеңдегі ең көп қытай мақал-мәтелдері бар электронды ақпарат құралдарының тізімі №3-қосымшада көрсетілген. Айта кету керек, ағылшын тілді коммуникативті кеңістікте қытай мақал-мәтелдері жиі қолданылады .

Бақылау нәтижелері бойынша Е.А. Яковлева 1983 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде ағылшынның The New York Times газетінде қытай мақал-мәтелдері бар 547 мақала, Los Angeles Times - 382, The Wall Street Journal - 356, The Washington Post» - 312 газетті зерттеген [143].

Жалпы, мазмұнының қытай тілі тақырыбымен байланысына қарай, қытай мақал-мәтелдері кездесетін электронды БАҚ басылымдарын екі негізгі түрге бөлуге болады: таза қытай тақырыбы бар түпнұсқалар, яғни, саясат, ҚХР экономикасы мен Қытай мәдениетінің әртүрлі аспектілері бойынша тақырыптық байланысы бар (жалпы санның 4,5%); кең тақырыптық түпнұсқалар, яғни, Қытайда да, әлемнің басқа елдерінде де (жалпы санның 95,5%) оқиғалар мен құбылыстарды қамтитын, оларды Қытай мен әлемнің басқа елдеріндегі әртүрлі салалар бойынша ынтымақтастығымен де байланыстыруға болады. Бірінші топтағы мәтіндердің (барлығы-36) электронды тасымалдағыштар бойынша талданып таралуы №4 қосымшада көрсетілген.

Осы топтағы мәтіндерге де тақырыптық талдау жасадық. Келесі тақырыптарға тоқталдық: Қытай мәдениеті; Қытай халқының денсаулыққа деген көзқарасы; Қытай қоғамы; Қытайдағы білім, бизнес/экономика, экология, ғылым және спорт. Олардың ішінде Қытай мәдениетіне арналған мақалалар саны жағынан көш бастап тұрса, ең аз мақалалар Қытай спорты мен ғылымына арналған.

Қытай ғалымы Хоу Пудың пікірінше, мақал-мәтелдер қарым-қатынаста үйлесімді атмосфера жасай алады, өйткені мақал-мәтелдердің көпшілігі жанды, бейнелі және әдетте ауызекі сөйлеу стиліне жатады [144]. Құттықтау сөздер, шешендік сөздер кезінде мақал-мәтелдерді қолдану екі жаққа үйлесімді атмосфера құруға мүмкіндік береді. Қытай тілінде осындай мақал бар: – *不管黑猫白猫, 抓住耗子就是好猫* (*bùguǎn hēimāo bái māo, zhuāzhù hàozi jiù shì hǎo māo* – *мысық тышқанды ұстаса, оның түсі де маңызды емес*). АҚШ президенті Обамадан Трампқа ауысуына байланысты осы мақалды былай пайдаланды: *мысықтың түсі қандай болса да - ақ немесе қара, маңызды емес, бұл американдық мысық*». Бұл фрагмент Қытай мен Қытайдың Жаңа Жібек жолында Американы қалай басып озғанын көрсетеді. Әңгімелесу барысында сұхбат беруші назар аударту үшін Қытайдың «Тәбет тамақпен бірге келеді» деген мақалымен диалогты бастайды. «Мысық» және «тышқан» бейнелері әлеуметтік сала шеңберінде пайда болған. Экономикалық саладан басқа, мақал-мәтел саясатта да кеңінен қолданылады, прагматикалық мақсатқа жету үшін мақал-мәтелге «американдық мысық», ол Америка президентінің бейнесін сипаттайды [145].

Қытай мен АҚШ осылайша, сұхбаттасушы әзіл арқылы АҚШ-тағы президенттік сайлауға қатысты күрделі сұраққа жауап бермеуге тырысады. Ресми атмосфера бейресми сипатқа ие болады, екі әңгімелесушінің арасындағы психологиялық қашықтық қысқарады. Үйлесімді атмосфераны құру функциясы көбінесе халықаралық байланыс орын алған жағдайларда жүзеге асырылады. Мақал-мәтелдер халық даналығы мен тәжірибесінің жиынтығы болса, мақал-мәтелдерде ақиқат пен әмбебаптық көрінеді. Шешен мақал-мәтелді қолданғанда еріксіз екі пікір айтады - өзінің және ұжымның пікірі. Мақал-

мәтелдер көбінесе «халық даналығына қайтып оралады, олар мәдениеттің белгілі бір құбылысқа немесе оқиғаға қатынасын көрсетеді, халықтың дәстүрлі құндылық бағдары мен көзқарасын білдіреді». Демек, қытай мақал-мәтелдерін қолдану екінші тараптың қытай мәдениетін түсінетінін, соның салдарынан онымен араласуды қалайтынын көрсетеді. Келесі үзінділерді қарастырайық, ежелгі Қытайда мынандай мақал бар: *团结一心，不可战胜 (tuánjié yīxīn, bùkě zhànshèng – барлығымыз бірігуіміз керек)*. Бұл мақалды Қазақстан Республикасының бұрынғы президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Қытай еліне жолдаған сөзінде келтіреді. Бұл мақалдың мағынасы: іргетасы берік болса, дамудың болашағы да жақсы болады. Осы мақалды пайдалана отырып, ҚР бұрынғы президенті бірден екі ел арасын «жақындастырды», ол ҚХР-мен ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасқа ұмтылатынын білдірді [146].

Қытай философиясы дана сөздерге бай. Солардың бірі «Ұрпағы ата-баба отырғызған ағаштың саясында салқын рахаттансын. Халық өсірген достық көшеттері күдіретті ағаштарға айналып үлгерді. Сіз атқарылған істердің нәтижесін бағалап қана қоймайтыныңызға сенімдімін. Сонымен қатар біздің ұлы халықтарымыздың игілігіне қызмет ететін көптеген игі істердің негізін қалады». Қытай ұлты батыс елдеріне қарағанда өз өмірін басқаша жоспарлайды. Қытайдағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мінсіз болмағандықтан, дәстүрлі философиямен ұштастыра отырып, қытайлықтар бірегей жоспарлау үлгісін қалыптастырды - өмірдегі барлық шешімдерді отбасының болашақ ұрпақтары үшін пайдалы болуы керек деген түсінікпен қабылдайды: балалар, немерелері мен шөберелері. Бұл дәстүр бірнеше мыңжылдықтар бойы сақталып, қытай халқының мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. «*Ата-баба отырғызған ағаштың саясында салқынын ұрпағы көрсін*» *前人栽树，后人乘凉 (qiánrén zāi shù, hòurén chéngliáng)* мақалы қытайлардың бұл көзқарасын жақсы көрсетеді. Пекин университетінің студенттерімен және оқытушыларымен кездескен кезде осы қытай мақалы арқылы президент студенттер мен оқытушыларға бірден жақсы әсер қалдырады, бұл қарым-қатынас үшін үйлесімді атмосфера жасайды. Қытай мақал-мәтелдері оқырмандарға ерекше танымдық әсер ете алады деп есептейміз. Гармониялық атмосфераны құру мәні когнитивтік деңгейде жүзеге асады, оның нәтижесінде сұхбат құрушылар арасындағы сәтті қарым-қатынас болып табылады. Мысалы, ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің сөйлеген сөзінен келесі үзіндіні қарастырайық: «Алыстағы туыс көршідей жақын болмайды. Қытай мен Орталық Азия елдері тау мен өзен арқылы жалғасқан тату көршілер. Қытай Орталық Азия елдерімен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды дамытуға үлкен мән береді және оны дипломатиялық басымдық деп санайды». Си Цзиньпин Қазақстандағы Назарбаев Университетінде маңызды сөз сөйлеген кезде ерекше атап өтті. Бұл мәтіндегі қытай тіліндегі *远亲不如近邻 (Yuǎnqīn bùrú jìnlín – Алыстағы туыс көршідей жақын еме)*с мақалы адам көмекке мұқтаж болған төтенше жағдайда алыстағы ағайынның жақын көрші секілді көмекке тез келе алмайтындығын білдіреді. Сонымен

қатар, бұл көршілер арасындағы қарым-қатынас әдетте алыстағы туыстарға қарағанда жақынырақ екенін білдіреді. Өз сөзінде Си Цзинпин: «алыстағы ағайынға жақын көрші болмас» деген сөз бар халқымызда. Көршілік қарым-қатынасы ұсақ-түйек болып көрінеді, бірақ көршілік қарым-қатынас тек адамдар арасындағы қарым-қатынаспен шектелмейді, ол елдер арасындағы үлкен көрші. Халықтардың көршілес қарым-қатынасы елдер арасындағы алмасулар мен ынтымақтастықтың әлеуметтік, экономикалық және басқа аспектілерін көрсетеді. Әлемнің әр аймағындағы көршілер өте үйлесімді болғанда ғана бүкіл әлем үйлесімді дами алады» [147].

Тарау бойынша түйін

Қазақ және қытай ММ-ін салыстыру нәтижесінде, біз анықтаған көзқарастардың жартысы (58%) сәйкес келеді, бұл қоғамдағы адам мінез-құлқының мәдениеті туралы жалпы көзқарастардың едәуір ұқсастығын көрсетеді; бір-біріне сәйкес келмейтін көзқарастар (16,5%) қазақ және қытай мәдениетіне тән қатынастарға бөлінеді.

Егер екі мәдениет сәйкес келсе, оларды әртүрлі жолдармен сипаттауға болады – бір тілде тікелей зерттеу жүргізіп, басқа тілде бейнелі түрде жүргізуге болады. Мысалы, қытай тілінде 入乡随俗 (Rùxiāngsuísú – Шет елге кіру, оның әдет-ғұрпын сақтау) және қазақ тілінде Әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа; қазақ тілінде «Басқаларды кінәламас бұрын артыңды бақ» мақалын қытай тіліндегі 背上背把尺, 先量自己后量他人 (Bèi shàng bèi bǎ chǐ, xiān liàng zìjǐ hòu liàng tā rén – Сызғышты арқаңызға апарып алдымен өзіңізді өлшеңіз, содан кейін басқаларды) мақалымен белгілеуге болады.

Қазақ тіліндегі ММ-де айтылған идеялардың қытай тіліне қарағанда өзіндік ерекшелігі бар, тек көпшілік алдында ғана емес, үйде де абыроймен өзі-өзі ұстау, әрекет ету, ұқыптылықпен орынды әзілдесу, сыйлықтың құнына ғана көңіл бөлмеу және т.с.с. ақыл-кеңес беру түрінде айтылған. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі ММ-ді қытай тіліндегі паремиялармен салыстыратын болсақ, қазақ халқында едәуір қатаңдық, нұсқау беру сипаты байқалады.

Қытай халқының дүниетаным ерекшеліктері келесі мақал-мәтелдерден көрінеді: 不要原谅自己, 但对别人应宽容 (Bùyào yuánliàng zìjǐ, dàn duì biérén yīng kuānróng – өзіне деген немқұрайлық басқаларға қарағанда төмен болу керек), 不要指责别人, 多多自责 (Bùyào zhǐzé biérén, duōduō zì zé – өзін төмендету және басқаны жоғары қою), 严于律己, 宽以待人 (Yán yú lǜjǐ, kuān yǐ dài rén – өзіне қатал болу, басқа адамдарды құрметтеу), 登门请客意才真 (Dēngmén qǐngkè yì cái zhēn – қонақ күту ең жақсы құрмет), 居家要俭, 待客宜丰 (Jūjiā yào jiǎn, dài kè yí fēng – Үйде сіз қарапайым болуыңыз керек, бірақ қонақтарды бай тағаммен қарсы алыңыз) сияқты өлшемдер – бұл қытай халқының философиясын бейнелейді, бейнелі түрде «шамның» рухы («өзін құрбан ете отырып, өзгелерге жарық беру») деп атайды, сонымен қатар олардың кішіпейілділігін көрсетеді. Ұжымдық мәдениетте өмір сүре отырып, қытайлар ұжымды ең жоғары құндылық деп санайды, басқаларға пайдалы болатындай

етіп әрекет етеді, сондықтан аспан, жер және адам өзара үйлесімдікте болуы тиіс.

Осылайша, талданған материал бойынша мақал-мәтелдер арқылы адамның мінез-құлқының сипатталуы, қытай халқы мен қазақ халқының дүниетанымы арасындағы ерекшелігі туралы айтарлықтай көлемді түсінік алуға болады.

3 ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАРЫН САЛҒАСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

3.1 Қытай және қазақ тілдерінің мәдени коннотациясы аспектісіндегі мақал-мәтелдердің салғастырмалы талдауы.

Қазақ халқы да, қытай халқы да ерте заманнан күні бүгінге дейін орасан зор мәдени тәжірибе жинақтаған. Екі елдің мәдениеті әлемді және ондағы адамдардың орнын ерекше көзқараспен сипаттайды. Кез келген халықтың тәжірибесі, білімі мен даналығы афоризмдерде, мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде көрініс табады. Сондықтан, кез келген халықтың мақал-мәтелдерін зерделеу арқылы ең бірінші адам туралы түсінік қалыптасады, қытай және қазақ тілдерінің тілдік құралдарының байлығы, сол халықтардың ой-өрісінің көркемдік көрінісін түсінуге септігін тигізеді. Мақал-мәтелдер арқылы тарихи шындықты негіздейтін дереккөз ретінде ұлттық материалдық және рухани дүниенің айнасы іспетті.

Қытай тілінде «谚语» (Yànyǔ- мақал), «俗语» (Súyǔ- мәтел) деп аталатын терминдер қолданылады, сонымен қатар мақал-мәтел құрамы енетін басқа «成语» (Chéngyǔ – фразеологизм) тобы бар. Циндао ғылым және технология университетінің аға оқытушысы Цао Цзиньшян былай деп жазады: «Чэньюйдің негізгі арқауы – көне қытай жазба тілі вэньяннан қалған өрнектер. Вэньянның қазіргі тілмен ортақтығы өте аз болғандықтан, көптеген чэньюйдің мағынасын құраушы кейіпкерлерді түсіну арқылы түсіну өте қиын. Оларды тек зерттеу керек. Сондықтан чэньюйді білу – білімнің белгісі». Бірақ олардың бәрі көнерген сөздер емес, қазіргі заманда пайда болғандары бар, сондықтан оларды түсіну өте қарапайым [148].

Қытай мақал-мәтелдері тура және ауыспалы мағына иеленеді. Бір сөз тіркесінің артында тұтас оқиға жасырылуы мүмкін, сондықтан қазақ тіліне аудармасында сөз тіркесінің толық шынайы мағынасы ашылмайды. Мысалы, *此地无银三百两* (Cǐdì wú yín sānbǎi liǎng – 300 лян күміс бұл жерде жерленбеген). Бұл адам бір нәрсені жасыруға тырысса да, өз әрекетімен өзін ұстап беретін жағдайда айтылады.

Мақалдың шығу тарихы:

Бір күні Чан деген адам 300 лян күміс ұрлап кетеді. Ол өзін ерекше ақылды адам деп санады, сондықтан ол «құлықпен» әрекет етуді шешті. Ұрлаған ақшасы да ұрланып кетуі мүмкін деп қорқып, оны түн жамылып оңаша жерге көміп, «Бұл жерге ешкім 300 лян күміс көмген жоқ» деген жазуы бар тақтайша іліп қойған.

Чанның көршісі Ван оның күмісті тығып жатқанын көріп, өзі үшін алып кеткен. Чанг сияқты Ван өзін өте ақылды деп санады. Көршісі оның ұрлық жасады деп күдіктенбеуі үшін ол да сол жерге белгі қалдырған. Планшетке: «Осында көмілген күмісті көршің Ван алған жоқ» деп жазыпты. Ван өзінің өте ақылды әрекет еткеніне сенімді болды [149].

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің шығу тегі мен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдеріне ұқсас келеді. Бірақ олардың бір қызметі бар - сөйлеуді бейнелі, әдемі, таңбалы етіп жеткізу. Сөйлеуге белгілі бір стильдік бояу береді.

Мақал-мәтелдер белгілі бір қоғамның заңдылықтары мен діни қағидаларының жинағы болып табылмайды. Ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп сол халықтың бүкіл болмысын, өмір жолын сипаттайтын елдік ескерткіш.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, афоризмдер ертеде, тіпті жазу пайда болғанға дейін болған. Ол кезде де, тәлім-тәрбие орын алғанға дейін шағын фольклорлық жанрлар ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіліп келді. Жиналған тәжірибе, білім, әртүрлі табиғат құбылыстарын бақылау мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, афоризмдер түрінде берілді, өйткені ақпаратты осылай есте сақтау ыңғайлы болды.

Қытайда ханзу ұлтынан басқа тағы 55 халықтың өкілдері тұрады, сондықтан қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде «басқа этникалық ерекшеліктер» кездеседі. Мысалы, *不买远处马, 不娶近亲女* (*Bú mǎi yuǎn chù mǎ, bù qǔ jìnrqīn nǚ* – *Алыстағы жылқы сатып алма, жақын туыстарға үйленбе*) (өзбек мақалы), *吃苦味的盼望甜的, 受灾难的盼望幸福* (*Chī kǔwèi de pànwàng tián de, shòu zāinàn de pànwàng xìngfú* – *Ащы жегендер тәттіден үміттенеді, қиналғандар бақыттан үміттенеді* (моңғол мақалы)).

Мақал-мәтелдердің пайда болуына қарапайым шаруа өмірінің де әсері зор. Мысалы, *枣芽发, 种棉花* (*Zǎo yá fā, zhǒng miánhuā* – *финиктер ашылғанда мақта етуге қолайлы кезең туады*); *人是衣裳马是鞍* (*Rén shì yīshang mǎ shì ān* – *адам көркі шүберек, жылқы көркі ер-тоқым*); *不怕虎生双翼, 只怕人起二心* (*Bùpà hǔshēng shuāngyǐ, zhǐ pàrén qǐ èr xīn* – *жолбарыстың қанатынан қорықпа, ерік-жігері күшті адамнан қорық*). Қазақ тілінде: *Ауылы қарайластың шаруасы орайлас; Батырдан кеңес сұрасаң, қылыш, мылтық, байрағын айтар. Шаруадан кеңес сұрасаң, ботасы мен тайлағын айтар. Қасапшыдан кеңес сұрасаң, пышағы мен қайрағын айтар; Дихан болсаң, Қос өзегің тең болсын. Шаруа болсаң, Қос етегің кең болсын*, - деген халық даналығының ой толғауы. Көптеген халықтық шағын фольклорлық формалар философиядан, поэзиядан, прозадан бастау алады немесе шығарма мәтінін безендіреді.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің тақырыбы қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер секілді кең ауқымды қамтиды. Себебі, оларда халықтың дүниетанымы, тарихи шындық, өмір тәжірибесі бейнеленеді.

Қоғам өміріндегі жақсылық пен жамандықпен қоса, белгілі бір кәсіпке байланысты да (ата кәсіп, егіншілік, мал шаруашылығы, балықшылық) мақал-мәтелдер аз шықпаған. Солардың бірі – еңбек тақырыбы. Қазақ және қытай халықтары өте еңбекқор. Ауыл шаруашылығы техникасы пайда болғанның өзінде қытай халқы қол еңбегі дәстүрін сақтап қалды. Бұл мақал-мәтелдер еңбек қызметінде туындайтын мәселелерді көрсетеді, еңбек етуге деген қажеттілік идеясын көрсетеді. Адамның қалай жұмыс істейтіні оның өмірін анықтайды

[150]. Мысалы, 不劳动者不得食 (Bù láodòng zhě bùdé shí – еңбек етпеген адам тамақ ішпейді); 种瓜得瓜种 豆得豆 (Zhǒng guā dé guā zhǒng dòu dé dòu – не ексең соны орасың); - бұл мақал-мәтел еңбектің сапасы, өмірдің сапасы еңбекқорлыққа байланысты екенін айтады. Осы тұрғыда қазақ тілінде «Ердің атын еңбек шығарады», «Еңбегі аздың өнбегі аз», «Жатқанға жан жуымас», «Жалқауға Даулет үшін ұйқы берер, ақымаққа ақыл үшін күлкі берер» деген сияқты тура мағыналы, сондай-ақ астарлы мағыналы көптеген мақалдар пайда болған. Сонымен қатар, жалқауларды түкке тұрғысыз, қажетсіз жұмысшы ретінде «алты ай кебекте отыр» деген тақырып көтеріледі. Сондықтан жалқау адам жайлы да мақал-мәтел бар: 假使躺着不动, 就要生锈了 (Jiǎshǐ tǎngzhe bù dòng, jiù yào shēng xiùle – тыныш жатсаң тот басасың); 一双懒惰的手并不能证明一颗满足的心 (Yīshuāng lǎnduò de shǒu bìng bùnéng zhèngmíng yī kē mǎnzú de xīn – жалқау қолдар жүректі қанағаттандыра алмайды). Қазақ тілінде: «Жалқауға Даулет үшін ұйқы берер, Жаманға ақыл үшін күлкі берер»; «Аса дихан ішінде ас жатады, Аса жалқау күнде аш жатады» [19].

Көптеген мақал-мәтелдерде балаларға еңбек ету керек, еңбек істейтін адамды құрметтеу керек деген ойлар айтылып, қарапайым істі істеу үшін көп оқу керек деген ой білдіреді: «Асырауын тапса, адам болар, Оқуын тапса, білім болар»; «Оқу инемен құдық қазғандай»; «Оқу—білім азығы, Білім—ырыс қазығы». Қытай халқы да оқу-білімге қатты мән береді: 青出于蓝而胜于蓝 (Qīngchūyúlán ér shèng yú lán – оқушы оқытушыдан асы түсті); 塞翁失马, 焉知非福 (Sàiwēngshīmǎ, yān zhī fēi fú – жаман айтпай жақсы жоқ); 不能一口吃成胖子 (Bùnéng yīkǒu chī chéng pàngzi – бір ұрттағаннан толмайсың (яғни, бір нәрсеге қол жеткізу үшін еңбек ету керек)), 只要功夫深, 铁杵磨成针 (Zhǐyào gōngfū shēn, tiě chǔ mó chéng zhēn – егер сіз жақсы еңбектенсеңіз, темір қазықты да инеге айналдыра аласыз (еңбек пен шыдамдылық бәріне жеткізеді)); 吃得苦中苦, 方为人上人 (Chī dé kǔ zhōng kǔ, fāng wéirén shàng rén – еңбексіз балықты да аулай алмайсың) [49].

Мақал-мәтелдердің тағы бір негізгі тақырыбының бірі – үлкенге құрмет. Бұл көне заманнан бері жалғасып келеді. Қазақ халқында жастар әрқашан үлкенді сыйлау керек деп айтылады, «Атаңа не істесең алдыңа сол келер» деген мақал бар. «Кәріге—құрмет, Жасқа—міндет». Қытай халқы да үнемі құрметті еске салады: 父母者, 人之本也 (Fùmǔ zhě, rén zhī běn yě – Адамзаттың негізі ата-ана); 孝顺还生孝顺子, 忤逆还生忤逆儿 (Xiàoshùn hái shēng xiàoshùn zǐ, wǔnì hái shēng wǔnì er – мейірімдіден мейірімді туады, зұлымнан зұлым туады); 事亲以敬美过三牲 (Shì qīn yǐ jìng měiguò sānshēng – туған-туысты сыйлау үш түлік малдан да көрікті (ата-ана мен үлкенді тірі кезінде сыйлау үш малға шошқа, қой басы, сиыр басын қосып құрбан шалудан артық)); 爷娘惜儿女, 好比长江水 (Yé niáng xī érnǚ, hǎobǐ chángjiāng shuǐ – ата-аналар балаларын Яңызы өзенінің суындай жақсы көреді және сағынады, ал балалар ата-аналарын

желдің екпініндей сағынады). Ақсақалдар – даналықтың, білімнің сақтаушысы, тәжірибе жеткізушісі. Сондықтан оларға деген үлкен құрмет болу керек. [151].

Ұстазды құрметтеу, ұстаздық етудің маңыздылығы туралы мақал-мәтелдерді бөлек атап өтуге болады. Жоғарыда айтылғандай, білім – жақсы өмірге апаратын жол, ал білімге қол жеткізетін адамдар аз болғандықтан, олар ұстаздықты, білімді және осы білімді алып жүрген адамдарды құрметтейді. Мысалы, *学习就像在潮流中划桨: 停下来, 把你赶回去* (Xuéxí jiù xiàng zài cháoliú zhōng huà jiǎng: Tíng xià lái, bǎ nǐ gǎn huí qù – оқу инемен құдық қазғандай); *严师出高徒* (Yánshī chū gāotú – жақсы оқушыны қатаң ұстаз тәрбиелеп шығарады).

Адамгершілік тақырыбына арналған мақал-мәтелдер де жетерлік. Солардың бірі» ізгілік»: «Ізгілік пен әділдік алтыннан да қымбат». Ізгілік өз кезегінде адалдық пен адал есіммен тығыз байланысты. Адалдық бәрінен де маңызды. Егер сіз адал адам болсаңыз, олар сізге солай қарайды. Ең бастысы, сіз өзіңізге адал болуыңыз керек: «Ең өкініштісі - ар-ұжданыңызды алдау». Ізгілікке өзін-өзі жетілдіру де кіреді. Бұл идея қытайлардың мәңгілік өмір туралы діни идеяларымен байланысты. Өлместікке жету үшін өзіңізді үнемі жетілдіріп отыру керек. Мысалы, *明人不做暗事* (Míng rén bù zuò àn shì) – мейірімді адамдар жаман іспен айналыспайды; *君子爱财, 取之有道* (Jūnzǐ ài cái, qǔ zhī yǒu dào) – асыл адам адал жолмен еңбек етеді.

Тағы бір маңызды тақырып – бақыт тақырыбы. Бақытты «бес нығмет: ұзақ ғұмыр, байлық, денсаулық, ізгілік, табиғи өлім» ұғымымен байланыстырады. Яғни, адам бақытты болу үшін байлық, денсаулық, ізгілік болуы керек. Сонда рухани және материалдық үйлесімділік орнап, бақытқа жетелейді. Қазақ халқы үшін бақыт ұғымы бұлыңғыр, сондықтан бұл сөздің синонимдері көп. Қытайлықтар бақытты жоғарыда аталған бес артықшылықпен байланыстырады. Қытайлықтар үшін бақыт – «Мың жылдық өлімнен бір күн өмір артық» дегеннен ләззат алу. Олар еңбекқор болғандықтан, олардың ойынша, бақыт еңбек арқылы, еңбекке қабілеттілік пен күштарлық арқылы жүзеге асады: *身在福中不知福* (Shēn zài fú zhōng bùzhī fú) – денсаулығы мықты адам өзінің бақытты екенін білмейді; *树怕剥皮, 人怕伤心* (Shù pà bāo pí, rén pà shāng xīn) – Ағаш жыртылған қабықтан қорқады, адам жаралы жүректен (яғни бақытсыздықтан, сәтсіздіктерден) қорқады); *勤苦勤苦, 自有幸福* (Qínkǔ qínkǔ, zì yǒu xìngfú) – еңбек түбі зейнет).

Екінші жағынан, еңбек әрқашан бақытқа жете бермейді. Адамгершілік – «мейірімді жан жақсылыққа жетелейді» деген маңызды қасиет. Адамның жаратылысынан жақсы деген ой айтылады. Мысалы, *不善始者不善终* (Bùshàn shǐ zhě bù shànzhōng) – Басы жаман басталса, соңы жаман бітеді (не ексең соны орасың); *好人死了, 但他们的事务并没有消失* (Hǎorén sǐ le, dàn tāmen de shìwù bìng méiyǒu xiāoshī) – Жақсы адамдар өледі, бірақ істері өшпейді (адамның жасаған жақсылығы ел жадында қалады) [142].

Үлкенді сыйлау, отбасылық қарым-қатынастың қадір-қасиеті мақал-мәтелдер арқылы көрініс бермеуі мүмкін емес. Отбасы тақырыбы да кең тараған тақырыптардың бірі. Отбасы – бұл әркім бір-біріне құрметпен, қамқорлықпен қарайтын қауым: 家和万事兴 (Jiā hé wànshì xīng) – тату отбасыда бәрі жақсы болады; 家和日子旺 (Jiā hé rìzi wàng) – үй де, өмір де берекелі; 家和水也甜 (Jiā hé shuǐ yě tián) – отбасы мен су тәтті; 家庭和, 喜事多 (Jiā tíng hé, xǐshì duō) – үйде береке болса, қуанышты оқиғалар көп болады; 和睦的家庭是快乐的, 兴旺的畜群是健壮的 (Hémù de jiāting shì kuàilè de, xīngwàng de chù qún shì jiànzhùàng de) – Ынтымағы жарасқан шаңырақ – берекелі – бұл жерде отбасының беріктігі оның бірлігінде, отбасы неғұрлым берік, тату болса, соғұрлым табысқа жетеді деген ой айтылған [142].

«Нағыз достық – таза су». Келесі тақырып – достық тақырыбы. Қытай халқы адамдар арасындағы достыққа ерекше мән береді. Достар адал болып, кез келген уақытта көмекке келуі керек. Көптеген мақал-мәтелдерде дос пайда табу үшін емес, қиыншылықта көмектесу керек деген ойды білдіреді. Достық туралы көптеген қытай мақал-мәтелдері қазақ тіліндегі мақал-мәтел мағынасына өте ұқсас, бұл осы тақырыптың кең таралғанын және бұл ұғымның адамдар үшін құндылығын көрсетеді: 有福同享, 有难同当 (Yǒufú tóng xiǎng, yǒu nán tóng dāng) – бақыт пен қиыншылықты бірге бөлісу; (қуанышта да, қайғыда да бірге болыңдар); 在家靠父母, 出门靠朋友 (Zàijiā kào fùmǔ, chūmén kào péngyǒu) үйде ата атаңа сүйенесің, далада досыңа сүйенесің. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерден достық ең таза қарым-қатынас екені айтылады, досқа әрқашан адал болу керектігі насихатталады. Мысалы, Дос егіз, дұшпан сегіз; Достық астан танылмас, істен танылар; Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас [52].

Ең үлкен тақырыптық топ – еңбек, іскерлік туралы мақал-мәтелдер тобы. Мақал-мәтелдер еңбекке арналғанымен, мағыналары әртүрлі. Кейбір мақал-мәтелдерде істі соңына дейін жеткізу маңызды делінеді. Мысалы, 勤奋孕育了主人 (Qínfēn yùnyùle zhǔrén) – Тынымсыз еңбек шебер жасайды; 每粒米都有一滴汗 (Měi lì mǐ dōu yǒu yīdī hàn) – Әрбір күріш дәнінде бір тамшы тер бар; 不断掉落会磨损一块石头 (Bùduàn diào luò huì móshān yī kuài shítou) – Шыдамдылық бәрін жеңеді; 流多少汗吃多少饭 (Liú duōshǎo hàn chī duōshǎo fàn) – Тойып жегіңіз келсе - терлегенше жұмыс жасаңыз; 只要功夫深, 铁杵磨成针 (Zhǐyào gōngfū shēn, tiě chǔ mó chéng zhēn) – оқу инемен құдық қазғандай; егер сіз жеткілікті түрде еңбек етсеңіз, тіпті темір шыбықтарды иненің өлшеміне дейін ұсақтай аласыз; 吃得苦中苦, 方为人上人 (Chī dé kǔ zhōng kǔ, fāng wéi rén shàng rén) – еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей (еш қиналмай, тоғаннан балықты да шығара алмайсың). Бір істі бастамас бұрын мұқият ойлану керек, асықпау керек: 三思而后行, 三思而後行 (Sānsī ér hòu xíng, sānsī ér hòu xíng) – жеті рет өлшен, бір рет кес (үш рет ойланыңыз, содан кейін жасаңыз)); Сондай-ақ жұмыс істеуге құлықсыздықты жеңу

маңызды, тек бастау керек, бәрі өз қалауы бойынша болады: 千里之行,始于足下 (Qiānlǐ zhī xíng, shǐ yú zúxià) – Мың ли саяхат бір қадамнан басталады.

Келесі топтағы мақал-мәтел білім, оқу, ұстаз, даналық туралы айтылады.

Бұл тақырыпта екі халықтың мақал-мәтелдерінде білімнің маңыздылығы мен қажеттілігі туралы айтылады. Мысалы, 鸟美在“羽毛”,人美在“学问” (Niǎo měi zài “yǔmáo”, rén měi zài “xuéwèn”) – сыртқы келбет болғаны дұрыс, бірақ ең бастысы ішкі сұлулық. (аттың төрт тұяғы мыңдаған шақырымға жүгіретіндей, адамдардың қос қолы жетістіктерге жетіп, гажайыптар жасай алады); 读书百遍, 而义自见 (Dúshū bǎi biàn, ér yì zì jiàn) – кітапты жүз рет оқыңыз, мағынасы өздігінен түсінікті болады); 读书破万卷, 下笔如有神 (Dúshū pò wàn juǎn, xiàbǐ rú yǒu shén) – Көп оқу еркін жазуды тудырады); 刀不磨要生锈, 人不学要落后 (Dāo bù mó yào shēng xiù, rén bù xué yào luòhòu) – Пышақ қайрамаса тот басады, білім алмаса адам артта қалады); 少壮不努力, 老大徒伤悲 (Shǎozhuàng bù nǔlì, lǎodà tú shāng bēi) – жас кезіңнен оқымасаң, қартайғанда өкінесің (жастайынан оқыған кәрілікте аштықты білмейді). Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер: Оқу түбі тоқу; Оқу – білім бұлағы; Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы. Адамның ақыл-ойы ешқашан бағаланбайды: 老姜辣味大, 老人经验多 (Lǎojiāng là wèi dà, lǎorén jīngyàn duō) – Ескі зімбірдің күшті ащы дәмі бар, ал қарттардың тәжірибесі мол. Әлі жас, бірақ жасынан асқан дана жігіт туралы мынандай мақал-мәтел қолданылады: 光阴贵似金, 读书趁年轻 (Guāngyīn guì sì jīn, dúshū chèn niánqīng) – Уақыт алтынмен тең, жас кезіңде оқы. Қазақ тілінде: Дананың ақылы – дария, халықтың ақылы – мұхит. Сондай-ақ, мақал-мәтелдерде үйренуге ешқашан кеш емес, білмегеннен емес, істегіңіз келмейтін нәрседен ұялу керек деген ой көрінеді. Мысалы, 不向前走, 不知路远 (Bù xiàng qián zǒu, bùzhī lù yuǎn) – Алға жылжымасаң, қашықтықты білмейсің; 不努力学习, 不明白真理 (Bù nǔlì xuéxí, bù míngbái zhēnlǐ) – Жақсы оқымасаң, шындықты түсінбейсің [49].

Мұғалім рөлі адам өмірінде жоғары орын иеленеді. Бұл ретте көп нәрсе адамның өзіне байланысты деген ой айтылады. Мысалы, қытай тіліндегі 师傅领进门, 修行在个人 (Shīfu lǐng jìnmén, xiūxíng zài gèrén) – Ұстаздар тек есік ашады, сен өзің жүр) деген мақалы қазақ тіліндегі Ұстаз көрген оқ жанар, үлгі көрген тон пішеді мақалына ұқсас келеді. Екі халықтың мәдениетінде ұстаз тұлғасы маңызды орын иеленеді. Ежелден ұстазға үлкен құрметпен қараған, тіпті қастерлеген.

Теріс мағынада қолданылатын мақал-мәтелдер де бар. «Жоқ» сөзімен тіркесіп келіп сын мағынасында жұмсалатын мақал-мәтелдердің кейбірі адамға қатысты, кейбірі басқа түрлі құбылыстарға қатысты айтылады [152]. Мысалы, Қатардан ассаң да, халықтан аспақ жоқ; Күйесіз қазан жоқ, қайғысыз адам жоқ.

Мақал-мәтелдердің келесі тобын адам, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы мақал-мәтелдер құрайды. Өртүрлі халықтардың мәдениетінде адам туралы айтқанда белгілі бір мұратты, адам қандай болуы керек, адамдар арасындағы қарым-қатынас жайлы айтылады. Мақал-мәтелдер ауызекі ауыз әдебиетінің шағын жанры ретінде қолданылады. Жақсылық, халықтың түсінігінде адамгершілік қасиеттерге (мейірімділік, батылдық, адалдық, т.б.) ие болған адам. Ал егер адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы айтатын болсақ, онда ең алдымен сыйластық қатынасы маңызды. Мысалы, 宁得罪十个君子, 不得罪一个小人 (*Níng dézùì shí gè jūnzǐ, bù dézùì yí gè xiǎo rén*) – Мен бір жауыздан гөрі он мырзаны ренжіткенім артық); 人善人欺天不欺, 人恶人怕天不怕 (*Rén shàn rén qī tiān bù qī, rén è rén pà tiān bù pà*) – зұлымдық қашан да орнын табады (мейірімді адамды басқалар қорлауы мүмкін, бірақ мейірімділік сауапқа ие); 善恶到头终有报, 只争来早与来迟 (*Shàn è dàotóu zhōng yǒu bào, zhǐ zhēng lái zǎo yǔ lái chí*) – жақсылық пен жамандықтың ақырында жазасы болады) [12].

Келесі топта тату-тәтті қарым-қатынасқа бағытталған мақал-мәтелдерді қарастырамыз. Мысалы, *Жасық адам жасына жетпей қартайар, асыл адам жасына жетпей марқаяр; Тырнақ пен тістің етіндей, татулықта түйткүл жоқ; Тату болсаң балдай бол, ащы болсаң тұздай бол; Тату болсаң досыңмен, берерсің төтеп дұшпанға* [103] деген тату-тәтті қарым-қатынастың қажеттігі және адамдар бір-бірімен әрқашан жарты жолда кездесетіндігі туралы ой айтылады.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдер басқалардың өміріне әсер ететін адамның жеке қасиеттері туралы айтады. «Адамның басты парызының бірі – көктен алған ақыл-ойдың сол нұрлы бастауын бар күшімен жарқырату» деген ой.

Сөз, сөйлеу – өмірдің ажырамас бөліктері. Адамға қарым-қатынас керек, ол ақпарат алу керек. «Сөйлеу қызметінің нәтижесі белсенді субъектінің жетістігіне қарай адамдардың түрлі қызметі арқылы жинақталған ұжымдық білімі ретінде қарастырылады» [153]. Осы мақсатта сөйлеу қызметі іске қосылады. Әдетте, тіл, сөйлеу, сөз (жалпы) мақал-мәтелдерде маңызы. Егер адам сөйлеуді білмесе, ол өзін тұлға ретінде сезіне алмайды. «Тіл – көсем» деген ой жиі айтылады *Ана тілің алтыс тілге татиды; Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт*. Бірақ, сонымен бірге, тілдің күштілігі сонша, ол адамды құртуға дейін барады: *Бір тәуекел бұзады, мың қайғының қаласын. Бір жақсы сөз бітірер, мың көңілдің жарасын* [19]. Ұғымдардың маңыздылығына байланысты оларға ерекше мән беріледі.

Екі елдің мақал-мәтелдеріндегі ұқсастығы: адам айтқан сөзді қайтара алмайсың. Сондықтан, бірнәрсе айтпас бұрын, әңгімелесушіні ренжітпеуі үшін, сізді дұрыс түсіну үшін айтатын сөздеріңді алдын ала ойластыру керек. *一言既出, 四马难追* (*Yī yán jì chū, sì mǎ nán zhuī*) – Сөз торғай емес: ұшады, ұстай алмайсың). Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің бір тақырыбы сөздердің қате

аудармасы мен түсінбеуінен кейін не болатынын тікелей сипаттайды. Өңгімелесу жақсылыққа апармайды делінеді. Өңгімешіл адам өзіне ғана емес, қоғамға, мемлекетке зиянын тигізеді. Адам көп сөйлеп, оған деген ықыласы, сөзіне деген ықыласы жойылса, көп айтудың қажеті жоқ, көбінесе бұл сөздер де ұнамсыз, алдамшы болып шығады. Мысалы, *相信谎言的人, 不免要死在谎言里* (*Xi āngxìn huǎngyán de rén, bùmiǎn yào sǐ zài huǎngyán lǐ*) – *Өмірікке сенетіндер сөзсіз өмірікпен өледі = Өмірік өрге баспайды;*; *宁可认错, 不可说谎* (*Nìngkě rèn cuò, bùkě shuō huǎng*) – *Мен өмірік айтқаннан гөрі қателігімді мойындағанды жөн көремін = Өмірік сөз жанға қас, өткір пышақ қанға қас.*

Қытай және қазақ мәдениетінде тағдыр түсінігі ерекше орын алады. Бұл тақырып бойынша ұсынылған мақал-мәтелдердің ішінде аз (1 // 4) болса да, тақырып мақал-мәтелдерде көрініс береді. Мысалы, *有缘千里来相会* (*Yǒuyuán qīānlǐ lái xiāng huì*) – *бірінен-бірі алыс жүргендер де тағдырдың жазуымен кездеседі = Кемедегі хан болды, біз нөкер болдық. Тағдыр солай болды, біз су төгер болдық* [19].

Жүректе ұмтылыс болса, тасты тесерсің = Қалауын тапса, қар жанады дейді мақсатты адам туралы қытай және қазақ мақал-мәтелдерінде. Мақсат – адамның өз арманына жетуге ұмтылатын бағдары. Мақсатқа жету үшін аянбай еңбек ету керек, ең болмағанда адамның қалауы болу керек. Қытай тіліндегі нұсқада: егер сіз талантты болсаңыз, бірақ қазір бір нәрсеге қол жеткізе алмасаңыз, сіз арманыңызға, мақсатыңызға біртіндеп келесіз, өйткені сізде бұл арманға жетуге мүмкіндік бар.

Теориялық бөлімде қазақ және қытай халқының дүниетанымындағы моральдық құндылықтар ерекше рөл атқаратыны айтылды. Атап айтқанда, Қытай мәдениетіндегі ізгілік ұғымы бірнеше адамгершілік құндылықтарды қамтиды. Бұл ақиқат, абырой, жақсылық. Дәл осындай құндылықтар қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде де кездеседі. Қазақ және қытай мақал-мәтелдеріндегі негізгі сөз «шындық» болып табылады. Оның үстіне мақал-мәтелдердің барлығы дерлік антитеза негізінде құрылған: ақиқат/жалған. Ал бірінші сөз – ақиқат адам өмірінде маңызды. Шындық адамды суреттейді, ал өтірік жаман салдарға әкеледі. Адам шындықпен өмір сүруі керек деген идея барлық жерде қолданылады. Мысалы, *Тәтті өтіріктен ащы шындық артық;* *当着真人, 别说假话* (*Dāngzhe zhēnrén, bié shuō jiǎ huà*) – *Шынайы адамдардың көзінше өтірік айтпа;* *假舌不会吐真言* (*Jiǎ shé bù huì tǔ zhēnyán*) – *Жалған тіл шындықты айта алмайды*). Ақиқаттың құдіреті даусыз *亲身下河知深浅, 亲口尝梨知酸甜* (*Тереңдігін білу үшін өзенге түс, ал тәтті мен қышқылды білу үшін алмұрттың дәмін тат*). Ал ең бастысы адам қанша жерден біреуді алдауға, бір нәрсені жасыруға тырысса да, өтірік ашылады, шындық жеңеді. Бұл ой келесі мақал-мәтелдерде айтылады: *«Ақиқат апанға тықсаң да, жасырылмас = 耳听为虚, 眼见为实* (*Ēr tīng wéi xū, yǎnjiàn wéi shí*) *көз көргені шындық (өз көзіңмен көр, көргеніңе сен)*»).

Жақсылық пен жамандық туралы мақал-мәтелдер саны аз. Бірақ бұл да бір-біріне қарама-қарсы екі ұғым: адамды көріктендіруші, оған және айналасындағыларға көмектесетін ізгілік қасиет және апатты салдарға әкелетін жаман қасиет. Жақсы істер өмірдің негізі болуы керек. *Өмір игі істерге беріледі* деген қазақ мақалы адам өмірінің мақсатын анық көрсетеді. Егер адам жақсылық жасаса, оған жақсылық қайтады. Жамандық адамға тек зиянын тигізеді, бұл туралы қытай мақалында айтылады *人无千日好花无百日红* (*Rén wú qiān rì hǎo huā wú bǎi rì hóng*) – *гүл жүз күн гүлдемейді (жақсылық мәңгілік емес)*).

Ешқандай топқа жатқызылмаған мақал-мәтелдердің үлкен саны бар. Бұл жерде бірнеше себептер бар: мақал-мәтелдердің мағынасын анықтаудың қиындығы, тақырыптағы жалғыз мақал-мәтелдер, бірнеше тақырыптық топтарға жатқызуға болатын мақал-мәтелдер.

Мысалы, келесі мақал-мәтелдердің мағынасын анықтау қиын:

道高一尺, 魔高一丈 (*dào gāo yī chǐ, mó gāo yī zhàng*) – *Даостық монах жоғары, бірақ жын одан да жоғары*); *锄一恶, 长十善* (*chú yī è, zhǎng shí shàn*) – *Бір жамандықты жойсаң, он қасиет көбейеді*); *男僧寺对着女僧寺— 没事也有事* (*Nán sēng sì duìzhe nǚ sēng sì — méishì yě yǒu shì*) – *Әйелдер ғибадатханасына қарама-қарсы ерлер ғибадатханасы - ештеңе болмаса да, күдікті*); *当智者指向月亮, 愚者才看他的手指* (*Dāng zhìzhě zhǐxiàng yuèliàng, yúzhě cái kàn tā de shǒuzhǐ*) – *Ақылды адам айды көрсеткенде, ақымақ саусағына қарайды* [19].

Арнайы тақырыбы бар дара мақал-мәтелдер топтамасына тоқталайық: *吉人自有天相* (*Цзи халқының өз аспаны бар*); *热爱上帝, 定能幸福* (*Құдайды сүйіңіз, сіз бақытты боласыз (иман күші туралы)*); *双鸟在林不如一鸟在手* (*Аспандағы тырнадан гөрі қолдағы титмаус жақсы (көзбен көрген жақсы)*); *受寒者有衣, 饿者有饼* (*тоңған адам киімді ойлайды, аш адам нанды ойлайды (әркім жоқ нәрсеге ұмтылады)*); *世界上的财富在犹太人的口袋里, 世界上的智慧在中国人的脑袋里* (*Қытайлар ақылды, еврейлер бай*); *人心齐, 泰山移* (*егер адамдар біріксе, Тайшань иауын да жылжытады (жұмыла көтерген жүк жеңіл)*); *世上无难事, 只怕有心人* (*Мүмкін емес болып көрінетін тапсырмаларды орындау үшін көп еңбектену керек (қажырлы еңбек)*); *十年风水轮流转* (*Сәттілік он жылдан кейін өзгереді (өмірде ешнәрсе мәңгілік емес)*); *想要成功就要学会放弃* (*Табысқа жетуді қаласаңыз, бас тартуды үйрену керек*) [19].

